

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

А. Е. Біжкенова, Г. К. Кенжетаева

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ІЛІМДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ӘДІСНАМАСЫ

Оқу құралы

**Нұр-Сұлтан
2022**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі
баспаға ұсынды (27.01.2022, №10 хаттамасы)*

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің Республикалық оқу-методикалық кеңесі баспаға
ұсынды (15.03.2022, №3 хаттамасы)*

Рецензенттер:

Ш.М. Мажитаева, ф.ғ.д., профессор, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті

Р.Б. Шақаман, ф.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық
университеті

А. Е. Біжкенова, Г. К. Кенжетаева

Лингвистикалық ілімдердің қазіргі әдіснамасы. Оқу құралы.

– Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 190 б.

Оқу құралы лингвистикалық зерттеулермен айналасатын мамандарға және білім алушыларға арналған. Оқу құралы жаңа тіл біліміндегі зерттеу бағыттары мен жолдары, жаңа технологиялар туралы ақпарат береді. Сонымен қатар, оқулық мазмұны тиімді тақыраптарға бөлінген және олар сұрақтармен камтылған. Оқырмандар кітапта берілген бақылау тесттері арқылы өздерінің білімдерін тексере алады.

© А. Е. Біжкенова, Г. К. Кенжетаева

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Глоссарий	6
Дәріс 1. Қазіргі лингвистика әдіснамасының жалпы мәселелері	15
Дәріс 2 Тіл білімінің бөлімдері мен бағыттары	21
Дәріс 3 Ғылыми зерттеудегі әдіс ұғымы және зерттеудің әдістері	29
Дәріс 4 . Қазіргі тіл білімінің іздеу бағыты және даму жолдары	43
Дәріс 5 Лингвистикадағы структурализм және құрылымдық-семантикалық талдау әдістері	49
Дәріс 6 Когнитивті лингвистика және когнитивті талдау әдістері	57
Дәріс 7 Мәтін және оның лингвистикасы. Мәтіндік лингвистиканы зерттеу әдістері	70
Дәріс 8 Дискурс теориясы. Дискурстың лингвистикалық теорияларының түрлері. Дискурсты зерттеу әдістері	80
Дәріс 9 Коммуникативтік лингвистика және оны зерттеу әдістері	91
Дәріс 10 Функционалдық лингвистика және оның әдістемесі	101
Дәріс 11 Лингвистикалық прагматика. Лингвистикалық прагматика әдістері	115
Дәріс 12 Лингвомәдениеттану және этнолингвистика. Талдау әдістері	126
Дәріс 13 Лингвистикалық гендерология және оны зерттеу	138
Дәріс 14 Компьютерлік лингвистика. Зерттеу әдістемесі	144
Дәріс 15 Лингвосаясаттану. Саяси дискурсты зерттеу	149
Семинар сабақтарының үлгі тақырыптары	156
Семинар сабақтарына арналған практикалық тапсырмалар	169
Өздік жұмысқа арналған әдістемелік ұсынымдар	173
Емтихан сұрақтары	175
Бақылау сұрақтары	176
Бақылау тестілері	178
Қосымша	188

Алғы сөз

Лингвистикалық ғылымдар әдіснамасы мәселелері филологиялық бағыттағы магистранттар мен докторанттарды даярлаудың білім беру бағдарламаларының мазмұнында елеулі орын алады. Болашақ зерттеушілердің дүниетанымы, қазіргі лингвистикалық ғылымның теориялық ережелерін түсіну, тарихи, салыстырмалы лингвистика әдістерімен параллельдер жүргізу үшін қажетті білім кешені де білім алушылар үшін өте маңызды. Оқу құралында әдіснамалық мәселелерге қатысты өзекті тақырыптар жинақталып ұсынылған, сондай-ақ лингвистикалық ғылымдағы зерттеулердің даму үрдістері мен жаңа үрдістеріне баса назар аударылған. Шетелдік жетекші ғалымдардың классикалық еңбектерімен қатар қазақстандық лингвисттер мен тіл білімі теоретиктерінің ғылыми еңбектері негізге алынған.

Аталмыш оқу құралының негізгі мақсаты – ұлттық білім беру шеңберінің 7 және 8-деңгейлерінде білім алушыларда қазіргі зерттеулерде бар алғышарттарды талдау және түсіндіру бойынша ғылыми тәсілдер саласында негізгі дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру және лингвистикалық проблемаға өзінің ғылыми көзқарасын тұжырымдауға бағыт-бағдар беру.

Оқу құралы материалды ұсынудың қатаң логикалық жүйесіне негізделіп құрастырылған. Құрал глоссарийден басталады, оның ішінде ғылыми аппарат, мазмұны түсіндірілген негізгі терминология берілген. Одан соң талқыланатын тақырыптар ұсынылған. Құралда семестрдегі академиялық сабақ жоспарына сәйкес 15 тақырып берілген. Әр тақырып басым ережелермен және лингвистикалық тұжырымдамалардың қабылданған анықтамаларымен дәріс тезистерін ұсынудан басталады. Дәрістен кейін олардың мазмұны бойынша білім алушылар материалды түсінуі және бекітуі үшін сұрақтар құрастырылған, өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар ұсынылған. Өздік жұмысқа нақты зерттеу тақырыбы аясында қазақстандық лингвистиканың жай-күйін зерттеуге мүмкіндік беретін тапсырмалар енгізілген. Мұндай тапсырмалар білім алушыларда сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми түсіндіру және шығармаларды аннотациялау дағдыларын дамытады. Әр тақырыптың соңында қарастырылған мәселе бойынша әдебиеттер тізімі ұсынылған.

Оқу құралында теориялық ережелерді қолдана отырып практикалық тапсырмалар, сондай-ақ өзіндік жұмысты дайындауға арналған әдістемелік ұсыныстар және өткен тақырыптар бойынша

сынақ тестілері бар. Құралдың соңында ұсынылған тест тапсырмаларының шешімдері берілген.

Оқу құралының сапасын жақсарту үшін пайдаланушылардың барлық ұсыныстарына қуаныштымыз!

А.Е. Бижкенова, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, шетел филологиясы кафедрасының
меңгерушісі

14 желтоқсан 2021 жыл,
Нұр-Сұлтан қ.

Глоссарий

Адекваттық (лат. *adaequatus* – теңестірілген) – сәйкестік, теңдік, эквиваленттілік.

Адъективтену – зат есімдерді анықтау мақсатында етістіктен сын есім немесе есімше жасау. Мысалы: Кітап қызықты болды. → Қызық кітап. (салыстырыңыз: ағылш. *This book is interesting* → *The interesting book*).

Адьюнкция (лат. *adjunctio* – қосу) – сөйлем құрылымын қосымша элементтермен толықтыру. Мысалы: Ермек сабақта болды. Ермек сабақта болды ма? Ағылш. *You know this. Do you know this?*

Аксиома – бұл ғылыми теорияның бастапқы позициясы, ол логикалық дәлелсіз шындық ретінде қабылданады және теорияның басқа ережелерінің дәлелі болып табылады.

Актант – етістік қоршауындағы семантикалық элементтер. Олар етістікпен берілген әрекетте міндетті түрде қатысады. Актанттар саны валенттілікті анықтайды. Мысалы, *ішу* етістігі. Бала су ішіп жатыр. Бұл етістік екі валентті.

Алгоритм – белгілі бір қойылған міндеттерді шешуге әкелетін, қатаң түрдегі ережелерге сай жүргізілетін бірізді әрекеттер тізбегінің жиынтығы.

Алломорф – морфеманың нақты манифестациясының бір түрі, нұсқасы, альтернаты (орыс. друг-, друз-, друж-.).

Аллофон – фонема нұсқасы, альтернат. Фонеманың нақты манифестациясының бір түрі.

Архетип – ата тілдің теориялық тұрғыдан белгіленген бастапқы түрі (фонема, морфема, сөз).

Ата тіл – **негіз тіл** – тілдің реконструкцияға келетін абстракт тілінің моделі, тұтасып бір семья құрайтын барлық туыс тілдердің ойға қонымды шығу көзі.

Әдіс – қойылған ғылыми мақсатқа жетудің жоспары, нақты міндетті шешу тәсілі. Әр ғылымның тек өзіне тән зерттеу әдістері болады. Әдіс әдіснамаға тәуелді болады, соған бағынады. Өйткені әдіснама зерттеудің жалпы ұстанымдарын белгілейді. қандай да бір мақсатқа қол жеткізу,

Әдістер жалпы және жеке, Жалпы ғылыми және белгілі бір ғылымның әдістеріне бөлінеді.

Әдіснама – жалпы ғылыми әдіс немесе жеке ғылымдардың әдістері туралы ғылым. Әдіснама зерттеудің жалпы ғылымдық бағыт-

бағдарын көрсетеді. **Жалпы** немесе **философиялық әдіснама** – адамның қоршаған ортаны танудағы жалпы ережелерінің жиынтығы, ол тірі және өлі табиғаттың ортақ заңдарына негізделген. Бұл әдіснама зерттеушіні табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарымен қаруландырып, оны өз зерттеу проблемасын анықтап түсінуге көмектеседі.

Әдістеме – қандай да бір жұмысты орынды жүргізудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы, сондай-ақ осы жүйе туралы ілім.

Бақылау – зерттеудің ең Ақпараттық пассивті эксперименттік әдісі.

Буын – фонациялық ауаның кілт үзілуінің, не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке дыбыс, не дыбыстар тобы.

Валенттілік – сөздің басқа сөз тұлғаларымен байланыса алу потенциясы, басқаша айтқанда оның грамматикалық және лексикалық семантикасын ашатын, нақтылайтын басқа бірнеше сөз тұлғаларын иемдене алу қабілеті.

Валидтілік – (лат. *validus* күшті, мықты; фр. *validite* жарамдылығы)

1) салмағы, негізділігі; 2) шындық, заңдылық; заңды күшке ие болу.

Верификация – тексеру; тексеру, растау тәсілі, дәлелдемелердің, қандай да бір теориялық ережелердің, алгоритмдердің, бағдарламалар мен рәсімдердің көмегімен оларды тәжірибелік (эталондық немесе эмпирикалық) деректермен, алгоритмдермен және бағдарламалармен салыстыру арқылы тексеру.

Генетикалық тепе-теңдік – туыс тілдердегі фонемалар, морфемалардың жиі сәйкес келуі. Бірақ та жазуда толық сәйкес келмейді.

Грамматика – сөз түрлендіру формалары, сөз құрамы, сөз тіркесі мен сөйлем түрлері туралы ілімді қамтитын тіл білімінің саласы.

Граммема – ұйымдастыру, байланыстыру қызметін атқаратын тілдің ең жоғарғы бірлігі. Олар неше түрлі жалғаулықтар, шылаулар, көмекші сөздер, толып жатқан сөздердің сөйлемде тіркесу формалары.

Гипотеза – мүмкін Ғылыми білімнің моделі.

Ғылымдағы пән (зерттеу пәні) – қандай да бір нақты жағдайда зерттелетін зерттеу объектісінің аспектісі. Мысалы: антропология, психология, әлеуметтану (және басқа да көптеген ғылымдар) Жалпы

зерттеу объектісіне ие (адам), бірақ олардың зерттеу тақырыбымен ерекшеленеді.

Дедукция – ақыл-ой операцияларының бірі – жалпыдан жекеге, жалпы пайымдаудан жеке тұжырымдарға қорытынды жасау.

Диалингвалдық қатынастар – айырмашылығы бар екі тілдер жүйесіндегі қатынастар.

Диаморфизм – (гр. *dia* – әр түрлі + *morpe* – форма, түр) зерттеліп отырған екі тілдің корреспонденттеліп отырған элементтері арасындағы айырмашылықтар («изоморфизм» сөзіне антоним болып табылады).

Дивергенция – өзгеріс кезінде бір тұтас нәрсенің (фонеманың) екі түрлі дербес элементтерге бөлінуі. Мысалы, неміс тіліндегі Kraft-Kräfte сөзінде умлауттың нәтижесінде /ä/ екі өз бетінше фонемаларға /a/ және /e/ бөлінді.

Дискурс (фр. Discours – логикалық байланыста айтылған сөз, сөйлем) – индивидтің экстралингвистикалық факторларды (жағдаят, әңгімелесушінің мінезі, кинесика және фонация) есепке ала айтылған ауызша мәлімдемесі.

Дистрибуция – берілген сөздер класындағы барлық элемент қоршауының жиынтығы немесе аталмыш элементтің сөйлем ішінде кездесетін барлық лексика-грамматикалық қоршаудағы жиынтығы.

Дистрибутивтік талдау: мәтіндегі жеке бірліктердің ортасын (дистрибуциясын, таралуын) зерттеуге негізделген тілді зерттеу әдісі. Қазіргі Лингвистикада тілдік бірліктердің үйлесімділік сипаттамаларын анықтау үшін семантикалық зерттеулерде қолданылады.

Екпін – сөз ішінде бір буынның күшті айтылуы.

Жалпы ғылыми әдістер – талдау, синтез, бақылау, эксперимент.

Жалпы әдістер – теориялық көзқарастардың, әдістердің, тілді зерттеу әдістерінің жалпыланған жиынтығы. «Әдіс-теория» бірлігі. Әрбір жалпы әдіс салыстырмалы тарихи әдіс сияқты маңызды болып көрінетін тілдің жағын баса көрсетеді.

Жеке әдістер – белгілі бір теориялық қондырғыларға, техникалық құралдарға, зерттеу құралдарына негізделген әдістер, операциялар жиынтығы.

Жүйе – өзара шарттас, өзара байланысты, біртектес элементтердің бірлігі. Ол рет-ретімен орналасып, ұйымдасқан біртұтас құбылыс.

Жүйелік тәсіл – объектілерді жүйе ретінде зерттеуге негізделген ғылыми таным мен әлеуметтік практика әдіснамасының бағыты.

Идеографиялық әдіс – (гр. *idios*-ерекше, *grapho*-жазамын) синхронияда бір тілдің қасиеттерін зерттеуге арналған.

Идиоэтникалық – «идиос» – ерекше, белгілі бір этностың, мәдениеттің этникалық ерекшеліктерін құрайтын заттар, салт-дәстүрлер.

Изоморфизм (гр. *isos* – бірдей, ұқсас, тәрізді) салыстырылып отырған тілдердегі корреспонденттеліп отырған элементтердің ұқсасатығы. Бұл элементтер табиғатына қарай *изофон* (ұқсас дыбыстар), *изоглос* (мағынасына қарай ұқсаса сөздер: қаз. зайып, әйел, жар = орыс. жена = ағыл. wife = нем. Weib) және *изотаксема* (ұқсас синтаксистік конструкция: орыс. я читаю книгу – ағыл. I read a book) болып бөлінеді.

Индукция – ойлау операциясы – жеке объектілерден, құбылыстардан жалпы қорытындыға, жеке фактілерден жалпылауға қорытынды жасау.

Интенция – айтушының әлдебір коммуникативтік мәнді мағынаны айту пиғылы мен қажеттілігі, мақсаты.

Интеракт – коммуниканттар арасындағы вербалды және вербалды емес құралдарды қолданып өзара қарымқатынасқа түсуі.

Информант – сөйлеу үрдісіндегі әр түрлі мәліметтерді алу үшін тәжірибеге шақырылған сыналұшы. Әдетте бұл адам аталмыш тілді ана тілі ретінде қолданатын адам.

Когезия – деректер, уақиғалар және әрекеттердің өзара тәуелділігін қамтамасыз ететін мәтіндегі сөйлемдердің мағыналары арасындағы байланыс.

Коммуникация (лат. *communicare* - байланысу) екі немесе одан да көп индивидтердің арасындағы вербалды немесе вербалды емес қатынастарды қолдана отырып мәлімет алмасуға немесе беруге негізделген байланыс.

Компонентті талдау – мағынаны минималды семантикалық компоненттерге бөлуге бағытталған тілдің маңызды бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеу әдісі. Ол алғаш рет лексикалық материалды зерттеуде әртүрлі тілдердегі лексикалық бірліктердің тар шеңберін (туыстық терминдер) сипаттау әдісі ретінде қолданылды.

Конвергенция – екі фонеманың бір фонемаға бірігуі. Мысалы, ертедегі неміс тіліндегі *min* өздік есімдігі /i/ дыбысының /ae/ дифтонгіне өзгеруінің нәтижесінде *mein* есімдігіне айналды.

Конструкция – тіл сызықтығында орналасқан кез-келген бірліктер тобы. Ол сөйлем, сөз тіркесі, композита (күрделі сөз) немесе туынды сөз (кітап/кітап-ша) болуы мүмкін.

Корреспонденция (лат. *correspondero* – жауап беру, сәйкес келу) – тек қана айтылуы бойынша (нан – жейтін зат, nun – монашка) немесе тек қана мағынасы бойынша сәйкес келу (қаз.нан – bread – ағылшынша нан деген сөз.) немесе айтылуы да, мағынасы да сәйкес келу (қаз. лаборант – орыс. лаборант).

Критерий – оның негізінде бір нәрсені бағалау, анықтау немесе жіктеу жүргізілетін белгі; бағалау өлшемі.

Қостілділік – жеке адам немесе адам-топ қатынасында 2 тілдің кезек қолданылуы.

Көптілділік – жеке адам немесе адам-топ қатынасында бірнеше тілдің кезек қолданылуы.

Құрылым – тіл бірліктері мен деңгейлері арасындағы қатынас. Бұл қатынастың 2 түрі бар: парадигматикалық қатынас және синтагматикалық қатынас.

Лакуна – зерттеліп отырған тілдерде лексикалық корреспонденциялардың (сәйкестіктердің) жоқ болуы.

Лексема – атаулы немесе номинативті қызмет атқаратын, орта деңгейдегі тілдің екі жақты бірлігі. Лексеманың айтылуы фонеманың біртұтастығын құрайды, ал мазмұны заттың мағынасымен сәйкес келеді және әлем шындығын бейнелейді.

Лексикология – тілдің сөздік құрамын зерттеумен айналысатын тіл білімінің бөлімі.

Мәтінмәндік талдау – тіл бірлігінің мәні қажетті және жеткілікті мәтін фрагментінің көмегімен анықталады.

Модель – кең мағынада – кез-келген кескін, аналог (ақыл-ой немесе шартты: сурет, сипаттама, схема, сурет, график, жоспар, карта және т.б.) кез-келген объект, процесс немесе құбылыс (осы модельдің түпнұсқасы); модель-негізгі объект туралы жаңа ақпарат беретін танымдық мақсатта таңдалған немесе өзгертілген көмекші объект.

Мотив – (мотивация – себеп-салдар) тілдік белгінің атауына негіз болған құбылыс.

Номинализация – орталық конструкцияның етістігінен зат есім жасау. Мыс.: Ит үріп жатыр → Иттің үрісі.

Номинация – ақиқат әлеміндегі заттарға олардың қасиеттері мен құбылыстарына, олардың мотивациялық белгілері негізінде ат беру, атауыш қызметін атқаратын тіл бірліктері. Номинацияның екі түрі бар: алғашқы номинация; екінші номинация.

Номографиялық әдіс (гр. *nomos*-заң, *grapho*-жазамын) әлем тілдеріндегі жалпылықты, универсалияларды зерттеуге арналған әдіс, яғни бұл әдіс бір тіл шекарасынан шығып бірнеше тілдерді зерттейді.

Нысан – бұл субъектіге оның пәндік-практикалық және танымдық іс-әрекетінде қарсы болатын нәрсе. Нысан объективті шындықпен бірдей емес, бірақ оның субъектімен өзара әрекеттесетін бөлігі ретінде әрекет етеді.

Өлшеу – ғылыми зерттеудің эмпирикалық әдісі. Өлшеудің жалпы анықтамасы: «өлшеу – бұл шаманы салыстыру стандарты ретінде қабылданған белгілі бір мәнмен салыстырудан тұратын танымдық процесс».

Парадигма – ғылыми білімді ұйымдастырудың бір түрі - екі мағынада әрекет етеді: тарихтан мысал ретінде, оның ішінде негіздеу, салыстыру үшін алынған белгілі бір ғылымның тарихы; және зерттеу мәселелерін шешудің үлгісі ретінде қабылданған проблемаларды қоюдың тұжырымдамасы, теориясы немесе моделі ретінде.

Парадигматикалық қатынас (парадигматика) – тіл жүйесіне тән типологиялық қатынас. Сөйлеу үрдісінен тыс семантикалық ортақ белгілері бар сөздер, адам жадында ассоциацияланып, топ құрады. Олардың өзара қатынасы мүмкіндігінше әр түрлі болады. Мұндай қатынастарды *ассоциациялық қатынастар* немесе *парадигматикалық қатынастар* деп атайды.

Паралингвистика (гр. *para* –жанында, маңында) – хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Пермутация (лат. *permutare* - өзгерту) – сөйлем ішіндегі элементтердің орнын ауыстыру.

Мысалы: Ермек сабақта болды. → Сабақта Ермек болды. Егер де сөйлемнің мағынасы өзгерсе пермутация мүмкін емес. Мыс. Мысық тышқанды жеді. ≠ тышқан мысықты жеді.

Прагматика (гр. *pragma*-қимыл) – коммуниканттардың бір-біріне және сөйлеу немесе сөз мазмұнына (ауызша немесе жазбаша) олардың коммуникативтік ниетін есепке алғандағы қатынасы.

Пресуппозиция – сөйлеушінің әңгімелесуші адамның жалпы білімін сөйлеу кезіндегі көз қарасы мен психикалық жағдайын бағалау. Сөйлем мағынасының шын мәніндегі нағыз компоненті, оның көмегімен сөйлем семантикалық жағынан қалыпты, контекст бойынша дұрыс, орынды деп танылады.

Пропозиция – бір сөз тіркесінің немесе сөйлемнің, немесе бірнеше сөз тіркестері мен сөйлемдердің негізінде жатқан ортақ мағына; сөйлемнен туындайтын конструкцияларға ортақ семантикалық инвариант. Мысалы: әжем жіп иіріп отыр, әжемнің иірген жібі т. с.с.

Проспекция – жазба дерек сөздерде сақталған ең ежелгі сөздермен салыстыру.

Реалия сөздер – белгілі әлеуметтік қоғамдастықтың, мәдениеттің этникалық ерекшеліктерін құрайтын заттар, салт-дәстүрлер (тарихи атаулар, қайраткерлер, мерекелер және т.б.), басқа тілде сөйлейтін адамдардың іс тәжірибесінде жоқ заттарды ұғымдарды білдіретін сөздер немесе айтылыстар.

Реконструкция (лат. *re* – жаңарту, жаңғырту, *constructio* – құру) – салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі тәсілдер, Р. тілдік құбылыстар мен формаларды қайта жаңғырту арқылы тіл дамуының бұрынғы кезеңдеріне тән әртүрлі деңгейдегі жүйелік қатынастарды қарастырады.

Ретроспекция – тілдің қазіргі жағдайынан ертедегі жағдайына дейін өзгеруін зерттеумен айналысады.

Референт – ішкітілдік шындық объектісі ретінде айтушының сөйлеу үзіндісін айтуы.

Салыстыру әдісі – салыстырылған тілдерде жалпы және ерекше нәрсені анықтау үшін қолданылатын әдістер мен талдау әдістерінің жүйесі.

Салыстырмалы әдіс Лингвистикада эксперименттік және теориялық білімде кеңінен қолданылады. Салыстырудың көмегімен бір (интралингвистикалық зерттеулер) немесе әртүрлі тілдердің ұқсас құбылыстарының жалпы және ерекше белгілері (тіларалық салыстыру) белгіленеді.

Салыстырмалы тарихи әдіс-туыстық тілдердің құрылымын зерттеуде қолданылатын зерттеу әдістерінің жүйесі. Салыстыру кезінде жүреді жылғы билеушілері тілдерді тілді басқа да ұқсас топтар.

Бұл әдістің маңызды әдістері:

- салыстырмалы маңызды бірліктер мен дыбыстардың генетикалық сәйкестігін анықтау және қарыз алу мен субстрат фактілерін ажырату;
- ежелгі форманы қайта құру;
- абсолютті және салыстырмалы хронологияны құру.

Санат – бұл әлемдегі заттардың, құбылыстардың ең жалпы және маңызды қасиеттерін, белгілерін, байланыстары мен қатынастарын көрсететін өте кең ұғым

Жіктеу-жіктелетін объектілер белгілерінің ортақтығы негізінде объектілердің барлық жиынтығын (зерттеу немесе байқау) қиылыспайтын сыныптарға бөлу процесі және нәтижесі

Сандық әдістер – тіл мен сөйлеуді зерттеуде есептеулер мен өлшеулерді қолдану. Мысалы, тілдік бірліктердің жиілігін анықтау, семантикалық қасиеттердің жиілік корреляциясын анықтау және т. б.

Сипаттамалық әдіс – тіл құбылыстарын синхронды талдау үшін қолданылатын зерттеу әдістерінің жүйесі. Тілді сипаттамалық зерттеу әдісі, бір жағынан, тілді құрылымдық және әлеуметтік тұтас ретінде қамтиды, екінші жағынан, зерттеудің нақты тақырыбына бағытталған.

Таксономия – жіктеу мен жүйелеудің принциптері мен практикасы туралы ілім.

Тарихи-салыстырмалы әдіс – бұл жеке тілдің тарихи дамуын зерттеуде, оның ішкі және сыртқы заңдылықтарын анықтауда қолданылатын әдістер мен талдау тәсілдерінің жүйесі. Әдістің принципі – Тарихи сәйкестікті орнату және тілдің формалары мен дыбыстарының айырмашылығы. Ең маңызды әдістер: ішкі Қайта Құру және хронология, диалектография, мәдени және тарихи түсіндіру әдістері, сонымен қатар текстология техникасы.

Тезаурус – 1) тіл сөздерін мәтінде қолдану мысалдары бар мүмкіндігінше толық ұсынылған сөздік (бұл тек өлі тілдер үшін ғана мүмкін).

2) лексика, онда білімнің кез-келген саласына қатысты сөздер тақырыптық принцип бойынша орналасады және лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынастарды (рулық, синонимдік және т.б.) көрсетеді. Ақпараттық-іздістіру тезаурустарында мәтіннің лексикалық бірліктері дескрипторлармен ауыстырылады.

Тікелей құрау әдісі (Конституциялық талдау): бір-біріне салынған элементтердің иерархиясы түрінде сөздің сөзжасамдық құрылымын және сөзжасамның немесе сөйлемнің синтаксистік құрылымын ұсыну әдісі.

Түпнұсқа – объектіге бейнелеудің жеткіліктілік деңгейі мен дәрежесі барабарлықтың үш негізгі көрсеткіші бойынша бағаланады:

1) кез келген бейненің, білімнің дұрыстығы (ал теориялық білім үшін-оның дәлелділігі);

2) дәлдігі мен толықтығы;

3) түпнұсқаның – объектінің көріну тереңдігі немесе маңыздылығы.

Тұжырымдама – жалпы және ерекше белгілерді – объектілер мен құбылыстардың қасиеттерін бекіту арқылы объектілерді, құбылыстар мен олардың арасындағы байланыстарды жалпыланған және абстракцияланған түрде көрсететін ой.

Трансформациялық әдіс – күрделі синтаксистік құрылымдарды қарапайым түрлену (түрлендіру) ережелерінің көмегімен қарапайымнан шығаруға негізделген сөйлемнің синтаксистік құрылымын ұсыну әдісі.

Эксперимент – зерттеудің эмпирикалық әдісі, әдіс-бұл құбылыстар мен процестер қатаң бақыланатын және басқарылатын жағдайларда зерттелетіндігінде болатын әрекет.

Лингвистикалық және психолингвистикалық эксперименттерді ажыратыңыз. Лингвистикалық эксперимент-зерттеуші теориялық модель негізінде жасаған тілдік өрнектің дұрыстығын/қабылдануын тексеру. Психолингвистикалық эксперимент-ана тілінің тілдік интуициясына жүгіну, ал нәтижелердің субъективтілігі көптеген пәндермен өтеледі.

Дәріс 1. Қазіргі лингвистика әдіснамасының жалпы мәселелері

Мақсаты: Білім алушыларды лингвистикалық ғылымның жай-күйімен және оны зерттеудегі жаңа үрдістермен таныстыру

Жоспар:

1. Тілдің жүйелік қасиеті туралы түсінік
2. Лингвистиканың қазіргі ғылымдағы рөлі мен орны

Тіл білімінің ғылым ретіндегі зерттеу нысаны тіл екенін әрбір адам жақсы біледі. Тіл – қоғамда өмір сүретін адамдардың бір бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Тіл арқылы адамдар өздерінің ойын білдіреді, тіл арқылы ойлайды. Тіл – күрделі психикалық, жүйелік-құрылымдық құбылыс, адам дүниетанымының әрекетінің нәтижесі.

Тіл білімі немесе *лингвистика* (грек *linqua* – тіл) – әлем тілдерінің құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және олардың жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Тілдің дыбыстық жүйесі тіл білімінің фонетика саласында, сөздік құрамы лексикология саласында, грамматикалық құрылысы грамматика саласында қарастырылады. Осы аталған салалардан басқа тіл білімінде лексикография, стилистика, фразеология сияқты салалар бар. Тілдің әр түрлі жақтары: дыбыс жүйесі, сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өйткені тіл білімі олардың әр түрлі қырларын, салаларын, дамуын, өзара байланысын, тілдің дамуының ішкі заңдылықтарын зерттейді.

Тіл белгілі бір жүйе жиынтығын құрайтыны сөзсіз. Тіл жүйесі туралы ілім неміс ғалымы В. фон Гумбольдтың есімімен тығыз байланысты. В. фон Гумбольдтың бұл идеясын әрі қарай дамытушы швейцар ғалымы Фердинанд де Соссюр болды. Фердинанд де Соссюр тілдің жүйелілігі туралы: «Тілдің барлық элементтері бірігіп біртұтас жүйе құрайды. Тілдік таңбалар – сол жүйенің құранды элементтері. Жүйе элементтерін бір-біріне қарсы қойып қарау арқылы айқындауға болады. Сол арқылы тілдік таңбалардың мәні мен маңызы, рөлі танылады. Тілдік таңбалар, яғни жүйе элементтері өзара байланыста және шартты қатынаста болады» – деп қорытынды жасайды [1, 147 б.].

Тілдің жүйелік қасиеті оны меңгере білуге және қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Тілдің жүйелік сипаты оның барлық салаларынан көрінеді. Мысалы, қазақ тілі фонетикасында дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, еріндік және езулік, ашық

және қысаң болып бөлінуі тілде белгілі бір жүйе бар екенін көрсетеді. Осы сияқты мысалдарды тіл білімінің лексикалық, грамматикалық, синтаксистік салаларынан да келтіруге болады. Тілдің жүйелік қасиеті тілді меңгере білуге, оны қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Тілді жүйелі түрде қарастыру қазіргі лингвистикада жеке бағыт алды. Осының негізінде тіл білімінде жаңа лингвистикалық бағыттар мен концепциялар, әдіс-тәсілдер пайда болды.

Лингвистиканың қазіргі ғылымдағы рөлі мен орны

Әдіснамалық тұрғыдан лингвистика гуманитарлық ғылымдар арасында ерекше орын алады. Бұл туралы А.А. Потебня былай деп жазды: «Если языкознание стоит на высоте своего предмета, то по отношению ко всем гуманитарным наукам оно есть наука основная, рассматривающая элементарные условия явлений, составляющих предмет других наук этого круга» дей келе, тіл білімін барлық басқа гуманитарлық ғылымдар ішіндегі негізгі ғылым ретінде анықтайды [1905:643]. Бұл пікірді белгілі этнолог К. Леви-Строс та қолдайды: «Из всех общественных явлений, видимо, только язык может подвергаться истинно научному исследованию, объясняющему способ его формирования и предусматривающему некоторое направление его последующего развития» [1985:56]. Ғалым барлық әлеуметтік құбылыстардың ішінен тек тіл ғана шынайы ғылыми зерттеулерге жатады деген пікір білдіреді. Осылайша, ғалымдардың пікірінше, лингвистика жеке ғылым атағына ие бола алады.

Лингвистиканың қазіргі ғылымдағы рөлі мен орны туралы Э.А. Макаев: «Тіл білімінің қазіргі жағдайы – бұл іздеу және эксперимент кезеңі, лингвистикаға жақын және одан алыс қалған зерттеу әдістерін синтездеу кезеңі, ... әлеуметтік пәндердің ішіндегі ең нақтысы ретінде тіл білімін түсіну және белсенді құру кезеңі» – дейді [Макаев 1964:96]. Осы мәселе туралы тағы да бірнеше пікірлерді келтіре кетейік: «Қазіргі тіл біліміне тек дәстүрлі пән ретінде шектеліп қалу қиынға соғады» [Сепир 1965:237]. «Автономия және интеграция!» – міне, Р.Якобсон дәл атап өткендей, тіл білімі мен басқа ғылымдардың өзара байланысы болуы керек [1969:75-76]. «Ғылымның дербестігі басқа ғылымдармен ынтымақтастықтан бас тартуды, басқа ғылымдармен байланыста өзінің теориялық қызметін жүзеге асыруды білдірмейді». Алайда, ынтымақтастық өзін «осы ынтымақтастықтың барлық қатысушылары бір-біріне қол жетімді көмек көрсететін және

сонымен бірге өзара тиімді егемен ғылымдар ретінде әрекет еткен кезде ғана» ақтайды [Звегинцев 2001:113-114]. Ғылымдардың түйіскен жерінде ғана өте қызықты және түбегейлі жаңа нәтижелер алынатыны барлығымызға бұрыннан белгілі.

Қазіргі лингвистика бір мақсатты зерттеулердің тар шеңберімен шектеле алмайды. Тіл ғылымының антропология, мәдениет тарихы, әлеуметтану, психология, философия, логика, физика, биология, физиология және т.б. гуманитарлық және табиғи циклдердің ғылыми пәндерімен байланысы уақыт талабы және адам мен оның әлемін зерттейтін барлық әлеуметтік ғылымдардың жедел дамуы мен өзектілігі болып табылады. Күрделі шынайы әлем адам және оның тілі арқылы танылады.

Э.Д. Сүлейменова тіл ғылымының бүгінгі күнгі маңызды міндеттерді табысты шешудегі рөлі туралы: «обеспечивает успешное решение насущных задач и в известной мере прогресс, например, в областях, связанных с обработкой и хранением громадных массивов знаний, с эффективностью программного и информационного обеспечения» [7:36] дейді. Пәнаралық лингвистика адамзат қоғамының дамуы үшін маңызды құрал ретінде жұмыс істейді және оның ғылыми ізденісінің рөлі мен векторлық бағыттарын белгілеу одан әрі күшеюде.

Сонымен бірге саралау арқылы ғылымның дамуы бұрыннан бар пәндер ішінде жаңа тармақтардың өсуіне әкеледі. Мысалы, синтаксис аясында семантикалық синтаксис, коммуникативті немесе прагматикалық синтаксис, функционалды синтаксис пайда болды. Нысанның құрылымына егжей-тегжейлі енудің арқасында номинация теориясы пайда болды. Стилистика да дамып, тармақталып келеді, оған қазір функционалды лингвостилистика, әдеби стилистика, поэтика, декодтау стилі және мәтінді талдау теориясы кіреді.

Ғылымның қандай да бір саласының даму қарқыны практикалық міндеттермен айқындалады. Мәдениет пен ұлтаралық қарым-қатынастың дамуы, мысалы, лексикографиялық жұмыстарды күшейтуді, демек, лексикографияның теориясы мен практикасын қажет етеді.

Техникалық аударманың қажеттіліктерінің дамуын терминтанудың қарқынды дамуы және техникалық сөздіктердің құрылуы анықтайды. Тиісінше көркем және техникалық аударма теориясы да қарқын алуда. Әлемдегі саяси жағдайға байланысты

(ұлттық және аумақтық бөліну нәтижесінде) тілдердің аумақтық түрленуі бойынша зерттеулер де дамуда.

Көптеген зерттеушілер лингвистиканың жаңаша дамуын ғылыми білім парадигмаларының тұжырымдамаларымен және ғылыми революциямен байланыстыру керек деп санайды. Екі ұғымды да Томас Кун өзінің «Ғылыми революциялар құрылымы» атты монографиясында енгізді (АҚШ 1962 ж.). Парадигма деп Т. Кун белгілі бір уақыт ішінде ғылыми қоғамдастыққа проблемаларды қою және оларды шешу моделін беретін барлық танылған ғылыми жетістіктерді түсінді. Ю.С. Степанов парадигма деп белгілі бір философиялық ағыммен және өнердегі белгілі бір бағытпен байланысты тілге деген көзқарасты түсінеді (Степанов 1985). Грамматикада бұл термин ұзақ уақыт бойы «сөз өзгеру формаларының жүйесі» (септеу парадигмасы немесе жіктеу парадигмасы) мағынасында бекітілген. Бұл терминді жоғарыда көрсетілген кең мағынада қолдану оның «модель», «түр», «үлгі» сияқты сөздермен семантикалық байланыстарына негізделген.

Бүгінгі таңда лингвистиканың басты белгісі – оның көппарадигмалдылығы, өйткені негізгі бағыттың доминанты жоқ. Қазіргі уақытта лингвистиканың ғылыми парадигмасы көптеген атауларға ие: антропологиялық, постгенеративтік, әлеуметтік, лингвопсихологиялық, когнитивтік және т.б. Соңғы кезде лингвистиканың антропоцентризм бағытына қарай бейімделуі байқалуда. Алайда, біз қазіргі уақытта салыстырмалы түрдегі функционалды-жүйелілік парадигма басым деген ойдамыз.

Тілдік элементтердің функцияларын олардың мақсаты және рөлі ретінде түсіну және олар жұмыс істейтін, олардың ортасын құрайтын жүйеде функционалдық грамматикаға, қазіргі семасиологияға, прагмалингвистикаға, мәтін теориясына және басқа тіл ғылымдарына тән. Оның негізін Прага лингвистикалық мектебі, атап айтқанда Н.С. Трубецкой (1890 -1938) қалады (Трубецкой, 1987).

Бұл тәсіл тілдік элементтердің функцияларын олардың қарым-қатынас шарттары мен міндеттерімен өзара әрекеттесуінде зерттеуді қажет етеді, яғни, функция мен жүйенің диалектикасын қамтиды. Жүйелік және функционалды тәсілдер тілге деген бейімделу жүйесі ретіндегі көзқарасты біріктіреді және бірін бірі толықтырады,

Мұндай өзара әрекеттесу зерттеу объектісінің көлеміне қарамастан орын алатындығын ескеру маңызды. А. В. Бондарконың (Бондарко 1984) еңбектеріндегідей, компонент сема, ал орта –

қарастырылып отырған мағынаның өрістік құрамы және грамматикалық категориялардың олардың ортасымен өзара әрекеттесуін қарастыру үшін компоненттік талдау кезінде де әділ болып қала береді. Орта контекстологиялық талдаудағыдай синтагматикалық болуы мүмкін, мұнда өзекті сөз көркем мәтіндегі оның семантикалық ауытқуына байланысты контекстік көрсеткіштердің максимумымен салыстырылады. Тілдің бүкіл лексикалық жүйесіндегі немесе оның бір бөлігіндегі сөздің мәртебесін талдауда олар ассоциативті сипаттағы қатынастар, жадта біріктірілген бірліктердің парадигмасы және қарама-қарсы қатынастар туралы айтылады.

Жоғарыда айтылғандардан тіл білімінде көптеген әдіс-тәсілдер, бағыт-бағдарлар бар екенін көруге болады. Сондықтан алдағы дәрістерде тіл біліміндегі заманауи, жалпы қолданыстағы, тіл зерттеушілері арасында танылған әдіс-тәсілдер, жаңа үрдістер мен бағыттар туралы сөз болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Тілдің жүйелік қасиеті туралы не айта аласыз?
2. Лингвистикалық парадигма дегеніміз не?
3. Қазіргі тіл білімінің негізгі белгілері қандай?
4. Қазіргі лингвистикалық ғылымының жетекші теоретиктерін және олардың еңбектерін атаңыз.

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар

1. «Лингвистикалық ғылым – тарих және қазіргі заман» тақырыбы бойынша ғылыми реферат жасаңыз.
2. Қазақстандық лингвисттердің еңбектерін зерделеңіз. Қазақстан лингвистикасында қандай негізгі бағыттар дамып келе жатқанын анықтаңыз. Өкілдерін атаңыз.
3. Қазіргі уақыттағы шетелдік тіл білімін зерттеңіз. Лингвистикалық зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтаңыз. Өкілдері мен олардың еңбектерін атаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 254 с.
2. Потебня А.А. Из записок по теории словесности. – Харьков: изд-во М.В.Потебня. – 1905.

3. Леви-Строс, К. Структурная антропология / К.Леви-Строс. – М.: Наука, 1985. – 536 с.

4. Макаев Э.А. Современное состояние общего языкознания и соотношение сравнительной, сопоставительной и типологической грамматики // Теоретические проблемы современного советского языкознания. – М., – 1964. – С.96

5. Сепир Э. Положение лингвистики как науки // История языкознания XIX и XX вв. в очерках и извлечениях. Ч. 2, М., – 1965. – С. 232-240.

6. Jakobson R. Linguistics in its Relation to Other Sciences // Actes du X-e congres international des linguistes, vol. I. Bucarest, 1969, pp. 75-76.

7. Звегинцев В.А. Язык и лингвистическая теория, М.: Эдиториал УРСС. – 2001. – 248 с.

8. Сулейменова Э.Д. Введение // Казахстанская лингвистика на рубеже веков: docendo discimus. – Астана: Фолиант. – 2013. – С.36-70

9. Кун Т. Структура научных революций. – М. – 1977

10. Степанов Ю.С. Образ языка как образ века// Критика и семиотика. Вып. 17. – 2012. С. 34–47.

11. Трубецкой Н. С. Избранные труды по филологии. – М.: Прогресс, 1987. – 560 с.

12. Бондарко А. В. О грамматике функционально-семантических полей // Изв. АН СССР. Сер. Лит-ры и яз. 1984. Т. 43, – № 6. – С. 492-503.

13. Москальская О.И. Проблемы системного описания синтаксиса. М.: «Высшая школа». – 1981

14. Тураева З.Я. Лингвистика текста. Текст: структура и семантика. – Учеб. Пособие для студентов пед. Ин-тов по спец. № 2103 «Иностр. Яз.». – М.: Просвещение. – 1986. – 127 с.

15. Жаналина Л.К. Современная лингвистика: полипарадигмальность и тенденции развития // http://www.rusnauka.com/14_NPRT_2010/Philologia

16. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана. – 2003. – 184 с.

17. Сулейменова Э.Д. О казахстанской лингвистике: к десятилетию независимости Казахстана // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия 16. – Алматы, 2001. – С. 19-29.

18. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым, Халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, – 2018 жыл – 608 бет

Дәріс 2. Тіл білімінің бөлімдері мен бағыттары

Мақсаты: Тыңдаушыларды тіл білімінің бөлімдерімен және бағыттарымен таныстыру

Жоспар

1. Жалпы тіл білімі және жеке тіл білімі
2. Диахрониялық және синхрониялық тіл білімдері
3. Тіл білімінің бағыттары:
 - а) Ішкі лингвистика
 - ә) Сыртқы лингвистика

Жалпы тіл білімі және жеке тіл білімі

Зерттеу мақсатына қарай тіл білімі *жалпы* және *жеке* болып екіге бөлінеді. *Жалпы тіл білімі* адам баласының тілі, тілдің даму заңдылықтары, тіл элементтерінің өзара қатынасы, тілді зерттеудің әдіс-тәсілдері т.с.с. мәселелерді зерттеумен айналысады.

Жалпы тіл білімі жалпы тілдерге ортақ, универсалды мәселелерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Жалпы тіл білімі тілдің мәні мен қызметін, оның пайда болу заңдылықтары мен даму заңдарын айқындайды, тілді зерттеудің әдіс-тәсілдерін белгілейді, дүние жүзі тілдерінің шығу тегі мен туыстық дәрежесіне қарай оларға классификация жасайды, тілдің ғылымдар жүйесінде алатын орнын анықтайды.

Жеке тіл білімі нақты бір тілдің (мысалы: қазақ, орыс, ағылшын) немесе туыстас тілдердің (мысалы: башқұрт, ноғай тілдері) жүйесі мен құрылысын, оның даму заңдарын зерттейді. Жеке тіл білімі мен жалпы тіл білімінің зерттеу нысандары әртүрлі болғанмен, олардың арасында өзара байланыс бар. Жалпы тіл білімі көптеген тілдердің зерттеу нәтижелерін есепке алып, оларды жинақтап, жалпы теориялық қорытындылар мен топшылаулар жасайды. Жалпы тіл білімінің теориялық қорытындылары мен топшылаулары жеке тілдерді зерттеуге бағыт-бағдар береді. Жеке тіл білімі жалпы тіл білімінің теориялық қағидаларына сүйеніп, ол қағидаларды зерттеу жұмыстарына негіз етіп алады.

Диахрониялық және синхрониялық тіл білімдері

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, оның тарих бойында өзгеруі мен дамуын зерттейді. Тіл, тілдік құрылым уақыт өткен сайын дамып, жетіліп отырады. Сондықтан да, оны зерттегенде оған тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарау жеткіліксіз, сонымен қатар тілге оның шығу тегі, дамуы тұрғысынан да қарау қажет.

Тарихи тіл білімі тіл тарихы туралы ғылым. Зерттеу нысанасы – бүкіл тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістер. Тілді шығу тарихы мен тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімі *диахрониялық тіл білімі* деп аталады. Тілдегі құбылыстардың шығу тегін, тарихи өзгеруі мен дамуын білу оның қазіргі күйін, қыр-сырын жете танып білуге мүмкіндік береді.

Тілді белгілі бір дәуірдегі қалпы тұрғысынан зерттеп, сипаттама беретін тіл білімі *синхрониялық тіл білімі* деп аталады. Синхрония бойынша бір мезгілде қатар өмір сүруші құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады.

Тілді зерттегенде ондағы құбылыстарды диахрониялық тұрғыдан да, синхрониялық тұрғыдан да қарастыру қажет және ол өте маңызды болып табылады.

Ішкі лингвистика

Барлық заттар мен құбылыстарға тән субстанциялы және функционалды қасиеттер тілге де тән. Бұл қасиеттер тілді жүйелі құрылым ретінде қарастырып зерттеуге мүмкіндік береді. Енді осы қасиеттерге жеке-жеке тоқталайық.

Субстанциялы қасиет дегеніміз – заттар мен организмдердің және құбылыстардың оларға табиғатынан тән, туа біткен қасиеттері. (лат.*substanti* – «мән, маңыз»). Ол қасиеттер объектілердің ішкі жаратылысына тән, оның иманенттік қасиеті болып табылады және олар барлық басқа объектілерден сол ішкі қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Мысалы, адамның субстанциялы қасиеттері оның туа пайда болған ішкі құрылысымен (дене бітімімен, миының құрылысымен, нерв жүйесімен, қан айналу жүйесімен және зат алмасу үрдісімен) айқындалады.

Функционалды қасиет – (лат.*functio* – қатынас) объектінің сыртқы, жүре пайда болған және басқа объектілерге қатысты байқалатын қасиеттер. Ол қасиеттердің негізі объектінің ішкі құрылымында бұрыннан бар, даму үрдісі барысында көрініс тапқан қасиеттер.

Жоғарыда айтылған осы қасиеттерді негізге ала отырып, тіл туралы ғылымның екі негізгі бағытын анықтауға болады: тілдің субстанциялы қасиетін зерттейтін *ішкі лингвистика* және тілдің функционалды қасиетін зерттейтін *сыртқы лингвистика*.

Тіл білімінің «ішкі» және «сыртқы» деп бөлінуі Ф.де Соссюрдің тілді «іштен», тұйық жүйе ретінде, басқа қоғамдық құбылыстармен байланыссыз зерттеуге болады» деген ойынан шығады. Сонымен қатар ол тілдің басқа құбылыстармен «сыртқы байланыстарын» да зерттеуге болады деген. Тіл білімінің ішкі және сыртқы деп бөлінуі біршама шартты, ал тілдің ішкі құрылымын оның «сыртқы қатынастарын» қарастырмайынша толық зерттеу мүмкін еместігін есте ұстаған жөн.

Енді тіл біліміндегі осы екі бағытты жан-жақты қарастырып көрелік.

Ішкі лингвистика тілді оның субстанциялық қасиеттері негізінде, жүйелі құрылым ретінде зерттейді. Ішкі лингвистика – аты айтып тұрғандай, тілдің ішкі құрылымын, жүесін зерттейтін тіл білімінің бөлімі.

Жүйе дегеніміз – өзара шарттас, өзара байланысты, біртектес элементтердің бірлігі. Ол рет-ретімен орналасып, ұйымдасқан біртұтас құбылыс.

Тілдің жүйелі сипаты оның барлық деңгейлерінен – фонетикалық, лексикалық және грамматикалық деңгейлерінен көрінеді. Мысалы, белгілі бір тілдің фонетикасында «дауысты дыбыстар жүйесі», «дауыссыз дыбыстар жүйесі» деп аталуы тектен тек емес. Мысалы, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, еріндік және езулік т.с.с. топтасуы тілде дыбыстық жағынан жүйе бар екенін көрсетеді. «Ы» мен «і» дыбыстары айтылуына қарай «ы» – жуан, «і» – жіңішке ретінде танылса, бұл екі дыбыс еріннің қатысы жағынан біртектес, езулік болып табылады.

Біз тілді тіл туралы ғылымның бөлімдерін есепке алатын жүйелі құрылым ретінде қарастырдық. Ал енді тілді құрылым ретінде қарастырайық.

Құрылым дегеніміз тіл бірліктері мен деңгейлері арасындағы қатынас. Бұл қатынастың 2 түрі бар: парадигматикалық және синтагматикалық.

Парадигматикалық қатынас (парадигматика) – тіл жүйесіне тән типологиялық қатынасқа жатады. Сөйлеу үрдісінен тыс семантикалық

ортақ белгілері бар сөздер, адам жадында ассоциацияланып, топ құрады. Олардың өзара қатынасы мүмкіндігінше әр түрлі болады. Мұндай қатынастарды *ассоциациялық қатынастар* немесе *парадигматикалық қатынастар* деп атайды.

О.С.Ахманова парадигмаға төмендегідей анықтама береді: «Парадигма деп тілдік бірліктің тілдік жүйе элементі ретінде бір біріне сыбайлас, не қарсы келетін қасиеттерімен адам санасында жинақтаған, яғни тіл элементтерінің сол тілді пайдаланушы адамның санасында жинақталуын айтамыз». Яғни, парадигма тек сөздер аралығында ғана болмайды, тілдің барлық элементтері арасында болады [2].

Синтагматикалық қатынас (синтагматика) – сөз бірліктері арасындағы қатынасты айқындайтын ережелер мен заңдылықтар жиынтығы. Фонемалардың жиынтығын – фонотактиканы, лексема жиынтығын – фразеологияны, сөйлемдердегі сөздер жиынтығын – синтаксисті зерттейді.

Әр деңгей бірліктері арасындағы байланыстың осы екі түрінен басқа үшінші иерархиялық байланыс бар. Сонымен, тілдің субстанциялық қасиеті жүйелілік және құрылымдық осы үш деңгейде байқалады. Осы үш деңгей бірігіп тіл жүйесін құрайды. Ол элементтердің төменнен жоғарыға қарай орналасуына байланысты. Мысалы, фонологиялық деңгей бірліктері қосылып орта деңгей бірлігіне айналады. Мысалы: с+т+о+л=жиһаз атауы; ш+ә+й+н+е+к=ыдыс аяқ атауы. Ал лексема басқа лексемамен қосылып, грамматикалық жағынан өңделіп, фраза, немесе сөз орамын құрайды. Мысалы, жазу столы, электр шәйнегі т.с.с. Ал фразалардан, сөздерден сөйлем құралады, ол сөзге айналады.

Сонымен, тілдің негізгі субстанциялы қасиеті жүйелілік пен құрылымдылық. Олар жүйелі үш түрлі байланыста көрінеді: парадигматикалық, синтагматикалық және иерархиялық. Осы үш байланыс тілді сөйлеу құралы ретінде сипаттайды.

Сыртқы лингвистика

Сыртқы лингвистика тілдің функционалды қасиеттерін зерттейді. Бұл қасиеттер «тіл және тілдік емес объектілер» жүйесінде қарастырылады. Аталмыш «объектілер» адаммен, оның биологиялық құрылымымен, өмір сүру формаларымен тығыз байланысты. Сыртқы лингвистика – ішкі лингвистика мен адамтану пәндерінің шекарасында пайда болған пән. Тілдің жүйелі құрылымы ретінде ғылымның адам туралы әр түрлі бөлімдеріне қатысына байланысты

қазіргі тіл білімінде сыртқы лингвистиканың төмендегідей бөлімдері бар:

1) **Когнитивистік лингвистика** (лат. *cognescere* «танып білу, білу») «тіл – ойлау» қатынастарын, яғни адамның танымдық қызметінің нәтижесі мен үрдістері тіл мен сөйлеуде қалай көрінеді, ойлау категориялары тілдің идиоэтникалық категорияларымен қалай сәйкес келеді деген сұрақтарға жауап іздейді: ұғымның түрлері, концептер (сұлба (схема), сурет, фрейм және сценарий түрінде) және жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы; пікір, пайымдау және ұсыныстар. Танымдық лингвистика туралы айтқанда негізгі екі түрлі үрдіс есте болуы керек. Олар: біріншіден, белгілі бір этностың «әлемнің тілдік бейнесі» мен оның ерекшеліктері, екіншіден, қарым-қатынас кезіндегі менталдық үрдістер.

2) **Этнолингвистика** (грек. *ethnos* – ұлт) немесе лингвомәдениеттану «тіл-мәдениет» қатынастары жөніндегі ілім. Мәдениет дегенде біз белгілі бір ұлттың материалдық және рухани өміріндегі ерекшеліктерді түсінеміз. Мұндағы назар аударатын нәрсе ұлттық спецификалық лексика мен ұлттың материалдық (тамақ, киім, үй, шаруашылықты жүргізу) және рухани (дін, мәдениет, салт-дәстүр) қажеттілігін бейнелейтін фразеология. Сонымен этнолингвистиканы «халықтардың тұрмыстық және мәдени ерекшеліктерін, олардың қалыптасуы, орналасуы және тарихи-мәдени арақатынасын зерттейтін этнографиямен лингвистика арасындағы кешенді ғылым» деп анықтауымызға болады.

3) **Биолингвистика** (нейролингвистика) – «тіл – адам биологиясы» қатынастарын, яғни тіл жүйесінің мидың қабатына әсерін зерттейді. Болмыстың тілдік бейнесі, оның ішінде сөзді айырып білу, нерв жүйесінің шеткі аймақтарынан – көру, есту және мидың орталық зонасына (Брок зонасы) шейін жүзеге асады, ал сөздің пайда болуы, кері бағытта, орталықтан шеткі аймақтарға өтеді. Биолингвистикада фонологиялық, лексикалық және грамматикалық нормалардан ауытқуына байланысты, тілдің парадигматика және синтагматика ережелерін сақтамаудан пайда болатын сөздің (тілдің) кемшілігін (афазия) зерттеуден өте құнды мәліметтер алынады. Бұл ауытқулар мидың қандай да бір жарақаттан, немесе миға қан құйылудан пайда болады. Биолингвистикалық мәліметтер билингвизмді зерттеуде өте маңызды: афазиядан кейін ана тілінде сөйлеу қасиеті жоғалады, бірақ та шет тілінде сақталып қалады, немесе, екі тілдің элементтері мен ережелері сақталған екі тілде аралас сөйлеу пайда болады.

4) Психолінгвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы, «адам – тіл» қатынастарын (адамның зейінін, жігерін, ниетін т.б.) зерттейді, яғни сөйлеу үрдістерін зерттейтін ғылым. Ол сөйлеу үрдісін, оның мазмұны, коммуникативті рөлі, сөздің ойға қатысы тұрғысынан зерттейді. Осы бағыттың негізін салушы неміс ғалымы Г. Штейнталь (1823-1899) тілді жеке адаммен қатар, этнос психологиясының көрінісі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, тіл білімі адамның жеке психологиясын ғана емес, халық психологиясына да сүйенуі қажет.

Психолінгвистика психологиялық эксперимент арқылы сөйлеу қызметінің үлгісін жасап тексереді. Бірқатар практикалық мәселелердің теориялық мәнін түсіндіру үшін таза лингвистикалық тәсілдер жеткіліксіз. Ол үшін психолінгвистиканың тәсілдерін қолдану қажет. Психолінгвистика мынадай мәселелерді шешеді: шет тілдерін үйрену, логопедия мәселелері, ми қызметіне байланысты сөйлеудің бұзылуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеудің рөлі, авиация мен космостық психология, криминалистика мен машина аудармасы мәселелері және т.б. Психолінгвистика термині тіл білімінде 1954ж. бастап қолданылып келеді (АҚШ).

5) Әлеуметтік лингвистика (лат. *soci* (*et*) *os*) қоғам, фр. *Lingua* – язык) – «тіл – қоғам» қатынастары жөніндегі ілім. Әлеуметтік лингвистика тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының аралығында туып дамыған тіл білімінің саласы. Оның негізгі объектісі – тілдің функционалды қызметін зерттеу. Қоғам құрамы жағынан біртекті емес, ол әр жастағы, әр түрлі мамандық иелерінен, әр түрлі саяси топтағы адамдардан тұрады. Олар өз тобының ішінде қарым қатынасқа түсу үшін өздеріне тән тілді қолданады (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, жаргон, арго, кәсіби тіл т.с.с.). Әрбір нақты қоғамда оның әлеуметтік-экономикалық құрылымына байланысты тілдер бірнеше қызмет атқаруы мүмкін: ең аз мөлшерде (жанұядағы тіл) және ең көп мөлшерде (халықаралық қатынас тілі). Әлеуметтік лингвистиканың ең басты мақсаты – әлем тілдерінің функционалдық типологиясын беру (олардың қызметінің саны бойынша). Сонымен қатар әлеуметтік лингвистика мемлекеттің тіл саясаты мен тілдік жағдайын, қоғамдағы екі тілділік пен көптілділікті, аз ұлттар тіліне көзқарас, мемлекеттік тіл мен ресми тіл мәселелерін зерттейді.

6) Ареалды лингвистика (лат. *area* – аудан, кеңістік) – лингвистикалық география тәсілдері көмегімен тіл құбылыстарының

кеңістікте тарауын және тіларалық (диалектаралық) қарым-қатынастарды зерттейтін тіл білімінің бөлімі. «Тіл – территория» қатынастарын зерттейді. Ареалды лингвистиканың негізгі мақсаты – тіл ерекшеліктерінің жергілікті тарауы мен изоглосстардың түсіндірілуі (географиялық картадағы белгілі бір тілдің таралу аймағын көрсететін сызықтар). Соның нәтижесінде тілдер мен диалектілердің өзара байланыс аймақтары (ареалдар) айқындалады. Ареалды лингвистика термині 1925 ж. пайда болды. Оны лингвистикаға енгізген М.Бартоли болды. Ареалды лингвистика лингвистикалық география, диалектология пәндерімен тығыз байланысты. Ареалды лингвистиканың негізгі ұғымы – тілдік немесе диалектілік ареал, яғни бөлек тіл құбылыстарының өріс алу шекаралары мен олардың жиынтығы (мыс.: түркі, славян, үндіеуропалық ареал) болып табылады.

7) **Паралингвистика** (грек. *para* – қасындағы, маңындағы және лингвистика) хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен, паралингвистика – «тіл – тілдік» қатынастың вербалды емес белгілерін зерттейді. Паралингвистикалық тәсілдердің үш түрі бар.

Олар 1) кинетикалық, яғни, қимыл, поза, бет қимылы; 2) фонациялық, яғни дыбыстық (тембр, темп, дауыстау, кідіріс, әуен, диалектілік айтылу ерекшеліктері); 3) графикалық (әріптерді жазу – почерк, символдар және т.б.). Сөйлемдегі сөзге қатысты паралингвистика құралдары үш түрлі қызмет атқарады: қосымша хабар жеткізеді, сөз орнына қолданылады, сөзбен бірге қолданылады. Паралингвистика термині 1940ж. бастап қолданылады, оны тіл біліміне А. Хилл енгізген.

8) **Лингвосемиотика** Лингвосемиотиканың мақсаты – тілдің коммуникативті қызметін зерттеу, яғни айтушы өз ойын қалай білдіреді және ол ойларды тыңдаушыға түсінікті етіп қалай жеткізеді деген мәселелерге көңіл бөледі. Қазіргі лингвосемиотиканың негізі Ф.де Соссюрдың «Жалпы лингвистика курсы» еңбегінде қаланған. Ол тіл білімін семиотиканың бөлімінің бірі деп есептеген, кейін ол асыра сілтеу ретінде бағаланды. Дей тұрғанмен Соссюр қазіргі тіл білімінде тілді ерекше таңбалық жүйе ретінде қарастырудың жалпы қабылданылуына ықпал етті. Лингвосемиотиканың мәселелерімен Ч.Моррис, Ж.Пиаже, Р.Якобсон, Э.Бенвенист, Ю.С.Степанов сынды ғалымдар да айналысты.

9) Ксенолингвистика (ағылш. *xenolinguistics*; грек тілінен ξένος — бөгде, бөтен, және лат. *Lingua* – тіл) зиялы бөтен тіршілік иелерінің тілін зерттейтін гипотетикалық ғылым. Ксенолингвистика термині көпшілікке ертеден таныс болса да, енді-енді дамып келе жатқан тіл білімінің саласы. Гипотетикалық бөтен тілдер ғалымдардан басқа, ғылыми фантаст жазушыларды да қызықтырады. Олардың кейбіреулері кейіпкерлеріне ойдан шығарылған тілдер жасап, кейіпкерлерін сол тілде сөйлетеді.

10) Компьютерлік сот лингвистикасы. Сот лингвистикасы – құқық және сот салаларында қолданылатын тілге катысты лингвистиканың бір саласы. Ол авторлық құқық, құқықтық тілді интерпретациялау, тілдік құқық және оны сот залында қолдану, арыздарды талдау (мысалы, өз-өзіне қол жұмсау жазбаларын), тауар белгісін бұзу (McWNo?), спикерді анықтау (бомба қаупі туралы хабарды кім қалдырғаны туралы), мәтіндік аутентификация (мысалы, плагиат мәселесі), ерін арқылы оқудың заңдылығы және т.б. сияқты мәселелерді қарастырады.

Компьютерлік сот лингвистикасы деп – сот лингвистика мәселелері бойынша компьютерді қолдану саласын айтамыз.

Жоғарыда тоқталып кеткен сыртқы лингвистиканың бөлімдері бір қарағанда бір бірімен байланыссыз, жүйесіз көрінеді. Шындығында олай емес. Сыртқы лингвистиканың барлық салаларын бір бірімен байланыста екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа тілдің адаммен байланысын көрсететін бөлімдерін: биоллингвистика, танымдық лингвистика және психоллингвистиканы жатқызуға болады. Олардың бәрі тілдің қолданысын адамның ойлау категориясымен және психикасымен байланыстырады. Бұл топты **танымдық лингвистика** немесе **танымдық тіл білімі** деп атауға болады. Ал екінші топты экономикалық, саяси және мәдениетаралық қызығушылықтары ортақтығы негізінде байланысқан сыртқы лингвистиканың бөлімдері құрайды. Олар әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, паралингвистика және ареалды лингвистика. Бұл бөлімдерді жалпы атпен **экстралингвистика** деп атауға болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Тілдің субстанциялы қасиеті дегенді қалай түсінесіз?
2. Зерттеу мақсатына қарай тіл білімі нешеге бөлінеді.
3. Ішкі лингвистиканың зерттеу нысаны не?

4. Сыртқы лингвистика нені зерттейді?
5. Сыртқы лингвистиканың бөлімдерін атаңыз.
6. Диахрониялық және синхрониялық тіл білімдері туралы не айта аласыз.

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар

1. «Ішкі лингвистиканың зерттеу аясы» тақырыбына ғылыми реферат дайындаңыз.
2. «Сыртқы лингвистиканың бөлімдері» атты ғылыми баяндама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Соссер Ф.де. Курс общей лингвистики // Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – С. 401-402.
3. Карлинский А. Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана, 2003. – 184 с.
4. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым, Халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 608 бет

Дәріс 3. Ғылыми зерттеудегі әдіс ұғымы және зерттеудің әдістері

Мақсаты: зерттеудегі ғылыми әдіс пен оның түрлерінің маңыздылығын анықтау

Жоспар:

1. «Әдістеме-әдіс-әдіснама» түсініктері
2. Тіл білімі зерттеулерінің ұстанымдары
3. Тіл біліміндегі зерттеудің әдістері
4. Лингвистикадағы эмпирикалық зерттеу әдістері

Ғылым атағына үміткер адам танымының кез-келген саласында 1) зерттеудің нысаны 2) зерттеу пәні 3) мета тілімен қатар 4) белгілі бір зерттеудің әдістерін білуі керек. Шынайы ғылым ерекше теориялық зерттеу әдістері қалыптасып, жүйелі түрде қолданылған кезде ғана пайда болады

Кез келген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі – зерттеушінің ғылыми зерттеу әдіснамасын, зерттеудің әдіс-тәсілін дұрыс қолдана алуына байланысты. Ол туралы Маркс «зерттеу нәтижесі ғана емес, оған апаратын жол да дұрыс болуы керек. Шындықты зерттеудің өзі шындық болуы керек» деген [Маркс 1975:6].

Зерттеудің әдіс-тәсілдеріне тоқталмастан бұрын біз **әдіс, тәсіл, әдістеме, әдіснама** терминдерінің мағыналарын ажыратып, олардың айырмашылықтарына тоқталайық.

Әдіс – қойылған ғылыми мақсатқа жетудің жоспары. Әр ғылымның тек өзіне тән зерттеу әдістері болады. Әдіс әдіснамаға тәуелді болады, соған бағынады. Өйткені әдіснама зерттеудің жалпы ұстанымдарын белгілейді.

Тәсіл – зерттеушінің зерттеу материалын қарастырудағы нақты іс-әрекеті. Бұл соңғы мақсатқа жету үшін қолданған тәжірибелік амал.

Әдістеме – кез келген пәннен берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін ғылымның бір саласы.

Әдіснама – ол жалпы ғылыми әдіс немесе жеке ғылымдардың әдістері туралы ғылым. Әдіснама зерттеудің жалпы ғылымдық бағыт-бағдарын көрсетеді.

Әдіснама жоғарыда айтылғандай жалпы ғылыми әдіс немесе жеке ғылымдардың әдістері туралы ғылым.

Әдіснаманың екі түрі бар: жалпы (философиялық) және жеке (нақты ғылыми әдіснама).

Жалпы немесе философиялық әдіснама – зерттеудің жалпы бағытын, зерттеу объектісіне көзқарас принциптерін анықтайды, ол нәтижелерді дүниетанымдық бағалаудағы бастапқы нүкте болып табылады және адамның қоршаған ортаны танудағы жалпы ережелерінің жиынтығы, табиғаттың ортақ заңдарына негізделген. Бұл әдіснама зерттеушіні табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарымен қаруландырып, оны өз зерттеу проблемасын анықтап түсінуге көмектеседі. Алайда, нақты білім неғұрлым дәл, арнайы әдістерді қажет етеді, олардың саны мен ерекшелігі енді шындыққа жалпы философиялық көзқараспен емес, белгілі бір ғылымның объектісі мен оның тақырыбымен анықталады. Әдіснама ғылымы зерттеп енгізген жалпы ұстанымдарды кез келген ғылымда, оның ішінде тіл білімінде де қолдануға болады.

Жеке немесе нақты ғылыми әдіснама – объективті әлемнің белгілі бір саласын зерттеудегі әдіс-тәсілдердің жиынтығы (жалпы

ұстанымдардан бастап, нақты фактілермен жұмыс істеу тәсілдеріне шейін). Яғни, зерттеудің нақты бір саласындағы, біздің жағдайда, тіл біліміндегі әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

Жеке әдіснама – үш бөлімді тізбектен тұрады: ұстаным → әдіс → тәсіл. Олар лингвистикалық зерттеулердің ұстанымдары, лингвистиканың әдістері және тілді зерттеудің тәсілдері. Енді осы тізбектерді жеке-жеке қарастырайық.

Тіл білімі зерттеулерінің ұстанымдары

Тіл білімі зерттеулерінің ұстанымдары – бұл лингвистикалық теориялардың жетістіктерін ескере отырып тілді объективті әлемнің құбылысы ретінде танып білудің амалдары мен тәсілдері. Оның негізгілері мыналар:

1) Синхрониялық-диахрониялық ұстанымдар. Олар тілді қазіргі даму кезеңінде немесе тілдің тарихи дамуындағы өзгерістерді зерттеумен байланысты;

2) Интралингвистикалық-интерлингвистикалық ұстанымдар (гр.*intra* – ішкі, *inter* – аралық) жеке алынған бір тілді іштей, басқа тілдермен салыстырмай зерттеумен байланысты, немесе жалпы адам тілі заңдылықтарын зерттеумен байланысты;

3) Микролингвистикалық-макролингвистикалық ұстанымдар. Микролингвистиканың зерттеу негізіне сөйлем, одан шығатын оның бірліктері, оның тіркесім ережелері жатады. Ал макролингвистика – сөзжасамның барлық факторларының өзара әсерін тілдік қарым-қатынаспен байланыста қарастырады;

4) Семасиологиялық – ономасиологиялық (гр. *semasia* – таңбалау, *onoma* – ат) ұстанымдар. Семасиология – формадан ұғымға апарады. Мысалы: қоян, келесі мағынаға ие: ұзын құлағы бар жануар; қорқақ (мыс.: қоян сияқты). Ал ономасиологиялық тәсілде суреттеу ұғымнан формаға бағытталады. Мысалы: ұзын құлақты, кеміргіштер класына жататын үлпілдек жүні бар кішкене аң;

5) Логикалық-эксперименталды. Логикалық әдісте сөз құбылыстарын бақылау, оларға логика заңдылықтары бойынша (анализ – синтез – салыстыру) талдау жасау. Ал екінші жағдайда тілді, онымен байланысты құбылыстарды әртүрлі арнаулы таным құралдарын (тесттер, анкеталар) қолдана отырып зерттеу. Зерттеу барысында таңдап алынған ұстаным зерттеу әдісіне негіз болады.

Тіл біліміндегі зерттеудің әдістері

Әдіс – қойылған ғылыми мақсатқа жетудің жоспары. Ол жоспар зерттеушінің тілдік құбылыстарды зерттеудегі әрекеттерін үйлестіреді, бір жүйеге түсіреді. Кез келген жоспар қойылған мақсатқа жетуде бірнеше кезеңдерден, әрекеттердің бірізділігінен тұрады. Басқаша айтқанда әдіс – зерттеудің, танымның жалпы қағидаларына негізделген бірізді кезеңдердің жиынтығы. Кез келген зерттеу объектісі мен зерттеу әдісі арасында біржақты байланыс бар. Тілді зерттеуде жоғарыда айтылған тілдің барлық қасиеттерінің (субстанционалды, функционалды, прагматикалық) ерекшеліктерін есепке алған жөн.

Г. Селье ғылыми әдіс деп «...1) мәселені тану және нақты тұжырымдау 2) бақылау және мүмкіндігінше эксперимент арқылы деректерді жинау; 3) логикалық пайымдау арқылы түсініктерді тұжырымдау; 4) осы гипотезаларды тексеру» негізінде білім алу процесінде қолданылатын процедураларды түсінеді; [Селье 1987: 47-248].

Әдісті анықтаған кезде оны белгілі бір құрылымы бар жүйе ретінде қарастыру тиімді болып табылады. Әдіс жүйе ретінде а) әдіс теориясынан, б) мазмұны әдістің лингвистикалық негіздерімен айқындалатын ғылыми-зерттеу тәсілдерінің жиынтығынан, в) техникалық тәсілдер мен рәсімдер кешенінен тұрады [Жалпы тіл білімі 1973: 260].

Ғылымдардағы әдістер – бұл үлкен ғылыми жаңалықтардың нәтижесі. Бір зерттеу жұмысының тәжірибесінде қалыптасқан әдіс келесі жұмыста қолданылады.

«...Әдіс – ең бірінші, негізгі нәрсе. Зерттеудің маңыздылығы әдіске байланысты. Бәрі жақсы әдіске байланысты. Жақсы әдіспен өте талантты емес адамның өзі көп нәрсені жасай алады. Ал нашар әдіспен данышпанның өзі босқа жұмыс істейді және құнды, нақты деректерді ала алмайды» [Павлов 1952: 21].

Әдіс теориямен тікелей байланысты, өйткені теория әдісті әзірлеудің негізі болып табылады, ал әдіс теорияны байытады және дамытады. «Егер теория болмаса, онда философиялық талдау фактілер мен дәлелдер критерийлерінің маңыздылығынан айырылады» [Уайтхед 1990: 624].

Ғылыми әдіске қойылатын негізгі талаптардың бірі – эксперимент нәтижелерінің болжамдылығы, сонымен бірге ғылыми зерттеудің нәтижесін болжау мүмкін емес.

Әр ғылымның тек өзіне ғана тән арнаулы зерттеу жолы, амалы бар. Мысалы, тіл білімінде салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, сипаттамалы әдіс, салғастырмалы әдіс, статистикалық әдіс, құрылымдық әдіс т.с.с. әдістер бар.

Енді осы әдістердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Сипаттамалы әдіс

Сипаттамалы әдіс – тіл білімі әдістерінің ішіндегі ең кең тараған әдістердің бірі. Бұл әдіс зерттеліп отырған нысанның өткендегі тарихын ескермей, оның белгілі бір дәуірдегі қалпын немесе синхрондық күйін ғана сипаттайды. Осы әдіс бойынша жазылған еңбектер аталмыш әдістің атымен аталады. Мысалы, сипаттамалы фонетика, сипаттамалы грамматика т.с.с.

Сипаттамалы әдістің кемшілігі – бұл әдісте тіл тарихы мен басқа тілдердің тілдік материалдары зерттеуден тыс қалады.

Салыстырмалы әдіс

Лингвистикалық зерттеулердің алғашқы ғылыми әдістерінің бірі – *салыстырмалы-тарихи* әдіс болды. Ол әдістің негізін ХІХ ғасырдың басында Ф. Бопп, Р. Раск, Я. Гримм қалады. Бірақ та бұл зерттеулер атомарлы түрде, яғни жүйесіз түрде жүргізілді. Бұл танымдық зерттеулердің әдісі зерттеудің мақсат-міндеттерімен тығыз байланысты болады. Сондықтан танымның әдіс-тәсілдерін зерттеу мақсаттарынан тыс қарастыру мүмкін емес.

Жоғарыда айтылғандай тілдерді салыстыра зерттеу нәтижесінде тілдердегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды анықтауға болады. Салыстыру барысында кейбір дәл нәтижелерге келуге болады.

Біріншіден, салыстырғанда бір тектес заттарды салыстыруға болады. Ал тілдерде әр деңгейдегі бірліктерді, олардың әр тілдердегі қызметін, лексикалық, грамматикалық категорияларды, сөйлем модельдері және олардың сөйлемде қолдану тәсілдерін салыстыруға болады.

Екіншіден, әр тілдегі құбылыстардың ең маңызды және қажетті белгілерін, одан кейін барып қана қосалқы белгілерін зерттеу қажет. Салыстыру әдісінің негізгі **мақсаты** барлық тілдік деңгейлерге қатысты тілдік құрылымдардың айырмашылықтарын емес, оларға ортақ қасиеттерін табу. Басқаша айтсақ, тілдердің әмбебап қасиеттерін айқындау.

Салыстырмалы-тарихи әдістің мақсаты – туыс тілдердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету. Тілдерді

салыстыру арқылы олардың бір-біріне қаншалықты жақындығын, даму заңдылықтарын, өзгеруін, ататілге жақындығын т.с.с. айқындауға болады. Бұл әдіс тілдердің генетикалық туыстығына негізделеді.

Мысалы, қазақ тіліндегі *ауыз* сөзі қырғызша – *ооз*, татарша – *авыз*, өзбекше – *огиз*, т.с.с. Бұл сөздер мағына жағынан бірдей, ал дыбысталу жағынан айырмашылықтары бар. Соған қарамастан бұл сөздер ұқсас. Ұқсастықтар мен айырмашылықтар дыбыстардың алмасуларынан көрінеді. Мысалы, сөз басында *а-о* дыбысына өзгеруі, сөз ортасында *у-в* өзгеруі т.с.с. Бұл сияқты дыбыс алмасулар түркі тілдерінің даму заңдарына сай келеді.

Тарихи-салыстырмалы әдіс – бір тілдің тарихи қалыптасқан варианттарын салыстырады, яғни бір тілдің кейінгі кездегі тілдік фактілерін сол тілдің өткен кезеңдегі тілдік фактілерімен салыстырып, олардың даму заңдылықтары, өзгерістері анықталады, олардың қазіргі тілдегі фактілерден айырмашылықтары көрсетіледі. Бұл әдіс тілдің өзгеру және даму жолдарын, олардың заңдылықтарын, оған әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды айқындайды.

Осы әдісті қолдана отырып тіл тарихын, тілдің деңгейлерін (фонетика, грамматика, лексика) жеке-жеке зерттеуге болады. Осыған орай тіл білімінде тарихи фонетика, тарихи грамматика, тарихи синтаксис т.с.с. бөлімдер бар.

Салыстыру әдісінің негізгі кемшіліктері – біріншіден, әлем тілдеріндегі тек қана ұқсастықтарды табу, ал өте маңызды айырмашылықтар көбінесе назардан тыс қалады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс тілдердің қазіргі күйіне, олардың құрылымдық, жүйелік сипатын айқындауға жете мән бермейді.

Салғастырмалы (контрастивті) әдіс

Салғастырмалы әдіс салыстырмалы әдістің бір түрі. Соңғы кездері бұл әдіс салыстырмалы-салғастырмалы әдіс деп аталып жүр. Аталмыш әдістің негізгі **мақсаты** – әлемнің әр түрлі тілдеріндегі айырмашылықтарды, ерекшеліктерді зерттеу, ұқсастықтарын анықтау. Бұл әдіс туыс және туыс емес тілдерді (ана тілі мен шетел тілін) синхрониялық зерттеулерде қолданылады, салғастырылатын тілдердің тарихы мен шығу тегіне көңіл бөлінбейді. Тек қана екі тіл салғастырылатын контрастивті әдістің бұл түрін дәстүрлі неміс лингвистикасында конфронтативті әдіс деп атайды.

Салғастырмалы әдіс арқылы шетел тіліне үйретудің әдіснамалық негіздері және жалпы аударма мен машина арқылы аударудың теориялары зерттелініп, анықталады.

Салғастыру (контрастивті) әдісінің жетістіктері мен кемшіліктері

Соңғы жылдары ұлттық тіл білімінің дамуында туыс және туыс емес тілдерді салғастыра зерттеу қарқынды дамуда. Әсіресе, синхронды түрде құрылымы әр түрлі тілдердің грамматикалық, лексикалық фразеологиялық жүйесіне талдау жасап, олардың құрылыстарын зерттеуге көп көңіл бөлінуде.

Аталмыш әдіс арқылы кез-келген екі туыс немесе туыс емес тілдердің идиоэтникалық қасиеттеріне толық сипаттама беруге болады. Бұл туыс немесе туыс емес тілдерді салғастыруда, олардың қосымша мәселелерін шешуде өте маңызды. Бірақ көбінесе әр түрлі тілдердің ортақ, ұқсас қасиеттері мен құбылыстарын зерттеуге аса қатты назар аударылмағандықтан бұл әдістің маңыздылығы аздап төмендейді, өйткені тілді жүйелі түрде зерттеу екі тілдің ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтарын да зерттеуді қажет етеді. Бұл кемшіліктің орнын тілдерге типологиялық талдау жасау толықтырмақ.

Тілді зерттеу тәсілдері

Ғылымның дамуында зерттеу тәсілінің қандай рөл атқаратыны белгілі. Тәсіл – зерттеу объектісінің теориялық тиянақтылығы. Қолданған тәсіліне қарай зерттеу жұмысы нағыз ғылыми және мақсатты сипат алады. Зерттеудің әдістері мен тәсілдерін таңдау – зерттеу жұмысының тақырыбына, зерттеушінің алдына қойған мақсат-міндеттеріне байланысты болады.

Тәсіл – зерттеушінің зерттеу материалын қарастырудағы нақты іс-әрекеті. Бұл соңғы мақсатқа жету үшін қолданған тәжірибелік тәсіл. Зерттеуші ғалым өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін белгілі бір зерттеу әдісін, немесе әдістерін таңдап алады. Содан кейін қажетті материалды жинап алғаннан кейін оны сұрыптап, жүйеге келтірудің амал-тәсілдерін іздестіреді. Осындай зерттеудің амалдары мен жолдары зерттеудің тәсілі болып табылады. Тәсіл әдістен туындайды. Ол – зерттеушінің мақсатына жету үшін қолданған құралы. Тәсіл мен әдіс бір бірімен тығыз байланысты.

Сонымен, лингвистикалық әдіснаманың (ұстаным → әдіс → тәсіл) бөлімдері арасында белгілі бір байланыс бар: әдіс танымның жалпы ғылыми ұстанымдарынан келіп шығады және жұмыстың

тәжірибелік тәсілдерінің жиынтығында фактілер негізінде қарастыруда іске асады.

Ғылымда зерттеудің төмендегідей тәсілдері бар:

Бақылау тәсілі

Бақылау тәсілі – ғылымның кез келген саласында қолданылатын өте кең тараған тәсіл. Бақылай білмейінше қажетті деректерді, материалды дұрыс жинап, топтау мүмкін емес. Бақылау – қажетті материалды, деректі дұрыс танып, таңдай білудің жолы.

Есепке алу тәсілі

Есепке алу тәсілі бақылау тәсілімен қатар жүргізіледі. Мәселен, біз етістіктерді зерттемек болсақ, ең алдымен етістік дегеніміз не, оны қай ғалымдар зерттеді, оның сөз табы ретіндегі қызметі қандай, олардың басқа сөз таптарынан жасалу жолдары т.с.с. деректерді жинап, есепке аламыз, содан кейін барып талдап, саралап, қажетті қорытынды шығарамыз.

Салғастыру тәсілі

Салғастыру тәсілі бойынша жиналған материалдар бір-бірімен салғастырыла зерттеледі. Бұл тәсіл әсіресе тіл білімінде екі немесе одан да көп тілдерді салғастыра зерттегенде қолданылады. Соның нәтижесінде екі немесе одан да көп тілдердегі тілдік бірліктердің бір-бірінен ұқсастықтары мен айырмашылықтары, өзгешеліктері мен ерекшеліктері айқындалады. Осы арқылы жинақталған материал дұрыс сұрыпталып, сараланады.

Картотекалық тәсіл

Картотекалық тәсіл тіл біліміндегі лексикология, фразеология салаларын зерттегенде жиі қолданылатын тәсіл. Бұл тәсіл бойынша зерттеуге қажетті материалды (сөз, сөз тіркесі, сөйлем т.с.с), авторын, дереккөзді және басылымның бетін көрсетіп жеке карточка жазып алу ұсынылады. Карточканың төменгі оң жағында бұл мысалдар зерттеу жұмысының қай тарауында немесе бөлімінде қолданылатыны көрсетіледі. Карточканың көмегімен жинақталған материал топталынады, сараланады, бір жүйеге келтіріледі және есептелінеді. Нәтижесінде қанша бірлік (сөз, сөз тіркесі, сөйлем т.с.с) қай топқа жататыны, қанша топ бар екендігі, олардың бір-бірінен айырмашылығы, ұқсастығы, саны т.с.с. зерттеуге қажетті деректер анықталады. Бұл тәсіл кез келген зерттеу жұмысында өте қолайлы және зерттеу жұмысын жеңілдетіп, бір жүйеге түсіруге көмектеседі.

Тәсілдер оларды пайдалану мақсаттары бойынша ажыратылады және олар әртүрлі (формалары, таралған түрлері, нұсқалары).

Мақсаты бойынша тәсілдер төмендегідей ажыратылады:

- зерттеу тәсілдері,
- зерттеу нәтижелерін верификациялау тәсілдері,
- зерттеу нәтижелерін түсіндіру тәсілдері [Стернин 2008:24-25].

Мысалы қазіргі неміс ғалымдары Р.Альберт пен Н.Маркс [2:12] лингвистикадағы эмпирикалық зерттеулердің түрлерін анықтай отырып, келесі жіктеуді ұсынады:



Сандық эмпирикалық зерттеулер сандармен, теңдеулермен және математикалық формулалармен айналысады. Мұнда «орташа көрсеткіш» және «нормадан немесе стандарттан ауытқу» ұғымдары қолданылады. Эксперименттік зерттеулер зерттеуші бақылайтын бірқатар манипуляциялармен сипатталады. Эксперименттік емес зерттеулер қарапайым санауды қолданады, мысалы, пікіртерім қолданылады және «иә» және «жоқ» жауаптары есептеледі.

Зерттеудің сапалы түрінде де санау қолданылады (мысалы, ерлерге қатысты әйел кейіпкерлерінің саны немесе көңіл көтеретін

пейзаж бен көңіл түсіретін пейзаждар саны және т.б.), бірақ қызығушылық басқа адамдардың немесе автордың пікірін, сипаттамаларын, сезімдерін, ішкі портретін нақтылау аспектісінде жатыр. Зерттеудің бұл түрі көбінесе интроспективті болып табылады (бірнәрсенің ішіне үңілу).

Мақсат қоюға бағытталған лингвистикалық зерттеулердің белгілі әдістері дескриптивті, таксономиялық, лингвогенетикалық (диахрондық) және типологиялық әдістер болып саналады. Тілді әлеуметтік құбылыс ретінде зерттейтін социолингвистикалық әдісті бөліп көрсетуге болады. Әдістің сипаттамасы бастапқы ұғымдарды нақтылаудан басталуы керек. Мұндай ұғымдар: 1) база немесе негіз ұғымы, 2) мамандандыру ұғымы, 3) аспект ұғымы, 4) әдістеме ұғымы.

Әдістің базасы немесе негізі бір тіл немесе тілдер жиынтығы болуы мүмкін, сондықтан ғылыми зерттеудің біліктілігі интралингвистикалық немесе интерлингвистикалық болады. Жиынтықтар базалық тілдердің саны бойынша және оларды салыстырудың аралас белгісі бойынша ерекшеленуі мүмкін: а) туыстас (жақын туыстас) тілдер, б) ареалдық (алыс туыстас немесе туыстас емес) тілдер, в) әлемнің барлық тілдері. Бір тілді белгілі бір әдістің негізі, базасы ретінде бөлгенде, диалектілердің тіл тұжырымдамасына енуімен байланысты белгілі бір қиындықтар туындайды, ал тілдер мен диалектілердің арасындағы айырмашылық әлі де қатаң ғылыми өлшемдерге ие емес.

Бір немесе бірнеше тілді салыстырмалы-тарихи немесе салыстырмалы (типологиялық) әдістерді қолдана отырып зерттеу – зерттеу мақсатымен айқындалады. Бір тілді зерттеу оның құрылымының бірегейлігіне назар аударады, тілдерді салыстыру осы тілдердегі әмбебап, жалпыға ортақ универсалийлер туралы білім береді.

Тіл жүйесі өте күрделі болғандықтан, зерттеушілердің күш-жігері көбінесе тілдің кез-келген бір деңгейіне, мысалы фонемалық немесе морфемалық және т.б. бағытталған. Мұны мамандандыру деп атайды. Әрине, фонологияны немесе синтаксисті зерттеу, мысалы, зерттеу әдісіне және жалпы әдіске белгілі бір бағыт әкеледі.

Тілдің зерттелетін аспектілерін, оның құрылымдық ерекшеліктері немесе функционалды қасиеттері ретінде түсінілетін әдіс аспектілерін бөліп көрсету қажет. Әдістің аспектілері жұптық сипатқа ие: 1) құрылымышilik / сырттай шартты, 2) сандық / сапалық, 3) кеңістіктік / кеңістіктік емес (нүктелік), 4) синхронды / диахрондық,

5) функционалды / жалпыланған (функционалды емес), 6) нормативті / өзгермеген, 7) әмбебап / идиоэтникалық (белгілі бір тілге тән) және т. б. Аспект әдістің маңызды құрамдас бөлігі ретінде көбінесе әдістің өзін алмастырады, сондықтан олар сандық әдістер, лингвогеографиялық әдіс (кеңістіктік аспект) және т.б. туралы айтылады. Әдіс пен аспект арасындағы байланыс зерттеу жұмысының бағытын анықтайды.

Қорыта айтсақ, тіл білімінде ғылыми-техникалық прогресске байланысты жаңа әдіс-тәсілдер пайда болуда, бірақ, жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуы бұрыннан бар әдіс-тәсілдердің жойылуын білдірмейді, тек ескі және жаңа әдістердің арақатынасын өзгертеді.

Лингвистикалық әдісті оның мақсаты мен міндеттерін ескерусіз анықтау, әдетте, мүмкін емес. Бұл әдістің негізі болып табылады, онсыз зерттеу процедураларының жиынтығын түсіндіру мүмкін емес. Лингвистикалық зерттеудің негізгі мақсаттары белгілі бір тілдік фактіні анықтауға, оны сипаттауға, белгілі бір тілдің басқа фактілері арасындағы орнын анықтауға, оның генезисін, эволюциясын, функциясын анықтауға және тілдің әмбебап немесе ұлттық қасиеттері тұрғысынан түсіндіруге саяды.

Зерттеу әдістерінің санының көп болуы, біріншіден, «тіл білімі әдісі» ұғымын нақтылауды талап етеді, екіншіден, лингвистикалық әдістерді классификациялау мәселесін көтереді. Бұл екі мәселе де бір-бірімен тығыз байланысты және қазіргі тіл білімінде әлі күнге дейін өз шешімін таба алмай келе жатыр. Лингвистикалық әдістерді классификациялау зерттелетін құбылыстар мен объектілердің қарым-қатынасы туралы жаңа мәлімет алу әдісі ретінде түсініледі, бұл тіл білімі кіретін кез-келген эмпирикалық ғылым үшін өте маңызды.

Лингвистикадағы эмпирикалық зерттеу әдістері

Әрбір лингвистикалық зерттеу эмпирикалық зерттеуді қажет етпейді. Ол зерттеу егер де бақылау арқылы зерттеуге жауап ала алмаған кезде ғана қажет. Кейде зерттелетін құбылыс күрделі болады. Мысалы, шет тілдеріне оқыту процесі әрқашан кешенді. Тілде сөйлеу формаларының қалыптасуын сипаттау қиын процесс. Мысалы, сотта, дүкенде, келіссөздер кезінде және т.б. жағдайлар. Мұндай жағдайларды зерттеу үшін арнайы лингвистикалық әдістер, диалогтар мен полилогтарды талдау әдістері немесе дискурсивті талдау сияқты әдістер бар. Ол үшін деректерді жинау әдістері қолданылады, сөздердің дыбыстық өзгерістері мен репликалардағы екпіндері,

әңгімелердің бір уақытта болуы, кідірістер, сөйлеу дыбысының көлемін өлшеу және т.б. көрсетілген сөйлеудің транскрипциясы құралады.

Осындай әдістер келесі ғалымдардың еңбектерінде суреттелген: Х.Хэнне/Х.Ребок 1982 «Введение в анализ живой беседы»; К.Бринкер/С.Сагер 1989 «Лингвистический анализ разговора».

Сонымен, эмпирикалық зерттеуді бастау үшін келесі сұрақтарға жауап іздеу керек:

1) Нені зерттеу керек? – Зерттеу нысанын

2) Зерттеуді қалай құруға болады? – Зерттеу әдістері (бақылау, сауалнама, эксперимент)

3) Зерттеу материалы қандай мақсатта жиналуы керек? – Күтілетін нәтижелер мен қорытындылар (гипотезаны тексеру, теорияны растау).

Тіл білімінде жалпы зерттеу тақырыбы ретінде адамның тілдік мінез-құлқы, коммуникативті мінез-құлқы немесе тілді оқытудағы мінез-құлық болуы мүмкін. Бұл мінез-құлық туралы көбірек білу үшін үш түрлі тәсіл қолданылады. Сөз тілді зерттеудің ең көп таралған әдістері туралы болмақ. Мысалы, тілдерді оқыту және тілдерді оқып үйрену процестері. Қалыпты сабақты **бақылау**. Бұл жағдайда зерттеуші процестерге араласады. Видеоға түсірілген сабақ пен қалыпты жағдайда өткізілген сабақ бақылаушының болуына байланысты бір-бірінен ерекшеленетінін баса айта кету керек.

Екінші әдіс ол сауалнама. Мұнда зерттеуші бұл процеске аз араласады. Ол сауалнамаға қатысушылардан өз ой-пікірлерін білдіруді сұрайды. Мұнда нәтижелер респонденттердің жауапкершіліктеріне байланысты болады. Әрбір респондент, ең алдымен, нормаларды сақтайтынын көрсетуге тырысады. Әрине, егер ол айтылған нормаларды сақтаса. Мысалы, зерттеушілер жүргізген бір сауалнамада «болашақтағы жағдай туралы айту үшін етістіктің қай формасын қолданасыз?» деген сауалға барлығы дерлік Футурды қолданамыз деп жауап берген. Алайда, олардың сөйлеу өнімдерінің нәтижесін талдау кезінде футурды респонденттердің тек 5% қолданғаны белгілі болды. Осылайша, сауалнама кезіндегі жауаптар нақты жағдайды көрсетеді деп айтуға болмайды.

Үшінші әдіс – эксперимент. Эксперименттің артықшылығы – зерттелетін заттың мәніне қатысы жоқ барлық нәрсе түсіп қалып отырады. Жақсы ойластырылған эксперимент тек мәселені немесе гипотезаны тексеруге бағытталған. Мысал ретінде көптік жалғауды

қолдану бойынша белгілі тәжірибелер келтірілген. Қатысушыларға Wug және Emmel жасанды сөздерінің көпше түрін құру ұсынылды. Ол үшін қарапайым әдіс қолданылады. Олар суретті немесе түсініксіз жануарды көрсетіп, «бұл Wug» дейді. Содан кейін олар тағы бір дананы көрсетіп, «бұл екі _ _ _ _» дейді, содан кейін қатысушылар өздері көпше түрін құруы керек.

Бұл жерде субъектілердің мұндай сөзді бұрын-соңды естімегені және оның көпше түрін білетіндігі мүлдем жоққа шығарылады. Бірақ кедергілер әлі де болуы мүмкін. Мысалы, сөйлеу реті. Әдетте барлығы бірінші айтылған нұсқаны қайталайды. Сондықтан эксперимент жүргізі үшін жақсы ойластырылған стратегия қажет.

Кез-келген лингвистикалық зерттеуді жүргізу үшін априори ғылыми болжамның, яғни гипотезаның болуы маңызды.

Гипотеза дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап ретінде біз неміс ғалымдары Р. Альберт пен Н. Маркс ұсынған анықтамаларға жүгінеміз [2:25-26].

Сонымен, гипотеза – бұл айтылым, сұрақ емес. Дәлелдеуді қажет етеді. Мысалы, «неміс тілді католиктер өткен шақты білдіру үшін етістіктің перфект формасын қолданады, ал басқа немістер қолданбайды». Мұны басқаша айтуға болады: «Егер біреу католик болса, олар өткен шақты білдіру үшін перфект формасын қолданады, ал басқалары бұлай айтпайды».

- Мәлімдемеде немесе айтылымда кем дегенде екі маңызды ұғым болуы керек. Мысалда: католик және перфект.

- Ұғымдар мыналарға қатысты болуы керек: «егер-онда». Мысалда: егер католик болса, онда ол перфекті қолданады.

- Мәлімдемеде немесе айтылымда тавтология болмауы керек, яғни бір ұғым семантикалық жағынан екіншісін толығымен қамтымауы керек. Мұнда ұғымдарға нақты анықтама беру керек. Мысалда католик пен перфект кросс-семантикаға және оларды саралаудағы қателіктерге әкелмейді. Бірақ егер гипотеза келесідей болса: «Әр неміс сөйлемінде субъект бар» десек, тавтология айқын – субъект пен сөйлем бір-бірінен ажыратылмайтын ұғымдар, сондықтан гипотезаның бұлай берілуі күмән тудырады.

- Эмпирикалық ерекшеліктер гипотезада жасырын немесе анық болуы мүмкін. Мысалда олар анық емес, яғни егер кем дегенде бір католик өткен шақты білдіру үшін претеритті қолданса, онда болжам ішінара жоққа шығарылады. Бірақ сіз болжамды басқаша тұжырымдай аласыз: неміс тілді католиктер өткен шақты білдіру үшін

католиктерге қарағанда перфекті жиі қолданады. Бұл жағдайда статистикалық растау қолданылуы керек. Бірақ сенімділік үшін көп жұмыс жүргізілуі қажет (сауалнама кең түрде жүргізілуі керек және т.б.).

- Ұғымдар нақты құбылыстармен байланысты болуы керек. Мысалдағы католик – католик шіркеуімен байланысты. Перфект – әлді және әлсіз етістіктің белсенді түрі.

- Пікір не мәлімдеме жалған не болмаса бұрмаланған болуы мүмкін. Бастапқы гипотеза жалған болуы мүмкін, өйткені католик емес жалғыз адам перфектіні бір рет қолданған. Немесе растау кезінде – католиктер перфектіні жиі қолданады – егер католиктер мен католик еместердің саны бірдей болса, перфектіні қолданудың айқын тенденциясы анықталмаса, гипотеза жалған болады.

Бірақ бұл керісінше мәлімдемені білдірмейді – католиктер перфектіні католик емес адамдар сияқты жиі қолданады. Бұл жай ғана, тек деректер католиктер католик емес адамдарға қарағанда перфектіні жиі қолданады деген болжамды растамады дегенді білдіреді.

Осылайша, ғылыми гипотезаны жобалау ережелері, жоғарыда сипатталғандай, зерттеушінің белгілі бір дайындығын және зерттеу тақырыбы бойынша пәндік білімнің жеткіліктілігін, сонымен қатар күтілетін нәтижеге назар аударуды талап етеді. Тіл маманының ғылымдарда жинақталған фактілерді ғана білуі емес, соған қоса ғылыми әдістерді де меңгеруі керек.

Сонымен, лингвистикалық оқыту әдісі мақсаттың, базаның, мамандандырудың, аспекті мен әдістеменің күрделі жиынтығы. Әдісті іске асыру бірқатар техникалық тәсілдерді қамтиды: әдебиеттерді зерттеу, тілдер корпусымен жұмыс, эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану сияқты және т.б.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. «Әдістеме-әдіс-әдіснама» үштігі ғылымда нені білдіреді?
2. Ғылымның сипаттамалары қандай?
3. Әдістемелік ғылымның рөлін қалай түсінесіз?
4. Тіл білімі зерттеулерінің ұстанымдары туралы не білесіз?
5. Тіл біліміндегі зерттеудің әдістерін атаңыз.
6. Эмпирикалық зерттеу дегеніміз не?
7. Зерттеудің қандай түрлері эмпирикалық болып табылады?
8. Ғылыми гипотезаны қалай тұжырымдауға болады?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Лингвистикалық әдістерді зерттеу әдебиеттеріне шолу жасаңыз. Библиография жасаңыз.

2. «Лингвистикалық зерттеу әдістерінің ерекшеліктері» атты ғылыми баяндама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики. М., –1975 (переизд. 2001, 2002, 2005, 2009)

2. Мостепаненко, М.В. Философия и методы научного познания / М. В.Мостепаненко. – Л. Лениздат, – 1972.

3. Маркс К. Становление метода научного исследования (логический аспект). Москва. – МГУ. – 1975.

4. Фрумкина Р. М. Самосознание лингвистики - вчера и завтра// Изв. АН. – Сер. лит. и яз. – т. 58, № 4. – 1999 г.

5. Поппер Карл. Открытое общество и его враги. – М.: – 1992.

6. Уайтхед А. Избранные работы по философии: Пер. с англ./Сост. И. 9. Т. Касавин: Общ. ред. и вступ. ст. М.А. Кисселя – М.: – Прогресс. – 1990.

7. Файерабенд П. Избранные труды по методологии науки. – М.: Прогресс. –1986.

8. Пильх Г. Язык или языки? Предмет изучения лингвиста // ВЯ. – 1994.

Дәріс 4. Қазіргі тіл білімінің іздеу бағыты және даму жолдары

Мақсаты: Лингвистикадағы заманауи ғылыми бағыттарға шолу жасау

Жоспары:

1. Тілдің көп өлшемділігі тіл білімінің негізгі объектісі ретінде

2. Қазіргі лингвистиканың дамуындағы көпвекторлық

Қазіргі ғылымның әдіснамасын зерттеушілер пәнаралық білім, тілдің көп өлшемділігі және көпвекторлығы ғылымның дамып келе жатқан салаларының негізгі сипаттамаларының бірі болып

табылатынын атап өтеді. Бұл әсіресе лингвистика, философия, математика, психология сияқты ғылымдар үшін маңызды.

Тіл білімі тіл туралы ғылым болғандықтан өз объектісін оның қасиеттері мен сапалық ерекшеліктерін есепке ала отырып зерттейді. Тіл туралы толық, барабар білім алу үшін оны қиын құрылымды тұтастық ретінде қарастырып, қоршаған ортаның басқа құбылыстарына қатысын және адамның тілге қатысын есепке ала отырып зерттеген жөн. Лингвистиканың дамуының әр кезеңінде тілдік танымның өзекті мәселелері және ғылым дамуының қазіргі кезеңіндегі жинақталған білім сияқты мәселелер қарастырылады.

Мысалы, лингвистиканың пайда болу кезеңінде (XIX ғасырдың бірінші ширегі) назар аударылған нәрсе – ол тарихи құбылыстар болды. Ал Ф. Де Соссюрдің «тіл» және «сөйлеу» ұғымдарын бір бірінен ажыратқаннан кейін ғана тірі тілдерді синхронды әдіспен зерттеу өзекті бола бастады, ол зерттеудің жаңа тәсілдерін өмірге әкелді. Мысалы, зерттеу жұмысына информанттарды – белгілі бір тіл иелерін қосу. Ал қазіргі кезеңде тілді прагмалингвистика тұрғысынан зерттеу алдыңғы орынға шықты. Ол лингвистикалық әдіснаманың алдына жаңа мақсаттар қойды. Жалпы алғанда ол мақсаттар мынаған саяды:

1) Ішкі лингвистика (яғни тілдің субстанциялы қасиеттері), сыртқы лингвистика (адамның сөйлеу әрекеті), прагмалингвистика (жеке адамның ауызша (дискурс) және жазбаша сөйлеуі (мәтін) формалары) пәндерін нақты межелу (шектеу);

2) Тіл білімінің соңғы дамулық кезеңінде ғалымдар тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра қарастыра отырып, тіл мен таным ұғымдарына назар аударуда. Соның нәтижесінде тіл білімінде «антропоцентристік» бағыттың басым болуы. Бұл бағыт жеке тұлғаның сөйлеу моделдерін әртүрлі жағдайда жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып зерттеумен байланысты жүргізіледі;

3) Зерттеу жұмысында эксперимент, тест, анкета жүргізу сияқты басқа ғылымдардағы әдістерді қолдану арқылы объективті және дәл зерттеу нәтижелерін алуға ұмтылу;

4) Қазіргі тіл ғылымындағы жаңа бағыттағы зерттеулердің мақсаты – тіл жүйесін қозғалыстағы, өзгермелі жанды нысан ретінде зерттеп қарастыру. Лингвистикадағы прагматикалық, функционалдық т.б. жаңа бағыттар тілге даму тұрғысынан қарап, тіл құбылыстарын қозғалыста танып білумен шұғылданады. Тілді қозғалыста танып білу

дегеніміз – тілдің өзін және элементтерін адамдардың өзара қарым-қатынасында, сөйлеу үрдісінде, коммуникативтік үрдісте қарастыру.

Гуманитарлық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдары арасындағы тіл білімінің аралық позициясы оның гуманитарлық және жаратылыстану тәсілдерін біріктіретін әдіснамасында өз ізін қалдырады. Әр түрлі ғылыми мектептер назарын тілдің әртүрлі аспектілеріне аударды, бұл гуманитарлық немесе ғылыми ойлаудың үстемдігін және белгілі бір әдістер жиынтығын қолдануды анықтады. Сонымен бірге, «тіл өзінің барлық көріністерінде» өте ерекше объект болып табылады. Тіл – тікелей бақылауға мүмкін емес объектілердің бірі. Зерттеушіде тіл қызметінің тек сыртқы көріністерін ғана зерттеу мүмкіндігі бар: біріншіден, адамның сөйлеу әрекеті, екіншіден, осындай әрекеттің нәтижесі болып табылатын мәтіндер.

Тіл – бұл жүйелік құрылым, оның элементтерінің әрқайсысы басқа элементтермен кейбір қатынаста болғандықтан ғана өмір сүреді. Мысалы, неміс фонологиялық жүйесінің дыбыстық бірлігі /h/ фонемасы басқа дыбыстық бірліктермен көршілес болуына байланысты [x], [h] немесе [ç] ретінде жүзеге асырылуы мүмкін; морфемаларға қатысты жағдай да осыған ұқсас; синтаксистік қатынастар да әр түрлі болуы мүмкін (етістіктің қиысу және т. б.)

Тілдің құрылымы туралы ғылыми зерттеуден алынған білім, әдетте, экспликациялы сипатта болады. Әр адам қандай да бір мағынада ана тілін толық меңгерген, қыр-сырын біледі деп айтуға болады.. Алайда, бұл білім бейсаналық, автоматтандырылған және интуитивті сипатқа ие, өз тілін зерттеумен айналысатын лингвисттің қызметі осы интуицияны ұтымды формаларға аударуға саяды.

Тіл өте көпөлшемді және көпкомпонентті, бұл оны әртүрлі көзқараста және егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді және оны тіл білімнің өсіп және көбейіп келе жатқан тармақтарынан байқауға болады.

Қазіргі лингвистика өзінің нақты нысаны, мақсаты, бастапқы көзқарастары (болжамдары) және әдістері бар көптеген «жеке лингвистикадан» тұрады. Жеке лингвистика, белгілі бір тілді, тілдер тобын немесе тілдік ареалды зерттейді: германистика, арабистика, англистика, славистика, романистика, африканистика т.с.с.. Арнайы ғылыми бағыт зерттеу нысаны ретінде тілдің кез-келген компонентімен: фонетика, морфология, синтаксис, лексика, сөйлеу теориясы және т.б. байланысты. Тіл білімінің ономастика (жалқы есімдер туралы ғылым), орфоэпия (дұрыс айтылу туралы ғылым) және

этимология (лексикалық мағыналар тарихы туралы ғылым) сияқты салалары нақты зерттеу объектісімен ерекшеленеді.

Зерттеу мақсаты бойынша интерлингвистика (жасанды халықаралық тілді құру және оны қолдану шарттары), қолданбалы лингвистика (тілді қолданудың қандай да бір функциясын оңтайландыру мақсатында), сондай-ақ бір тілден екінші тілге аудару процесін модельдейтін формальды рәсімдер жасау мақсатында оның компьютерлік (машиналық) аударма сияқты әртүрлі бағыттары қалыптасады.

Сонымен қатар тілдік құбылыстарды сипаттау мақсатында бірыңғай әдісі бар компьютерлік лингвистика (компьютерлік модельдеуді қолданатын лингвистиканың әртүрлі салаларын біріктіреді), сандық/статистикалық әдістерді сипаттау үшін квантитативті лингвистика сияқты пәндер бар.

Нысан мен әдісті біріктіру негізінде психоллингвистика (психологиямен ортақ әдістермен тілдік іс-әрекеттің психологиялық шындығын зерттеу) және нейролингвистика (мида болып жатқан процестер деңгейінде нейрофизиология әдістерімен тілдік іс-әрекетті зерттеу) ерекшеленеді. Салыстырмалы тарихи тіл білімі (компаративистика) әдісі лингвистикалық типологияны, контрастивті лингвистиканы және ареалдық лингвистиканы біріктіреді, бірақ олардың мақсаттары мен зерттеу объектілері әртүрлі. Лингвистика шегінде құрылымдық лингвистика, функционалдық лингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және т.б. танылады.

Жалпы алғанда, лингвистикалық зерттеудің мақсаттары тілді қарастырудың негізгі перспективасымен анықталады. Яғни, тілді материалдық зат ретінде, семиотикалық құрылғы ретінде зерттеу және уақыт пен кеңістіктегі коммуникативті ортадағы тілдің қызметін зерттеу. Табиғи тілдің ішкі құрылымының проблемасын нақты, яғни, белгілі бір табиғи тілге (немесе бірнеше тілдерге) және жалпылама, «жалпы тілге» материалдық және рухани табиғат құбылысына қосымша ретінде түсінуге болады. Бірінші мәселе дескриптивтік (сипаттамалық) лингвистика саласына, екіншісі теориялық лингвистика саласына қатысты. Сипаттамалық және теориялық лингвистика арасында қатаң шекаралар болмауы керек.

Әдіснамадағы сипаттамалық лингвистика теориялық лингвистикаға қарағанда консервативті және түбегейлі әдіснамалық қайта құру әдетте соңғысында жасалады, содан кейін сипаттамалық лингвистикада қолданыс табады. Сыртқы лингвистика ғылымдар

тоғысында орналасқан көптеген ғылыми бағыттармен ұсынылған. Оларға социолингвистика сияқты бағыттар кіреді, оның мақсаты тілдің әлеуметтік стратификациясын және тілдің әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуін зерттеу, этникалық тарих пен мәдениет контекстінде тілді зерттейтін этнолингвистика, сондай-ақ ареалдық лингвистика және квантитативті лингвистика және т. б.

Сыртқы лингвистиканың қазіргі кейбір бағыттары туралы қысқаша мағлұмат 2- дәрiсте берiлген.

Қазіргі ғылымның әдіснамасын зерттеушілер пәнаралық білім ғылымның дамып келе жатқан салаларының негізгі сипаттамаларының бірі болып табылатынын атап өтеді. Бұл әсіресе лингвистика, философия, математика, психология сияқты ғылымдар үшін маңызды [3, б.5].

Соңғы уақытта тіл білімінде «лингвистика» немесе «лингв» компоненттері бар ғылымдар тілдік емес ғылымдардың атауымен бірге белсенді дамып келеді: математикалық лингвистика, компьютерлік лингвистика, генетикалық лингвистика, ареалдық лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвогеография, психолінгвистика, этнолингвистика, эколінгвистика, этнопсихолінгвистика, антрополінгвистика және т. б.

В. А. Звегинцев бүгінде шын мәнінде жан-жақты іргелі ғылыми жұмысты орындау үшін табиғи тіл және оның синхронды процестері болып табылатын зерттеу объектісінің тұжырымдамасын нақты анықтау керек деп санайды, өйткені «табиғи тілді анықтау оның көп функционалдылығымен күрделенеді» [Звегинцев: 121].

Тілдің көпфункционалдылығы – жаңа мәселе емес, бүгінде ғылымға тіл функцияларының әртүрлі жіктелінімдері белгілі. Олардың тізіміне тереңдеместен, біз В.А. Звегинцевтің жіктелуін қабылдаймыз, ғалым оларды келесі регистрге енгізеді: олар тілдің ақпараттық (байланыс құралы), эмотивті, фатикалық (байланыс орнататын), танымдық, поэтикалық, металингвистикалық (лингвистикалық белгілердің бір жүйесін екіншісіне аударуға мүмкіндік береді), табиғи тілді жинақтау (адам тәжірибесін бекіту) функциялары [сонда:122]. Тілдің функциялары оның мәні болып табылады, онсыз тіл тіл бола алмайды. Сондай-ақ, тілдің прагматикалық аспектісіне де баса көңіл аудару керек, ол коммуникативтік актіні жүзеге асыру шарттарын зерттеуге бағыт береді. Сондықтан, В.А. Звегинцевтің пікірінше, лингвистикадан оның қандай бір проблемасын бөліп қарау – бұл «ғылыми соқырлық»

болып табылады. Ол көрегендікпен: «честное стремление усвоить чужую точку зрения вместе с тем не означает отказа от критического к ней отношения» – дейді. Бұл пікір лингвистикадағы көптеген заманауи теориялық жұмыстарды түсіну барысында өзіндік критерий бола алады.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады. Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік бағытталуымен сипатталады, тілді ішкі жүйелік талдаудан антропоцентристік талдауға көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы, пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды.

XXI ғасырда жаңа теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тілді «өз-өзінде және өзі үшін» (в самом себе и для себя) зерттеу жеткіліксіз болып, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындады.

Ғылым дамып, таным тереңдеген сайын отандық тіл білімі қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, жаңа ғылыми зерттеулерді біртіндеп меңгеруде. Соңғы жылдары тілді жеке адам болмысымен немесе жеке этноспен, олардың ойлау өрісімен және ақиқат туралы білімдер жүйесімен сабақтастықта қарауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Ғылымдағы жаңа бағыттармен, оларды зерттеудің танымал әдіс-тәсілдерімен танысу алдағы дәрістердің мақсаты болмақ.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Бүгінгі таңда «тіл» термині нені білдіреді?
2. Тілдің көп өлшемділігін қалай түсінесіз?
3. Қазіргі лингвистиканың дамуындағы көпвекторлық деген не?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Ғылыми мектептердің өкілдерін көрсете отырып, лингвистикалық ғылымның негізгі бағыттарының картасын жасаңыз.

2. «Тіл және оның қазіргі қоғамдағы функциялары» тақырыбына ғылыми эссе дайындаңыз.

3. Мемлекеттік тіл саясаты аясында Қазақстан лингвистикасының жай-күйін зерттеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Щерба Л.В. О трояком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании // Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука. – 1974. – 428 с.

2. Алпатов В.М. Об антропоцентрическом и системоцентрическом подходе к языку. – Вопросы языкознания. – № 3. – 1993.

3. Кибрик А.Е. Современная лингвистика: откуда и куда? – Вестник МГУ. Серия 9. Филология. № 5. – 1995.

4. Хомский Н. Язык и проблемы знания. – Вестник МГУ. Серия 9. Филология. – № 4. – 1995.

5. Бодуэн де Куртенэ И.А. Языкознание, или лингвистика, XIX века. – В кн.: Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию, т. II. М.. – 1963.

6. Звегинцев В.А. Язык и лингвистическая теория, М.: Эдиториал УРСС. – 2001, – 248 с.

7. Кенжетоева Г.К. Лингвистикадағы ғылыми зерттеу негіздері. Аударма ісі, Шетел тілі: екі шетел тілі, Шетел филологиясы мамандықтарының студенттеріне арналған дәріс курсы. – Павлодар: Кереку, 2012. – 79 б.

Дәріс 5. Лингвистикадағы структурализм және құрылымдық-семантикалық талдау әдістері

Мақсаты: структурализмді лингвистикалық ғылымды дамытудағы маңызды кезең ретінде кешенді ұсыну

Жоспары:

1. Құрылымдық лингвистиканың қалыптасу тарихынан
2. Құрылымдық лингвистиканың даму кезеңдері
3. Құрылымдық-семантикалық талдау әдістері

Құрылымдық лингвистика – бұл тілге деген көзқарастар мен оны зерттеу әдістерінің жиынтығы, ол тілді нақты құрылымдық элементтері (тіл бірліктері, олардың түрлері және т.б.) бар белгілі

жүйе ретінде түсінуге және тілді қатаң формалды түрде сипаттауға ұмтылуға негізделген. Құрылымдық лингвистика өз атауын белгілі бір деңгейлерде иерархиялық тәуелділікте реттелген және орналасқан тіл жүйесінің элементтері арасындағы қатынастар (қарама-қайшылықтар) желісі болып табылатын тіл құрылымына ерекше назар аударудың арқасында алды.

Тілдің құрылымдық сипаттамасы жалпыланған инвариантты бірліктерді бөліп көрсетуге және оларды іске асырудың қатаң ережелеріне негізделген нақты сөйлеу сегменттерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін нақты мәтінді талдауды қамтиды. Бұл ережелер сөйлеудегі тілдік бірліктердің өзгеруінің шекараларын анықтайды, яғни тіл бірлігінің мүмкін болатын синонимдік түрлендірулерінің жиынтығын белгілейді. Талдау деңгейіне байланысты іске асыру ережелері бірліктің нақты нұсқалары мен морфологиядағы қосымша дистрибуция принципі немесе сөйлемнің инвариантты терең құрылымынан оны жүзеге асырудың жиынтығына ауысуды реттейтін синтаксистегі (трансформациялық талдау кезінде) трансформациялық ережелер ретінде жүзеге асады.

Құрылымдық лингвистика негізінде зерттеу мүдделерін тіл құрылымының статикалық көрінісінен динамикалыққа ауыстыра отырып, генеративті грамматика дамыды; тілді құрылымдық талдау машиналық аудармамен байланысты мәселелердің қойылуы мен шешімін анықтады. Құрылымдық лингвистиканың типологиямен үйлесуі тілдік жүйенің және жалпы тілдің жеке фрагменттерінің құрылымының жалпы заңдылықтарын зерттейтін құрылымдық типологияның пайда болуына әкелді. Құрылымдық лингвистика негізінде тіл білімінде зерттеудің математикалық әдістері дамыды.

Құрылымдық лингвистика XX ғ. 20-30 жж. тілдік элементтер тарихына ерекше назар аудара отырып, латын грамматикасы ұғымдары мен негізгі еуропалық тілдер ұғымдары арқылы кез-келген құрылымдардың тілдерін сипаттауда ерекше бағыт ретінде қалыптасты. Құрылымдық лингвистика тіл білімінің негізгі ұғымдарының неғұрлым дәйекті жүйесін іздеуден және салыстырмалы тарихи тіл білімінің салыстырмалы тарихи әдісі сияқты қазіргі тілдерді синхронды сипаттаудың қатаң әдістерін жасауға деген ұмтылыстан туындады. Тілді қатаң сипаттаудың алғашқы әрекетін ежелгі үнді ғалымы Панини жасаған. Орта ғасырларда бұл әмбебап рационалды грамматиканың құрылысында және Р.Декарт пен Г.В. Лейбництің философиялық және

лингвистикалық тәжірибелерінде көрініс тапты. Құрылымдық лингвистиканың пайда болуына И.А. Бодуэн де Куртенэ, Ф.Ф. Фортунатов, О. Есперсен, Э. Сепир, Л. Блумфилд әсіресе Ф. де Соссюр, құрылымдық лингвистиканың жетекші теоретиктерінің бірі Р. О. Джейкобсонның көзқарастары қалыптасқан Мәскеу лингвистикалық үйірмесінің қызметі (1915) айтарлықтай әсер етті.

Құрылымдық лингвистиканың қалыптасуында әдебиеттанудағы орыс формальды мектебі маңызды рөл атқарды, оған Е.Д. Поливанов, Л.П. Якубинский, Ю.Н. Тынянов, Б.М. Эйхенбаум, С. И. Бернштейн, сонымен қатар В.Я. Пропптың, Б.В. Томашевскийдің, О.М. Бриктің еңбектері кірді. Өткен ғасырдың 20-40-жылдарында құрылымдық тұжырымдамалар мен әдістерді әзірлеуде маңызды рөл атқарған мектептер ретінде Прага, Копенгаген, американдық және Лондон мектептері қалыптасты; кеңестік кезеңде Ленинград пен Мәскеу фонологиялық мектептері құрылымдық лингвистика идеяларына сәйкес дамыды, олардың негізінде фонология мәселелері ғана емес, сонымен қатар грамматика мен тілдің жалпы теориясы да дамыды.

Құрылымдық лингвистиканың дамуында бірнеше кезеңдер бар. Бірінші кезең (шамамен XX-ғасырдың 50-ші жылдарына дейін), кейбір жағдайларда қол жетімді тіл құрылымына ерекше назар аударылудың жоғарылауымен сипатталды, мазмұн жағын ұмытып кетуге, жүйенің элементтері арасындағы қатынастардың рөлін асыра көрсетуге және элементтердің өздерін тілдік тұлға ретінде елеуге әкелді. Құрылымдық лингвистика тіл жүйесін тым статикалық және «дұрыс» ұсынғаны үшін және тілдің жұмыс істеуі мен өзгергіштігінің әлеуметтік-психологиялық факторларын елемегендігі үшін сынға алынды.

50-ші жылдардан бастап құрылымдық лингвистиканың дамуының екінші кезеңі басталады, ол кезең мазмұн жоспарын және тілдің динамикалық модельдерін зерттеумен сипатталады (атап айтқанда, грамматикада трансформациялық талдау дамиды). Бастапқыда фонологияда жасалған талдау әдістері мен тәсілдері грамматика мен семантикаға ауысады. Құрылымдық лингвистиканың принциптері мен әдістері салыстырмалы тарихи тіл білімінде қолданыла бастайды (Р. Якобсон, Мартине, Курилович, У.Ф. Леман, Э. А. Макаев, Т. В. Гамкрелидзе, В. К. Журавлев, В.В. Мартынов, В. А. Дыбо, В. Мажюлис және басқалардың еңбектерінде). Сонымен бірге, зерттеу нысандарының кеңеюі және құрылымдық әдістермен қатар зерттеудің басқа әдістері мен тәсілдерін бір уақытта қолдану

құрылымдық лингвистиканың тілдің құрылымы туралы ғылыми идеяларды тереңдетіп, оның жүйесін қатаң сипаттау аппаратын жасап, лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағыттарында «сіңіп кетуіне» әкелді.

70-ші жылдардан бастап құрылымдық лингвистика тіл білімінің жеке бағыты ретінде өмір сүруді тоқтатты, бірақ ол жасаған зерттеу әдістері басқа лингвистикалық пәндерде (психолінгвистика, социолінгвистика және т.б.) әлі де қолданылуда. Құрылымдық лингвистика әдебиеттану, өнертану, этнология, тарих, әлеуметтану, психология сынды бірқатар гуманитарлық ғылымдарда статистикалық зерттеу әдістерінің дамуына әсер етті. Дәл осы ғылымдардың негізінде структурализм француз ғалымдары К.Леви-Строс, Р. Барт, М.П. Фуко, Ж. де Лаканның есімдерімен байланысты «Француз структурализмі» деп аталатын нақты ғылыми гуманитарлық зерттеулердің философиялық және әдіснамалық негізі ретінде қалыптасты; құрылымдық лингвистика әртүрлі буржуазиялық философиялардың әсерін бастан кешірді (нео-кантианизм, Э. Гуссерль феноменологиясы, логикалық позитивизм). Бұл мағынада структурализмді құрылымдық лингвистикадан тілдік фактілерді эмпирикалық «атомистік» сипаттаудан оларды жүйелі түсінуге көшуге байланысты лингвистикалық ойдың дамуындағы ерекше кезең ретінде ажырату керек. Бұл ауысудың негізі құрылымдық талдауды, модельдеуді, лингвистикалық процедураларды рәсімдеуді қолдану болды.

Статикалық құрылымдық лингвистика кейінде динамикалық генеративті лингвистиканың қалыптасуына (алдымен Н. Хомскийдің трансформациялық грамматикасын тудырады), машиналық аударма саласындағы мәселелерді бастапқы дамыту және шешу, қолданбалы лингвистиканың жаңа салаларын дамыту, тілдердің құрылымдық типологиясының пайда болуы үшін негіз болды. Құрылымдық тіл білімінде тілді синхронды сипаттауға арналған бірқатар қатаң әдістер қалыптасты. Лингвистер қайтадан логика принципіне бет бұрды, жаңа (реляциялық) логиканың жетістіктерін және ең алдымен логикалық синтаксис, содан кейін логикалық семантика сияқты пәндерді қолдана бастады. Структурализмнің арқасында зерттеудің математикалық әдістері (математикалық логика, топология, алгоритмдер теориясы, ықтималдық теориясы, ақпарат теориясы, математикалық статистика және т.б.) тіл біліміне ене бастады.

Құрылымдық лингвистикада зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылады, құрылымдық лингвистиканың негізгі әдістері төменде келтірілген.

Компоненттік талдау әдісі

А.М. Кузнецов лингвистикалық талдау әдістерін зерттей отырып, лексиканы компоненттік талдауға ерекше көңіл бөледі [10]. Бұл әдіс тілдің маңызды бірліктерінің мазмұндық жағын зерттеуде мағынаны минималды семантикалық компоненттерге ыдыратуды мақсат етеді. Компоненттік талдау әдісін Н.С. Трубецкий фонемаларға қатысты қолданды және тиімділігі мен әмбебаптығына байланысты грамматикалық және одан кейін лексикалық мағыналарды зерттеуде дамытып, таралды. Әдіс лексикалық материалды зерттеуде әртүрлі тілдердегі лексикалық бірліктердің тар шеңберін (туыстық терминдер) сипаттау әдісі ретінде қолданылды (XXғ.50-ж.). Ол тілдің әр бірлігінің мағынасы семантикалық компоненттерден (семалардан) тұрады және тілдің сөздік құрамын семантикалық белгілердің шектеулі және салыстырмалы түрде аз саны арқылы сипаттауға болады деген болжамға негізделген.

Лексика-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анық көру үшін ғалымдар компонентті талдау әдісін жиі қолданады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше ұсақ элементтерден – семалардан тұрады деп есептейді.

Сема (грек. Sema – белгі) – мағынаның әрі қарай бөлінбейтін ең кіші бірлігі. Сема белгіленетін заттардың, болмыс құбылыстарының әр түрлі қырлары мен қасиеттерінің тілдегі қарапайым көрінісі.

М. Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» деген еңбегінде [9] сема мен семеманы, семема мен сөз мағынасын ажырата келе «Сема мағынаның ең кішкентай бөлшегі, ары қарай майда бөлшектерге бөлінбейді» деген пікір айтады. Автор *жүр* етістігін компонентті талдау әдісімен талдап, сөз мағыналарын бір немесе бірнеше семаларға бөлуге болатындығына көз жеткізеді. *Жүр* етістігінің құрамында автордың пікірінше төмендегідей семалар бар: 1) қозғалу қимылы бар; 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткендігін білдіреді; 3) қозғалу жерде болады; 4) бағытсыз қозғалысты білдіреді; 5) қозғалыстың темпісінің баяу (жүгіруге қарама-қарсы) болғандығын; 6) процестің созылыңқылығын т.б. білдіреді.

Синтагматикада осы әдісті қолдану сөйлеудегі сөздердің жұмыс істеуінің бірқатар заңдылықтарын анықтайды: селекциялық

шектеулердің ережелері (Дж. Кац, Дж. Фодор), лексикалық мағыналарды қосу ережелері (Ю.Д. Апресян), семантикалық үйлестіру ережелері (В. Г. Гак). Солардың негізінде, атап айтқанда, сөз тіркесіндегі сөздерді дұрыс таңдаудың шарттары, сөз тіркесінің екі бөлігінде де ортақ семаның болуына, бір бөлімінде қарама-қайшы семалардың болмауына (жойылуына) байланысты болады. Сонымен қатар, семалардың қайталануы тілдің басқа синтагматикалық құралдарының функциясына ұқсас сөйлеуді құрудың маңызды конструктивті құралы ретінде әрекет етеді.

XX ғ. 70-80 жж. бұл әдіс грамматикада, әсіресе морфологияда қолданыла бастады (Е.А. Гулыга, Е. И. Шендельс). Кеңестік тіл білімінде қарапайым және күрделі сөйлемдерді компоненттік талдауға талпыныс жасалады (О.И. Москальская, В. А. Белошапкова, В.Г. Гак, Е. М. Вольф). Қазіргі күні қолданыстағы әдістер жетілдіріліп, семантикалық белгілерді анықтаудың жаңа әдістері мен тәсілдері жасалуда, олардың арасында қарым-қатынас түрлері анықталуда.

Бұл әдістер мен тәсілдер Л.В.Щерба мен А. М. Пешковскийдің идеяларынан бастау алатын лингвистикалық эксперимент әдістерін, оппозиция мен комбинаторика әдістерін (Т. П. Ломтев), компоненттік синтезді (А.М. Кузнецов), сөздердің синтагматикалық үйлесімділігін өзгеруін (Ю. Д. Апресян және т. б.), сөздік анықтамалар әдісін (Ю. Н. Караулов және т. б.), сондай-ақ психолингвистикалық эксперименттік зерттеу әдістерін толықтырады және кеңейтеді.

Тікелей компоненттер бойынша талдау әдісі (конституэнттік талдау)

Тікелей құраушылар бойынша талдау әдісі – сөздің сөзжасамдық құрылымын және сөзжасамның немесе сөйлемнің синтаксистік құрылымын бір-біріне салынған элементтердің иерархиясы түрінде ұсыну әдісі. Бұл әдіс американдық сипаттамалық лингвистика аясында жасалды. Оның негізгі қағидаларын XX ғасырдың 20-жылдарында Л.Блумфилд «Тіл» атты еңбегінде тұжырымдады. Тікелей құраушылар бойынша талдау әдісінің авторлары ретінде сонымен қатар Р.Уэллс («Тікелей компоненттер», 1949), Ю. Найда («Морфология»), З. Харрис («Морфемадан сөзге дейін», 1946) саналады. Бұл әдіс бастапқыда синтаксисте қолданылды. Тікелей компоненттер әдісі тілдің немесе мәтіннің кез-келген күрделі бірлігі

екі қарапайым және бір-бірімен қиылыспайтын бірліктерден – оның тікелей компоненттерінен тұрады деген болжамға негізделген.

Аталмыш талдауының артықшылығы – бұл 1) мағынаны құрылымдауға қызығушылық тудырды; 2) тіл білімінде эксперимент жүргізу үшін пайдалы трансформациялық ережелер құруға негіз болды; 3) нысан моделін құруды ұсынды; 4) 60-шы жылдары ол автоматты аударма жүйелеріндегі сөйлемдерді талдау және синтездеу үшін қолданыла бастады.

Тікелей құраушылар бойынша талдау әдісінің кемшіліктеріне мыналар жатады: 1) оның көмегімен сөйлемнің синтаксистік құрылымындағы айқын айырмашылықтарды белгілеудің мүмкін еместігі; 2) белсенді және белсенді емес құрылымдарды ажырата алмауы; 3) ауқымдылығы.

Ю. Н. Карауловтың алты қадам әдісі

Ю. Н. Караулов өзінің «Общая и русская идеография» (1976) кітабында «семантикадағы тезаурус әдісі» деп аталатын тілдің семантикалық жағын зерттеудің түбегейлі жаңа тәсілін көрсетті. Автор жасаған идеография теориясы лексикалық жүйені оның барлық деңгейлерінде – сөздің микроқұрылымы мен семантикалық өрістің құрылымынан бастап, тұтастай алғанда тілде көрініс тапқан әлем бейнесіне дейін ұйымдастырудағы бірыңғай заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Ю. Н. Караулов сөздіктің семантикалық үздіксіздігі сияқты қасиетін көрсететін «алты қадам ережесін» тұжырымдады. Тезаурустың семантикалық модель ретіндегі идеясы семантикадағы тезаурус әдісі туралы айтуға негіз болды, оның мәні тезаурус сөздіктерін құрастыру міндетіне байланысты семантикадағы жаһандық байланыстар мен заңдылықтарды анықтау болып табылады. Бұл жағдайда лексиканың «өрістік» (парадигматикалық) жүйелілігі барынша толық анықталады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Структурализмнің өрлеп-өркендеуі қай кезеңге келеді және оның негізгі өкілдері кім?
2. Лингвистиканың осы бағытының негізгі ерекшеліктері қандай болды?
3. Тілдік құбылыстарды зерттеудің құрылымдық тәсілінде қандай кемшіліктер болды?
4. Құрылымдық лингвистиканың маңызы неде?
5. Құрылымдық лингвистиканың негізгі әдістерін сипаттаңыз.

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. «Құрылымдық лингвистика» деп аталатын лингвистикалық ілімдердің даму кезеңін зерттеңіз. Библиографиялық және терминологиялық көрсеткіш жасаңыз.

2. «Құрылымдық лингвистиканың жетістіктері мен кемшіліктері» тақырыбына ғылыми реферат дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. – М., –1966.

2. Алпатов В.М. История лингвистических учений. – М., –1998.

3. Виноградов В. А. Структурная лингвистика // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., – 1990.

4. Булыгина Т. В. Пражский лингвистический кружок // Литературный энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, – 1987. – С. 302-303.

5. Булыгина Т. В. Пражская лингвистическая школа // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, – 1990. (в пер.)

6. Вахек Й. Лингвистический словарь Пражской школы / Й. Вахек (при участии Й. Дубского); Пер. с фр., нем., англ. и чеш. И. А. Мельчука и В. З. Санникова; Под ред. и с предисл. А. А. Реформатского. – М.: Прогресс, 1964. – 352 с. (в пер.)

7. Пражский лингвистический кружок: Сборник статей / Составление, редакция и предисловие Н. А. Кондрашова. – М.: Прогресс, 1967. – 558 с. (в пер.)

8. Кузнецов А. М. О применении метода компонентного анализа в лексике, в кн.: Синхронно-сопоставительный анализ языков разных систем, – М., – 1971;

9. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 211 б.

10. Караулов Ю.Н. Общая и русская идеография. – М., – 1976.

11. Charles Fillmore, The Case for Case. – In: «Universal in Linguistic Theory» ed. by E. Bach, R. T. Harms, New York и др., – 1968.

Дәріс 6. Когнитивті лингвистика және когнитивті талдау әдістері

Мақсаты: тыңдаушыларды когнитивті лингвистиканың қазіргі жағдайымен және когнитивті талдау әдістерімен таныстыру

Жоспар:

1. Когнитивті лингвистика дамуының негізгі кезеңдері
2. Қазақстанда когнитивтік лингвистиканың дамуы
3. Когнитивтік зерттеу әдістері

XX ғасыр ғылымының тарихында аса маңызды да, қызықты да құбылыстардың бірі – когнитология немесе когнитивтік ғылым болып табылады. Бұл ғылым сананың барлық жақтарын зерттеуге арналған.

Когнитивтік лингвистика өз бастауын философиядан алатыны мәлім. Себебі бұрын тіл және ой жүйесі мәселелері біріктіріле, біртұтас қарастырылған. Когнитивтік тіл білімі мәселелері шығыс ойшылдары Әл-Фараби және көне грек ойшылдары Аристотель, Платон, Сократ еңбектерінде алғаш қарастырылады. Бұндағы басты ерекшелік тілдің танымдық деңгейін айыруға ұмтылыс жасауда жатыр.

Когнитивтік лингвистика АҚШ-та пайда болып, белсенді түрде дамыса да, Еуропада да зерттеудің жеке бағыттары дамыды. Олар ең алдымен когнитивтік лингвистиканың неміс және австриялық мектептері еді. Аталмыш мектептің өкілдері сөйлеуді қалыптастыру және қабылдау кезіндегі мәліметті өңдеу мәселелерімен айналысты. Солардың ішіндегі ең бастылары мәтіннен ақпарат алу, менталды сөздер қоры, когнитивтік семантика проблемалары еді.

Шетел тіл білімінің В.фон Гумбольдт және оның ізбасарлары еңбектерінде алғашқы тілді тану талпыныстары жасалды. Когнитивтік лингвистиканың алғашқы мәселелерін шешу М. Джонсон, Дж. Лакофф, Р. Лангакер, Джакендофф Р., Талми және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде орын алады.

1990 жылдардың орта кезінде Еуропада когнитивтік лингвистика бойынша алғашқы оқулықтар шықты: Ф. Унгерер және Х. Шмидт «Когнитивтік лингвистикаға кіріспе» (1996) және Б. Хайне «Грамматиканың когнитивтік негіздері» (1997).

Когнитивтік лингвистика – бұл табиғи тілді зерттеуге деген көзқарас, онда тіл ақпаратты ұйымдастыру, өңдеу және беру құралы

ретінде түсініледі, сонымен бірге адамның білім алу қабілетінің бір түрі ретінде көрінеді (басқа қабілеттермен бірге) [Кронгауз 2001: 31]

Танымдық лингвистиканың ең өзекті мәселелерінің бірі адам санасында әлемнің тілдік бейнесін адамның әлем туралы түсінігінде бейнелеп көрсету. Әлемнің тілдік бейнесі адамның әлем туралы түсінігі негізінде жасалады. Тіл объективтік әлемнің субъективтік бейнесінің моделін құрайды [4, 55 б.].

Танымдық ізденістер – когнитивтік ізденістер. «Бүгінгі танымдық қағидалар тарихи мәселелерді шешуде де, салыстырмалы-салғастырмалы талдауда да, тілдік универсалий негіздерін сұрыптау кезінде де, тілдегі уәж себептерін айқындау барысында да басшылыққа алынып, жаңа танымдық теориялардың қалыптасуына ықпал етері сөзсіз» [4, 194-195 б.]. Әрбір тіл әлемді өзінше бөледі, өзінің концептуалдық тәсілі бар, соған орай әрбір тілдің өзінің ерекше әлем бейнесі бар және адам өз ойын осы бейнеге сай білдіруі керек.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап тілдік процестердің барлық түрлерін зерттеу үшін когнитивтік ғылымның арнайы бөлімі болып табылатын когнитивтік лингвистика қағидаттары қолданыла бастады және «оның аясында жеке адамның да, оған қоса жалпы адамзат өркениетінің де ақпаратты игеру, жинақтау және пайдалану процестері зерттелуде» [Петров, Герасимов 1988:7].

Орыс тілінде алғаш рет когнитивтік грамматика оқырманға 1985 жылы В.И. Герасимовтың шолуында ұсынылды. Сонымен қатар орыс тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселелері Ю.А. Сорокин, Е.С. Яковлева, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая, А.П. Бабушкин, С.А. Аскольдов, А.Н. Баранов, Д.О. Добровольский, И.Д. Арутюнова, Н.Н. Болдырев, Э.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова сияқты зерттеушілердің еңбектерінен көрініс табады. Аталған ғалымдардың зерттеу еңбектерінде когнитология ғылымының нысаны, бағыт-бағдары, зерттелуі негізгі ұғымдары сөз етіледі. Олардан танымдық ғалымдар ішінде тілдің атқаратын қызметінің жоғары екендігін аңғаруға болады. Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Ол сан ғасырлық білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталған.

Е.С. Кубрякованың анықтамасы бойынша когнитивтік ғылым – бұл білім мен таным туралы, әлемді қабылдау нәтижелері туралы және белгілі бір деректер жүйесінде жинақталған, біздің санамызға

белгілі бір түрде ұсынылған және психикалық немесе танымдық процестердің негізін құрайтын адамдардың пәндік-танымдық қызметі туралы ғылым». Автор сөзін келтіре кетелік: «это наука о знании и познании, о результатах восприятия мира и предметно-познавательной деятельности людей, накопленных в виде осмысленных и приведенных в определенную систему данных, которые каким-то образом репрезентированы нашему сознанию и составляют основу ментальных или когнитивных процессов» [Кубрякова 1994: 34].

Когнитивизм туралы В.А.Маслова өз пікірін төмендегіше көрсетеді: «В когнитивистике главное внимание уделяется человеческой когниции, исследуются не просто наблюдаемые действия, а их ментальные репрезентации (внутренние представления, модели), символы, стратегии человека, которые и порождают действия на основе знаний; т.е. когнитивный мир человека изучается по его поведению и деятельности, которые протекают при активном участии языка, образующего речемыслительную основу любой человеческой деятельности – формируя ее мотивы и установки, прогнозируя результат» [3,76.]. Ғалымның пікірінше, адамның танымдық әлемі тілдің қатысуымен оның қызметінде зерттеледі.

Ойлаудың табиғи тілмен байланысы «менталды құрылыс тілі» арқылы жүзеге асырылады, оның құрылымдық компоненттерінің бірі ұлттық-мәдени ерекшелікпен белгіленген және танымдық өңдеуден өткен шындық фрагментінің «бейнесі» ретінде түсіндірілетін «концепт» болып табылады. Концепттер арқылы тілдің адамның ойлауымен байланысы жүзеге асады. В.З. Демьянков ұғым (түсінік) мен концепт терминдерін былайша ажыратады: «*понятия* – то, о чем люди договариваются, их люди конструируют для того, чтобы «иметь общий язык» при обсуждении проблем; *концепты* же существуют сами по себе, их люди реконструируют с той или иной степенью (не) уверенности. Иногда референты у терминов *концепт* и *понятие* совпадают» [Демьянков 2001], – деп ұғым мен концепт арасындағы айырмашалықты көрсетеді.

Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы зерттеп қоймай, ментальді репрезентациясын (ішкі танымын), білімнің негізін қалыптастырған символдар мен адамның стратегиялық таңбаларын айқындау керек. Демек адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі –

оның тілі. Себебі тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

«Когнитивтік лингвистика» қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басында ғана зерттеле бастаған ғылым саласы. Геосаяси және полиэтникалық ерекшеліктерге байланысты Қазақстанда орыс және шетелдік лингвистика ғалымдары негізін қалаған идеяларды дамыту үшін қолайлы жағдайлар осы жылдары қалыптасты (Исабеков С.Е., Дүйсекова 2015:27). Қазақстандық ғалымдардың сан алуан еңбектерінің ішінде мынадай тәсілдер мен бағыттардағы зерттеулерді бөліп көрсетуге болады: лингвокогнитивтік (Жұмағұлова Б.С., Сұлтангубиева А. А., Исаева Ж. К., Сабитова З. К.); лингвомәдениеттанулық және этнолингвистикалық (Копыленко М. М., Исина Г. И., Керімбаев Е. А., Ислам А., Жаббаева С. С., Қортабаева Г. Қ.); когнитивті-фразеологиялық (Сабитова М.Т., Дүйсекова К., Смагулова Г.).

С. Е. Исабековтың пікірінше, түсіну мен сөйлеуді қалыптастырудың психикалық негізі когнитивті лингвистиканың негізін құрайды және зерттеу нәтижелері адамның таным механизмін, категориялау және концептуализация механизмдерін және басқа да көптеген аспектілерді ашады [Исабеков 2010: 32]. Кез-келген ғылым немесе ғылыми бағыт сияқты, когнитивті лингвистиканың өзіндік мақсаттары, міндеттері, категориялық аппараты, зерттеу пәні мен объектісі бар.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі мақсаты: әлемді қабылдау, санаттау, жіктеу және түсіну процестерінің қалай жүзеге асырылатындығын, білімнің жинақталуы қалай жүретінін, қандай жүйелер ақпаратпен әртүрлі іс-әрекеттерді қамтамасыз ететінін, табиғи тілдің менталды тілмен (яғни, ой тілімен) өзара әрекеттесетінін түсіну. Қазіргі когнитивті лингвистика тілді қабылдау және категоризациялау сияқты адамның қабілеттеріне негізделген танымдық іс-әрекет ретінде қарастырады. Бұл *homo sapiens* және *homo loquens*-тің екі негізгі қасиеті ретінде «тіл-ойлау» қатынасын зерттейтін адамның тілдік ақпаратты алу, сақтау, түрлендіру және пайдалану заңдары туралы ғылым [Карлинский 2003:80].

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі

т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған. Монография авторы алғы сөзде былай деп көрсетеді: «Зерттеу проблемаларын тілдік сана төңірегінде жинақтап, негізгі мәселені психофизиологиялық (нақтырақ айтсақ, бұл психофизиологиялық эстетикаға жақындау), психологиялық, (негізгі психоаналитикалық теориялардан басталады), философиялық, тілдік әдебиеттану (соңғы үшеуі семиотикалық сипатта) тұрғысынан кешенді түрде когнитивтік жүйеге біріктіру арқылы ғылыми негіздерге талпыныс жасаймыз» [22,5].

Когнитивтік бағыттағы зерттеу еңбектері ретінде Г.Гиздатовтың еңбегін де атауға болады. Зерттеушінің «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» атты докторлық диссертациясы осы бағыттағы қазақ тіліндегі алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады [23]. Докторлық диссертацияда адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы мен динамикасы қарастырылған. Когнитивтік модельдер универсумдар ретінде қарастырылады.

Қазақ лингвистикасының когнитивтік мәселелеріне арналған келесі еңбек қазақ тілінің эпикалық фразеологизмдерінің когнитивтік негіздерін зерттейді. Ш.К.Жарқынбекованың докторлық диссертациясында қазақ және орыс тілдерінің түр-түс концептілері когнитивтік және лингвистикалық мәдениеттану парадигмаларын біріктіретін дүниенің ұлттық бейнесін тілдік ретте іске асыру мәселесі шеңберінде талданады және әр этноста орын алған когнитивтік механизмдер мен лингвомәдениеттану факторлары тұрғысынан түр-түс концептілерінің қалыптасу ерекшелігі айқындалады.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуын Э.Оразалиеваның бес парадигмаға жіктеп қарастыруы көптеген ғалымдар мойындаған концепциялардың бірінен саналады. Ғалымның қазақ тілтаным ғылымының даму кезеңдерін:

I кезең: «тілтану»парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45 жж, негізгі өкілдері: А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және т.б.

II кезең: тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70 жж, негізгі өкілдері: Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев; М.Балақаев, І Кеңесбаев.

III кезең: тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85 жж, негізгі өкілдері: К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Хасенов т.б.

IV кезең: тілтанымдық этюдтар парадигмасы – XX ғасырдың 70 жылдары мен аяқ шені, негізгі өкілдері: Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ә.Болғанбаев, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақ, С.Исаев, Ө.Айтбаев, М.Серғалиев, Ж.Манкеева т.б.

V кезең: қазіргі когнитивтік парадигмалар – XX ғасырдың аяғы мен бүгінгі күндер деп бөледі [26].

Қазақ тілінде когнитивтік лингвистиканы біршама зерттеген ғалым А.Исламның пікірінше: «Танымдық (когнитивтік) ғылым» термині (ағылш. *cognitive*) алғашқыда белгілі бір ақпаратты қабылдап, оны белгілі бір електен өткізіп, мида сақтай отырып, қажетті кезде оны қолдану нәтижесінде адамның миында білім қыртыстарының қалыптасып және толығу процестерін зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығын айқындау үшін енгізілген. Бұл жалпы айтқанда, танымдық ғылым адамдардың қоршаған дүниені қабылдау және танымдық қызметтерін пайымдау нәтижесінде белгілі бір жүйеге келтіріліп, біздің санамызда «жазылып», ментальды яғни, танымдық процестердің негізін құрайтын білім мен таным туралы ғылым. Ғалымдардың көпшілігі танымдық ғылымның адамның ми қыртыстарына әртүрлі жолдармен келетін білімнің қалай «жазылу» жолдары мен сол ақпараттардың белгілі бір өңдеуге түсу жүйелерін зерттейтін ғылым деген ықшам түріндегі анықтамасын қолданады [27, 71б.].

Когнитивті лингвистика ғылымының қысқаша түсініктемесі Ғ. Қалиевтің «Қазақ тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» былайша берілген: «Когнитивтік тіл білімі (лат. *cognito* білім, түсінік) – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Когнитивтік тіл білімі табиғи тілдің игерілу, қолданылу механизімін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады. Когнитивтік тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді және машиналық аударма, ақпараттық-ізденіс, есептеу жүйесімен т.б. байланысты бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді» [28].

Сондай-ақ қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика ұстанымдарын бүгінгі күні жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдардың бірі – Э.Д.Сүлейменова. «Когнитивтік лингвистикада тіл адамзат

ақыл-ойының ажырамас бөлшегі ретінде білім қабылдау, түсіну, ойлау секілді ұғымдармен қатар тұратын құрылым тұрғысынан қарастырылады» – деп айқындайды [29].

Когнитивтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысанының бірі концепт, дәлірек айтқанда, әлемді концептінің көмегімен модельдеу. Концепт – менталды мәндер. Әр концептіде адамға түбегейлі маңызды әлем туралы білім бар. Концептілер жүйесі адамның шындықты түсінуін, оның негізін көрсететін әлемнің бейнесін қалыптастырады. Концепт термині тіл білімінде берік орнықса да, әлі күнге шейін бұл терминге берілген ортақ анықтама жоқ.

Когнитивтік зерттеу әдістері

Ю. С. Степанов былай деп жазды: «... вопрос о методе – это, по сути, вопрос о содержании и реальности концептов» [Степанов 2004: 44]. Ю. С. Степановтың пікірінше, тұжырымдама қабатты құрылымға ие және әртүрлі қабаттар әртүрлі дәуірлердің мәдени өмірінің нәтижесі болып табылады, сондықтан концептіні зерттеу әдісі бірнеше әдістердің, дәлірек айтқанда әдістемелердің жиынтығы болуы керек.

Профильдеу әдістемесі. Ол танымдық анықтау әдістеріне негізделген (Дж.Лакофф) және фон мен фигураның арасындағы айырмашылық ретінде профильдеу (Л.Талми). Яғни, «профильдеу – бұл субъективтік тілдік және ұғымдық операция, оның шығу тегі, қасиеттері, сыртқы түрі, функциялары, оқиғалар және т.б. сияқты белгілі бір аспектілерде қабылдау арқылы объектінің бейнесін қалыптастыру» [Бартминьский 2005: 106]. Осылайша, объект кескінінің профилі – бұл нысанға бекітілген бейнелеу (стереотип) қасиеті. Ол нысанды түсіндіретін аспектілерді өзіндік таңдау мен құрылымдауда көрінеді, сонымен қатар осы аспектілерге қатысты нақты сапалық сипаттамалардың жиынтығымен байланысты болады [Бартминьский 2005: 48-53].

Тұжырымдамалық талдау теориясы (атаудың терең, анық емес сипаттамаларын анықтау үшін) (Чернейко Л. О., Долинский В. А.)

Тік синтаксистік өрістер теориясы (Прохорова С.М.) және *тік контекст теориясы* (Ахманова О. С., Гюббеннет И. В.). (Тік контекст, әдеби шығармада объективті түрде жазылған тарихи-филологиялық ақпарат. Авторлар тік контексттің негізгі категорияларын былай ажыратады: 1) реалия сөздер; 2) идиоматика;

3) дәйексөздер мен аллюзиялар. Филологиялық және әлеуметтік-тарихи түрлерін ажыратады).

Фреймдік семантика теориясы немесе фреймдік талдау. Көптеген ғалымдар (Е. Г. Белявская, Н.Н. Болдырев, В. Б. Гольдберг, Е. С. Кубрякова, Дж. Лакофф, Ч. Филлмор және т.б.) тілдің жұмыс істеуін модельдеу когнитивті категорияларға, оның ішінде білім санатына жүгінбей мүмкін емес екенін мойындайды.

Фреймдік талдау жаңа сөздер мен сөйлемдерді құру, сөздердің жаңа мағыналарын қосу, сонымен қатар мәтін элементтерінің мағыналарын тұтас мәнге «құрастыру» принциптерін сипаттауға мүмкіндік береді, тілден тәжірибеге ауысуда алшақтыққа емес, сабақтастыққа баса назар аударады [Филлмор 1982:111].

Е. Г. Беляевская да фреймдік талдауды тілдік жүйеде білімді ұйымдастыру принциптерін зерттеудің ең тиімді әдісі деп санайды [Беляевская 1994: 89]. В. Б. Голдберг «тілдік бірліктің мағынасын зерттеу үшін фреймдік талдау әдісіне жүгіну тек лингвистикалық қана емес, сонымен бірге адамның экстралингвистикалық, энциклопедиялық білімін де ескеру қажеттілігінен туындайды» деп дұрыс түйіндейді [Голдберг 2003: 56]. Сонымен лингвистикада фреймдер ретінде жалпы семантикамен біріктірілген тілдік бірліктер топтарын да, тілдік бірліктердің мағыналарын да есептейді.

Метафора және метонимия теориясы. Метафора және метонимия теориясында Дж.Лакофф пен М. Джонсон метафораны шындықты тану құралы ретінде, адамның тәжірибесін ұйымдастырудың, оның шындық туралы білімін құрылымдаудың құралы ретінде пайдалану мүмкіндігіне назар аударады [Дж. Лакофф, М. Джонсон 2004].

Сценарий тұжырымдамасы. Роджер Шенк пен Роберт Абельсон «сценарийлер» теориясын және оның кейінгі модификациясын – динамикалық жад теориясын тұжырымдады. Р. Шенк пен Р. Абельсон адамдар әдеттегі жағдайларды бастан кешіру үшін схемалар/сценарийлер жасайды деп болжады [21].

Танымдық (когнитивтік) модельдер теориясы. Дж.Лакофф пікіріне сәйкес, санаттауды (категоризациялауды) сипаттау үшін 4 типті модельдерді қолдануға болады: пропозициялық модельдер (олар элементтерді бөліп алады, олардың сипаттамаларын береді және олардың арасындағы байланысты көрсетеді), таксономиялық модель (негізгі тілдік модель), бейненің сызбалық модельдері («архетип» және «стереотип»), метафоралық модельдер,

метонимиялық модельдер. Бұл әдіс когнитивтік категорияларды қайта құру, категорияларды талдау және тілдік бірліктерді категориялық талдау үшін кеңінен қолданылады.

Э. Рош категориялардың ішкі құрылымын зерттеу үшін прототиптік теорияны ойлап тапты. Прототип – бұл ақыл-ой бейнесі, категорияның танымдық нұсқаулығы, яғни кез-келген сурет, гештальт, схема, кадр, стереотип. Автор категорияның орталық мүшелері шеткері аймақ (перифериялық) мүшелеріне қарағанда басқа танымдық сипаттамаларға ие болған көптеген жағдайларды бөліп көрсете алды. Бұл сипаттамалар «фототиптік эффектілер» деп аталады. Категорияның орталық мүшелері тезірек танылады, бұрын есте сақталады, жиі қолданылады, олармен жұптарды таңдау тестілері оңай орындалады және оларды Э.Рош «референттің тұжырымы» (reference point reasoning) деп атайды [19: 55]. Алайда, прототиптік әсерлер үстіртін сипатта болады.

Семантикалық-когнитивтік талдау белгілі бір этнос өкілдерінің, ана тілінің белгілі бір ұғымдарына қандай мазмұн беретінін байқауға, ана тілінің тұжырымдамалық жүйесінде бар байланыстарды анықтауға және орнатуға мүмкіндік береді. З.Д. Попова мен Н. А. Стернин семантикалық- когнитивтік талдауды зерттеп, келесідей кезеңдері бөліп көрсетеді:

- 1) Номинативті өрістің құрылысы.
- 2) Концепттің номинативті өрісіне кіретін тілдік құралдардың семантикасын талдау және сипаттау.
- 3) Тілдік құралдардың семантикасын сипаттау нәтижелерін когнитивті түрде түсіндіру, яғни зерттелетін тұжырымдаманы психикалық бірлік ретінде қалыптастыратын танымдық белгілерді анықтау.
- 4) Тіл иелерінен алынған танымдық сипаттаманы тексеру.
- 5) Танымдық белгілер тізімі түрінде концепт мазмұнын сипаттау [20].

Зерттеудің келесі қадамдары зерттеушінің қандай міндет қойғанына байланысты болады. Мысалы, егер міндет танымдық деректерді қолдана отырып, белгілі бір тілдік бірліктердің семантикасын сипаттау болса, онда зерттеу танымдық-семасиологиялық бағытта тереңдей түседі. Егер міндет концептіні таным бірлігі ретінде модельдеу болса, онда зерттеуші лингвоконцептологиялық зерттеу жолымен жүреді.

Зерттелетін концепт мазмұнының моделін ұсыну когнитивті түсіндіру және тексеру нәтижелері арқылы мүмкін болады. Лингвоконцептологиялық зерттеуге сәйкес концептіні модельдеу – бұл концепт мазмұнын өріс құрылымы түрінде ауызша немесе графикалық ұсыну.

Ауызша модель.

Концепт өріс ортасын, өріс маңын, өрістің шеткері аймақтарын құрайтын сөздерден тұрады. Әдетте, концепт құрылымында белгілі аймақтарда анықталған танымдық белгілер концепт құрылымында олардың берілу дәрежесі (тереңдігі, маңыздылығы, семантикалық құндылығы) бойынша сараланады, ол экспериментте белгіленген тілдік көрінісінің пайыздық қатынасы бойынша анықталады.

Графикалық модель.

Оның артықшылығы – өріс құрылымын көрнекі түрде көрсету, бірақ онда концепттің маңызды компоненттерін көрсету қиынырақ, өйткені оған барлық қажетті ақпаратты техникалық тұрғыдан орналастыру қиын. Алайда концептті толық сипаттау мүмкін емес, өйткені:

біріншіден, концепт көлемді, қатаң құрылымдалмаған ақыл-ой бірлігі болып табылады, сондықтан оны тілдік құралдармен толық білдіру мүмкін емес;

екіншіден, концепт әрқашан вербальды емес бөліктен тұрады;

үшіншіден, біз концепттің жас ерекшелігі, кәсіби, гендерлік сияқты компоненттерімен бетпе-бет келеміз, олар барлық көлемде вербализацияланбайды және концептіні сипаттау барысында оларды толығымен анықтау мүмкін емес;

төртіншіден, бірде-бір зерттеуші, бірде-бір лингвистикалық әдіс концепттің тілдік және сөйлеу көрінісінің барлық құралдарын анықтай алмайды;

бесіншіден, концепт серпінді (динамикалық), өйткені ол қоғамның жағдайы мен дамуына және тұтастай алғанда қоғамдық жағдайға бағынышты. Н.В. Крючкова: «Содержание концепта, а также его взаимосвязи с другими концептами зависят от изменений в массовом сознании, которые в свою очередь, определяются изменениями в общественной жизни, сменой приоритетов и ценностей» – дейді. Автор концепттің мазмұны, сондай-ақ оның басқа ұғымдармен байланысы бұқаралық санадағы өзгерістерге байланысты, олар өз кезегінде қоғамдық өмірдегі өзгерістермен, басымдықтар мен құндылықтардың өзгеруімен анықталады деп

тұжырымдайды, сондықтан концептің кез-келген синхронды сипаттамасы әрқашан осы нақты тарихи кезеңдегі концептің құрылымы мен мазмұнын сипаттайды.

Қалай болғанда да, концептің, оның макроқұрылымын және өрістік ұйымдасуын зерттеу барысында эксперименттік әдістер қолданылады. Бірақ та қазіргі заманауи әдебиеттерде концептуалдық талдаудың универсалды әдістемесі жоқ деп айтуға болады. Зерттеу негізінен интуитивті түрде жүзеге асады және ол зерттеушінің концепт ұғымына қандай мазмұн беретініне байланысты болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Когнитивті лингвистика дегеніміз не?
2. Когнитивті лингвистиканың негізгі категорияларына не жатады?
3. «Концепт» деген не?
4. Танымдық зерттеудің негізгі әдістері қандай?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Қазақстанда, жақын және алыс шетелдерде когнитивті лингвистиканың дамуы туралы жазбаша реферат дайындаңыз. Зерттеудің мақсаттары мен әдістерін салыстырыңыз.
2. Танымдық талдау әдістерін қолдана отырып, кішігірім зерттеу жасаңыз. Нәтижелерді таныстырыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Петров В. В., Герасимов В. И. Новое в зарубежной лингвистике. Вып. Когнитивные аспекты языка. – М.: Прогресс, –1988.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, – 1991. – 464 б.
3. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., – 2001. – 512 с.
4. Демьянков В. З., Кубрякова Е. С. Когнитивная лингвистика // Краткий словарь когнитивных терминов / Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. – М.: Филол. Ф-т МГУ им. М.В.Ломоносова, –1996.
5. Кронгауз М.А. Семантика: Учебник для вузов. М. РГГУ. – 2001. – 299 с.

6. Чернейко Л.О. Концепты ЖИЗНЬ и СМЕРТЬ как фрагменты языковой картины мира / Чернейко Л.О., Хо Сон Тэ //Филологические науки. – 2001.-№5.-С.50-59
7. Васильев Л.М. Семантические, грамматические и когнитивные категории языка. – Мичиган: Гилем, – 2007. – 308 с.
8. Демьянков В.З. Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке // Вопросы филологии. 2001. No 1.
9. Fauconnier J. Methods and generalizations. In: Cognitive Linguistics (см. № 8), p.p. 95-128.
10. Langacker R. Assessing the cognitive linguistic enterprise. In: Cognitive Linguistics... (см. № 8), p.p. 13-60.
11. Lakoff G. and Johnson M. Philosophy in the Flesh. The Embodied Mind and Its Challenge to Western Thought. N.Y.: Perseus Books – 1999. – 624 p.
- Jackendoff R. Semantics and Cognition. 6th ed. Cambridge (Mass.): The MIT Press. 1993. – 283 p.
12. Болдырев Н. Н. Фреймовая семантика как метод когнитивного анализа языковых единиц //Проблемы современной филологии: Межвуз. Сб. науч. Трудов. Вып. 1. Мичуринск, – 2000.
13. Дуйсекова К.К. Когнитивная лингвистика: состояние и перспективы исследований // Современные направления лингвистической науки. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. – 2014. – С.20-74
14. Краткий словарь когнитивных терминов. Под общ.ред Е.С.Кубряковой. – М.: Изд-во МГУ. –1997.
15. Лингвистические исследования в конце XX в: сборник обзоров.-М.: Ин-т науч. Информации по общественным наукам. – 2000 – 214 с.
16. Бартминьский Е. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. – М.: Индрик, 2005. – 528 с.
17. Fillmore C. J. Towards a descriptive framework for spatial deixis // Jarvell R. J., Klein W. (eds). Speech, place and action: Studies in deixis and related topics. London: Wiley, 1982. P. 31759.
18. Беляевская Е. Г. Когнитивные основания изучения семантики слова // Структуры представления знаний в языке. М., 1994. – С. 87 – 110.
19. Goldberg // Stephen Shead Radical Frame Semantics and Biblical Hebrew: Exploring Lexical Semantics. – 2003, pp. 377

20. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – М. – 2004.
21. Залевская А.А. Психолингвистические исследования: слово, текст : сборник научных трудов. – Тверь: Тверской гос. Университет, 1999. – 153 с.
22. Попова З.Д. Семантико-когнитивный анализ языка / З.Д. Попова, И.А. Стернин. – Воронеж: Истоки. – 2006. – 226 с.
23. Schank R. Scripts, Plans, Goals and Understanding: An inquiry into human knowledge structures. Schank R.C. Abelson R.P. Hillsdale. – 1977. – 236 p.
24. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым. – 1998. – 140 б.
25. Гиздатов Г. «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» докт. дисс. ... авторефераты
26. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007. – 312б.
27. Ислам А. Тіл мен ойлаудың екі жақты бірлігі танымдық ғылымында //Тілтаным 2003. № 2.
28. Қалиев Ғ. Қазақ тілі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы. – 2012. – 546 б.
29. Сүлейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастной лингвистики. – Алматы: Демей. – 1996. – 208 с.
30. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. – Астана: МОН РК. – 2010. – 404с.
31. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана. – 2003. – 184 с.
32. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. – М.: Академический проект. – 2004. – с. 42-67.
33. Bizhkenova A.E., Zhumakhanova A, Xanova D. \ Cognitive Structure of Understanding of Lexical Derivation in the Structure of Linguistics Development. *ASTRA Salvensis*, Supplement no. 1/2021, pp. 487-501.

Дәріс 7. Мәтін және оның лингвистикасы. Мәтіндік лингвистиканы зерттеу әдістері

Мақсаты: Білім алушыларды мәтін лингвистикасының заманауи бағыттарымен және мәтінді зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыру

Жоспар:

1. Мәтін лингвистикасы және оны дамытудың заманауи бағыттары
2. Мәтін санаттары
3. Мәтіндерді жіктеу және типология мәселесі
4. Мәтінді талдау
5. Мәтінді зерттеу әдістері

Мәтін лингвистикасы филолог-зерттеушілер үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мәтін лингвистикасы – мәтінді құрудың негізгі ережелерін және осы Ережелерге сәйкес келетін оның лингвистикалық категорияларын зерттейтін лингвистикалық ғылымның бағыты.

Мәтінді зерттеуге қызығушылық өткен ғасырдың 60-жылдарынан басталды. Бұл бағыт жазбаша дереккөздерден алынған белгілі бір сөйлемдерді ғана талдайтын дәстүрлі лингвистиканың шеңберінде дамыды. Мәтін талдау теориясындағы коммуникацияның дискурсқа қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Мәтін үрдіс емес, ол жазбаша түрде сөйлеудің нәтижесі. Онда тек қана хабар бар да, адамдар арасындағы ақпарат алмасу жоқ. Мәтін авторы мәтінді қарым-қатынасқа түспей, оның мәтін мазмұнына әсерін білмей-ақ орташа оқырманға бейімдейді.

Мәтін лингвистикасының зерттеу объектісі – бұл қарама-қайшы қасиеттері тұрғысынан зерттелетін тікелей мәтін. М.М. Бахтин мәтінді алғашқы зерттеушілердің бірі ретінде мәтіннің қайшылықты табиғатын атап өтті, ол бір жағынан әмбебап тілдік құралдарды қолдануда, екінші жағынан мәтіннің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігінде көрінеді [1:45].

Бүгінгі таңда мәтіннің көптеген анықтамалары бар және жалпы сипаттамаларға қарамастан, әр анықтама мәтіннің лингвистикалық шындықтың объектісі ретінде жеке авторлық көзқарасын көрсетеді. О.С. Ахманова лингвистикалық терминдер сөздігінде мәтінді «жазбаша түрде жазылған сөйлеу туындысы» ретінде ұсынады [2:46]. Алайда, И.Р. Гальпериннің анықтамасы өзекті болып қала береді:

«Текст – это произведение речетворческого процесса, объективированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющее определенную целенаправленность и прагматическую установку» [3:18]. Ғалымның пікірінше мәтін тек жазбаша түрде жазылған туынды емес, өте күрделі, белгілі бір мақсатта жазылған прагматикалық ұстанымды шығармашылықтың түрі.

Айта кету керек, мәтін лингвистикасының пәні пәнаралық сипатқа ие және оның көп өлшемділігімен ерекшеленеді. Мәтін лингвистикасының пәнін лингвоцентрлік, стилистикалық, мәтіндік, философиялық, семиотикалық, мәдени, әдеби бағыттарда қарастыруға болады.

З.Я. Тураева мәтін лингвистикасын дамытудың келесі бағыттарын анықтайды [4:8-10]:

1) Мәтінді жоғары дәрежелі жүйе ретінде зерттеу, оның негізгі белгілері тұтастық пен байланыс болып табылады.

2) Мәтін типологиясын коммуникативтік параметрлерге және олармен байланысты лингвистикалық белгілерге сәйкес құру (берілу мен мазмұн жоспарының бірлігінде кеңінен түсініледі).

3) Мәтінді құрайтын бірліктерді зерттеу.

4) Арнайы мәтін санаттарын анықтау.

5) Мәтін әсерінен, олардың мәтінмен интеграциялануы нәтижесінде әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің жұмыс істеуінің сапалық ерекшелігін анықтау.

6) Фразааралық байланыстар мен қатынастарды зерттеу.

Неміс лингвисті П. Хартманн осы ғылымды зерттеудің үш саласын анықтайды: мәтіннің жалпы лингвистикасы, белгілі бір мәтіннің лингвистикасы және мәтіндердің типологиясы [5].

Мәтін лингвистикасы мәтіннің әртүрлі аспектілерін қарастырады:

1) онтологиялық аспект: мәтіннің мәртебесі, оның ауызекі тілден негізгі айырмашылықтары, оның сипаты мен шарттары;

2) гносеологиялық аспект: мәтіндегі объективті шындықтың көрінісі, шындықтан идеалға көшу;

3) лингвистикалық аспект: мәтінді рәсімдеудің тілдік құралдарын зерттеу;

4) психологиялық аспект: мәтінді қабылдау және түсіну;

5) прагматикалық аспект: автордың объективті шындыққа және мәтінде сипатталатынға қатынасы.


Бастапқы материал ретінде мәтінді / мәлімдемені талдау келесі мақсаттарда жүргізіледі: а) онда нақты сөйлеу сегменттеріне қатысты жалпыланған инвариантты бірліктерді (фонемалар, морфемалар, сөйлем кестелері) бөлу; ә) тілдік бірліктердің өзіндік сәйкестігін сақтау шартымен олардың өзгеру шекараларын анықтау; б) тілдік жүйеден сөйлеуді жүзеге асыруға көшу ережелерін белгілеу.

Мәтін лингвистикасының дамуына үлкен үлес қосқан Прага лингвистикалық үйірмесінің (К.Гаузенбаз, П. Сгалл, Х. Изенберг), Француз лингвистикалық мектебінің (Ш. Балли, Э. Бенвенист, Р. Барт, Ю. Кристева, П. Серио, М. Пеше), неміс лингвистикалық мектебінің (Э. Косериу, Х. Вайнрих, П. Хартманн, И. Беллерт, В. Дресслер), орыс лингвистикалық мектептерінің (В.В. Виноградов, Л.В. Щерба, М.М. Бахтин, Г.Я. Солганик, З.Я. Тураева, Г.И. Богин, А.А. Залевская) және т. б. өкілдері.

Мәтін категориялары (санаттары)

И.Р. Гальперин алғашқылардың бірі болып мәтіннің мазмұндық және құрылымдық-формальды параметрлерін бөліп көрсете отырып, мәтін құраушы категориялар жүйесін ұсынды. Өзінің монографиясында [6] ол келесі категорияларды егжей-тегжейлі сипаттады: ақпараттылық, сегменттеу, когезия (мәтінішілік байланыстар), континуум, мәтін сегменттерінің автосемантиясы, ретроспекция және проспекция, модальдылық, интеграция және мәтіннің аяқталғандығы. Соңғы уақытта мәтін лингвистикасы зерттеген мәтін санаттарының саны едәуір өсті, осыған байланысты мәтіннің категориялары мен қасиеттерін бөлу қажет болды.

Мәтіннің әмбебап категорияларына тұтастық (мазмұн жоспары) және байланыс (айтылым жоспары) жатады. Оны сұлбада келесідей көрсетуге болады:



Мәтіннің дәстүрлі категорияларынан басқа, мәтіннің келесі параметрлері ерекшеленеді: абсолютті антропоцентризм, элеуметтенулік, диалогтық, статикалық және динамизм, шиеленіс, эстетика, бейнелеу және интерпретация.

Мәтіннің негізгі категориялары мен параметрлерін талдай келе Л.Г. Бабенко мәтінді «словесное художественное произведение, представляющее реализацию концепции автора, созданную его творческим воображением индивидуальную картину мира, воплощенную в ткани художественного текста при помощи целенаправленно отобранных в соответствии с замыслом языковых средств, и адресованное читателю, который интерпретирует его в

соответствии с собственной социально-культурной компетенцией» деп түсіндіреді [7:45]. Ғалымның пікірінше мәтін автордың тұжырымдамасын жүзеге асыратын, оның шығармашылық қиялынан туындаған, автор идеясына сәйкес мақсатты түрде таңдалған тілдік құралдардың көмегімен безендірілген және оқырманға бағытталған. Ал оқырман оны өзінің әлеуметтік-мәдени құзыретіне сәйкес түсіндіреді.

Мәтіндерді жіктеу және типология мәселесі

Мәтіннің жалпы лингвистикада алатын орталық орнына қарамастан, оның жіктелуі, әлі де жете дамымаған, қазіргі уақытта мәтіндерді жіктеуге негіз болатын негізгі критерийлер әлі нақты анықталып, бір жүйеге түсірілген жоқ. Мұны мәтіннің күрделі құрылымының көп өлшемділігімен түсіндіруге болады.

Көптеген лингвистер жанрларға дәстүрлі бөлуді қолданады: эпос, лирика және драма. Н.С. Валгина «ғылыми және ғылыми емес мәтіндер», «көркем және көркем емес мәтіндер», «монолог және диалог мәтіндер»; «бір адресатқа және көп адресатқа арналған мәтіндер» деп бөліп көрсетуді ұсынады [8].

Мәтін мәселелерімен айналысатын авторлардың басым көпшілігі қабылдау сипатына байланысты бастапқыда мәтінді көркем және көркем емес деп бөледі. Көркем емес мәтіндер қабылдаудың бірегейлігімен, көркем мәтіндер – күрделілігімен сипатталады. Сонымен қатар, берілу түріне қарай мәтіндерді ауызша (ауызекі сөйлеу және күнделікті өмірде) және жазбаша (ресми іскерлік және эстетикалық қарым-қатынас саласында) деп бөлуге болады.

В. П. Белянин мәтін жіктеуде өзінің типологиясын ұсынады: жеңіл мәтіндер, белсенді мәтіндер, қарапайым (зорлық-зомбылық) мәтіндер, көңілді мәтіндер, әдемі мәтіндер, қайғылы мәтіндер, күрделі мәтіндер, аралас мәтіндер т.с.с.

Мәтіндердің бұл типологиясы әртүрлі типтегі мәтіндерді қабылдау барысындағы психоллингвистикалық эксперименттің нәтижесі болып табылады. Автор «реципиенты интерпретируют их (тексты) в пределах своих перцептивных эталонов и с помощью языковых элементов индивидуальных картин мира» деп болжайды [9:96]. Ғалымның пікірінше реципиенттер мәтіндерді әлемді түсінудің жеке суреттерінің тілдік элементтерін қолдана отырып түсіндіреді. Бұл типология мәтіннің танымдық қабылдауын талдау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Мәтінді талдау

Мәтінді талдау мәтін лингвистикасының негізі болып табылады, зерттеуші-филолог үшін мәтінге жүгіну, автордың әлеуетін зерттеу және автордың көзқарасын тілдік бірліктер арқылы беру тәсілдерін үйрену өте пайдалы. Автор сезімтал суретші ретінде әрқашан біздің заманымыздың ең өткір және көкейкесті мәселелерін сезінеді және оларға жауап іздейді. Бұл оның шығармасының идеясын құрайды, бірақ субъективті және объективті факторларды ескерген жөн, өйткені идея автордың проблемасын таза түсіну болып табылады, бірақ сонымен бірге автор қоғамнан тыс өмір сүре алмайды және үнемі дамыған идеялық және эстетикалық нормалар мен стандарттардың ықпалында болады.

В.А. Кухаренко «на всех этапах создания произведения – от замысла через процесс воплощения к завершённому целому – действует сложное и неразрывное единство субъективных и объективных факторов, обеспечивающих как уникальность и неповторимость каждого художественного творения, так и его общественную идейно-эстетическую ценность» – деген болжам жасайды. Оның ойынша туындыны жасаудың барлық кезеңдерінде – идеядан бастап іске асыру процесі арқылы аяқталған бүтінге дейін – әрбір көркем туындының бірегейлігі мен қайталанбастығын, сондай-ақ оның қоғамдық идеялық-эстетикалық құндылығын қамтамасыз ететін субъективті және объективті факторлардың күрделі және ажырамас бірлігі жұмыс істейді.

Мәтінді түсіндіру герменевтика ретінде – қасиетті мәтіндерді түсіндіру ретінде басталды (грек тілінен «герменеутикос» – түсіндіру). Мәтінді түсіндіру – бұл шығарманы әдеби және лингвистикалық талдаудағы міндетті процесс, «көркем шығарма адам қызметінің коммуникативті іс-әрекетінің маңызды, табиғи және қажетті жағын құрайды. Оның өзіндік ерекшелігін тек осы қызметтің барлық кезеңдері мен сипаттамаларын зерттеу арқылы ғана білуге болады» [сонда].

Мәтін талдаудың әдістері

Мәтін талдаудың әдістерін қарастырудан бұрын мәтін талдаудың негізгі мақсаттарына тоқтала кетейік: 1) мәтін типін, түрін анықтау; 2) мәтіндердің құрылымын зерттеу; 3) мәтін ішіндегі байланыс ерекшеліктерін анықтау; 4) мәтіннің семантикалық-прагматикалық ерекшеліктерін айқындау.

Мәтін талдау кешенді сипатталған бағытта жүзеге асады. Ол алгоритм жүйесіндегі бірізді қадамдардан тұрады. Кез келген мәтін талдаудың алгоритмі төмендегідей:

- 1) мәтінді межеллеу (белгілеу);
- 2) мәтін типін анықтау;
- 3) мәтін тақырыбын айқындау;
- 4) мәтін құрылымын анықтау;
- 5) мәтін ішіндегі байланыс ерекшеліктерін көрсету;
- 6) мәтін стилистикасының ерекшеліктерін анықтау;
- 7) мәтіннің прагматикалық маңызын, мәнін айқындау.

Зерттеушінің прагматикалық көзқарасына байланысты мәтінді зерттеудің әртүрлі тәсілдері бар. Н.С. Болотнова «комплексный филологический анализ текста включает в себя лингвистический, стилистический и литературоведческий анализ. Филологический анализ текста призван обобщить и синтезировать данные лингвистического и стилистического анализа, установить взаимосвязь формы и содержания литературного произведения, рассматриваемого в культурно-историческом контексте эпохи» деп есептейді [11:28]. Автордың пікірінше мәтінді кешенді филологиялық талдау лингвистикалық, стилистикалық және әдеби талдауды қамтиды, ал мәтінді филологиялық талдау лингвистикалық және стилистикалық талдау деректерін жалпылауға және синтездеуге, дәуірдің мәдени-тарихи контекстінде қарастырылған әдеби шығарманың формасы мен мазмұнының байланысын анықтауға арналады.

Мәтінді лингвистикалық талдау мәтіннің тілдік ұйымдастырылуын зерттеуге бағытталған, негізгі мақсаты – «әдеби шығармалардың идеялық және онымен байланысты эмоционалды мазмұнын білдіретін» тілдік бірліктерді окшаулау (Л. В. Щерба).

Мәтінді лингвистикалық талдау түрлерінің ішінде: лингвистикалық түсініктеме (толық және таңдамалы; синхронды, алдын-ала, кейінгі); толық деңгейлі және ішінара лингвистикалық талдау; лингвопоэтикалық талдау түрлері ерекшеленеді [11:28].

Стилистикалық зерттеу аясында мәтінді қарастыра отырып, мәтін тек «стилистикалық узуалды» ғана емес, сонымен бірге автордың стилін де көрсететінін атап өткен жөн, ол тілдік құралдарды таңдауда және оқырманның танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда көрінеді.

Әдебиеттанулық талдаудың объектісі тек көркем мәтін болып табылады. Н.С. Болотнова: «литературоведческий анализ включает

изучение времени и обстоятельств написания произведения; его места в творчестве писателя; определение литературного рода произведения и жанра; основной проблематики; темы; композиции; пафоса произведения и эмоциональной тональности; образного строя; идеи и художественных особенностей» [11:96]. Автор әдебиеттанулық талдау туындыны жазудың барлық параметрлерін, уақыты мен мән-жайын, оның жазушы шығармашылығындағы орнын, шығарманың әдеби түрін мен жанрын анықтауды, негізгі проблематика мен тақырыпты, шығарманың эмоциялық үндестігін, идеялар мен көркемдік ерекшеліктерін зерттейтінін атап өтеді. Әдеби талдау мәтінді филологиялық тұрғыдан зерттеудің үшінші кезеңі болып табылады, мәтінді филологиялық талдаудың алдыңғы кезеңдері негізінде алынған көркем мәтіннің ғана емес, сонымен бірге автордың шығармашылық тұлғасы туралы алдыңғы кезеңдердің негізінде алынған ойларды толықтырады және кеңейтеді.

Көркем мәтінді кешенді лингвистикалық талдау алгоритмі

1. Көркем мәтіннің функционалдық-стильдік қатыстығын анықтау (жалпы түрде).

2. Мәтіннің семантикалық кеңістігін талдау.

2.1. Мәтіннің концептуалдық кеңістігін анықтау.

2.1.1. Мәтіннің кілт сөздерінің жиынтығын айқындау.

2.1.2. Негізгі концептті анықтау.

2.1.3. Негізгі концепттің концептосферасының сипаттамасы.

2.2. Мәтіннің денотативті кеңістігіне талдау.

2.2.1. Мәтіннің макроқұрылымын – макропропозициялар жиынтығын және оларды байланыстыратын қатынастарды анықтау.

2.2.2. Мәтіндік жағдайлардың лексикалық-семантикалық бейнелену ерекшеліктерін сипаттау.

2.2.3. Көркемдік уақытты және оны мәтіндік жүзеге асыру тәсілдерін талдау.

2.2.4. Көркемдік кеңістік пен оны жүзеге асырудың тілдік тәсілдерін анықтау.

2.3. Мәтіннің эмотивті кеңістігін талдау.

2.3.1. Кейіпкерлердің образдары құрылымындағы эмотивті мағыналарды анықтау және сипаттау.

2.3.2. Автор бейнесінің құрылымындағы эмотивті мағыналарды анықтау және сипаттау.

2.3.3. Психолінгвистикалық эксперимент пен мәтінді лексикалық-семантикалық талдау нәтижелерін қолдана отырып, мәтіннің эмотивті тоналдылығын айқындау.

2.3.4. Экстенционалды эмотивті мағыналарды анықтау.

3. Мәтіннің құрылымдық ұйымдастырылуын айқындау.

3.1. Мәтіннің сегментациялануын талдау.

3.1.1. Мәтіннің көлемдік-прагматикалық бөлінуінің ерекшеліктерін сипаттау.

3.1.2. Мәтіннің құрылымдық-мағыналық бөлінуін талдау:

3.1.2.1. Құрылымдық-мағыналық орталықты анықтау.

3.1.2.2. Құрылымдық-мағыналық орталықтың ішкі композициялық құрылысының сипаттамасы.

3.1.3. Мәнмәтіндік-вариативті бөлінуді талдау:

3.1.3.1. Мәтінде ұсынылған автор сөзінің композициялық-сөйлеу формаларын анықтау және сипаттау (сипаттау, баяндау, пайымдау).

3.1.3.2. Мәтінде қолданылатын басқа біреудің сөйлеуін бейнелеу әдістерінің сипаттамасы (полилог, диалог, монолог, тікелей, жанама және дұрыс емес тікелей сөйлеуі бар құрылымдар, сана ағымы, ішкі монолог, ішкі сөйлеумен мәтіндік қиылысу).

3.2. Мәтін байланысын талдау.

3.2.1. Мәтін құраушы логикалық-семантикалық байланыстарды анықтау және сипаттау.

3.2.2. Мәтінді құрайтын грамматикалық байланыс құралдарын айқындау.

3.2.3. Мәтінді құрайтын прагматикалық байланыстарды сипаттау.

4. Мәтіннің коммуникативтік ұйымдастырылуын талдау.

4.1. Мәтін мен оның фрагменттерінің коммуникативті регистрінің сипаттамасы.

4.2. Мәтінде жиі қолданылатын тема-ремалық құрылымдардың талдауы.

4.3. Мәтіндік ремалық доминанттарды анықтау.

5. Мәтінде қолданылатын мағынаны өзектендіру әдістерінің сипаттамасы (мәтіндік доминанттарды анықтау):

5.1. Лексикалық бірліктерді және қолданылатын лексикалық категорияларды таңдаудың өзіндік ерекшелігі.

5.2. Қайталанатын синтаксистік құрылымдардың жиілігі.

5.3. Сөз тәртібінің ерекшеліктері.

5.4. Мәтінде бейнелі құралдар мен стилистикалық әдістерді қолдану.

6. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау нәтижелерін қорытындылау.

Жоғарыда қарастырылған прагмалингвистика шеңберіндегі мәтін талдау әдістерін мәтін семантикасын тілдік тұлға позициясынан өмір шындығының бір көрінісі ретінде талдау деп тұжырымдауға болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. «Мәтін лингвистикасы» нені зерттейді? Ғылымның осы саласын зерттеудің нысаны мен пәні. Мәтін лингвистикасын зерттеудің негізгі міндеттері.

2. «Мәтінге» анықтама беріңіз. Мәтінді анықтаудың негізгі проблемасы неде?

3. Мәтінді зерттеудің филологиялық, лингвистикалық және стилистикалық әдістерінің айырмашылығы неде?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Мәтінді құрайтын негізгі категорияларды және оларды мәтінде қалай білдіру керектігін қарастырыңыз.

2. Белгілі бір мәтіннің мысалында «автор бейнесі» мен «кейіпкер бейнесін» қарастырыңыз.

3. Дәрісте берілген алгоритм бойынша шығарманы (үзіндіні) талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – М., – 1976.

2. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов / О. С. Ахманова. – М.: URSS [и др.], 2007. – 569 с.

3. Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., – 1981. – 137 с.

4. Тураева З.Я. Лингвистика текста (Текст: Структура и семантика) – Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2103 «Иностр. яз.» – М.: Просвещение. – 1986. – 127 с.

5. Хартман, П. Текст, тексты, классы текстов//Проблемы теории текста. Реферативный сборник. АН СССР Институт научной информации по общественным наукам. – Москва, – 1978. – С.168-185.
6. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 4-е, стереотипное. М: КомКнига, 2006. – 144 с. (Лингвистическое наследие XX века.)
7. Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика: Учебник; Практикум / Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин. – 3-е изд., испр. – М.: – Флинта: – Наука. – 2005. – 496 с.
8. Валгина Н.С. Теория текста. Учебное пособие. – М. – 2004.
9. Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. М.: Изд-во МГУ, 1988. – 123 с.
10. Кухаренко В. А. Интерпретация текста: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. №2103 «Иностр. яз.» – 2-е изд., перераб. – М.: Просвещение. – 1988. – 192 с.
11. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана. – 2003. – 184 с.
12. Болотнова, И.С. Филологический анализ текста. Часть I [Текст]: пособие для филологов/ И.С. Болотнова. – Томск. – 2001. – С. 31-51
13. Bizhkenova A., Aubakir S., Kapenova Z., Aubakirova S., Zhumabekova B Interpretation of non-standart words in poetic discourse: Examples of Kazakh poetry. \ \ Opción, Revista de Ciencias Humanas y Sociales, Universidad del Zulia. Maracaibo – Venezuela. Volume 35, Issue 90-2 (2019); Pages 172-186

Дәріс 8. Дискурс теориясы. Дискурстың лингвистикалық теорияларының түрлері. Дискурсты зерттеу әдістері

Мақсаты: дискурстың лингвистикалық теорияларының заманауи түрлерін талдау

Жоспар:

1. «Дискурс» ұғымын зерттеу мәселесі
2. «Мәтін» және «дискурс» категорияларының арақатынасы
3. Тілдік қарым-қатынасты зерттеу тәсілдері.

Өткен ғасырдың соңында әлемдік тіл білімінде жаңа бағыт пайда болды – ол дискурсты талдау. Теориялық, сипаттамалық және қолданбалы лингвистикада пайда болған осы бағыттың сәтті дамуы үшін мәтіннің коммуникативті аспектісі және мәтіннің прагматикасы үлкен қызығушылық тудырады (Сабитова 2014:164). Концептуалды-танымдық және интеракциялық талдауды басымдықтар ретінде анықтаған, тез дамып келе жатқан коммуникативті-бағытталған дискурс теориясы автор сөзімен айтсақ «дискурсты мәтін ретінде, дискурсты жанр ретінде, дискурсты кәсіби практика ретінде, дискурсты әлеуметтік практика ретінде», «дискурсты әлеуметтік интеракция ретінде» зерттеуге назар аударуға мүмкіндік берді [сонда:164].

Мәтін лингвистикасында «мәтін» ұғымының эмпирикалық көлемінің ұлғаюы және нәтижесінде оның логикалық-лингвистикалық бейнесінің кеңеюі орын алды. Соңғы жылдары «мәтін» анықтамалары көбінесе «дискурспен» араласып, олардың арасындағы шекараны бұлыңғыр етеді және олардың концептуалдық бөлінуін талап етеді [сонда:164]. Дискурсты талдау көптеген пәндерді қамтиды, олардан материал, әдістер мен тәсілдерді алады. Өз кезегінде, дискурсты талдау өзіне байланысты пәндердің дамуына айтарлықтай үлес қосады, олардың түйісу орны болып табылады.

Құрылымдық әдіснаманың таралуымен және құрылымдық лингвистиканың пайда болуымен «дискурс» ұғымы лингвистикада ғана емес, көптеген гуманитарлық ғылымдарда да танымал бола бастады. Құрылымдық лингвистикада тіл әлем туралы білім шифрланған әмбебап матрица ретінде ұсынылған. Тілдің құрылымы тек шындықты көрсету және репрезентациялау ретінде емес, оны құрастыру және түрлендірудің құрал-саймандары ретінде қаралады.

Патрик Серио француз дискурстық талдау мектебінің зерттеулерінде кездесетін «дискурс» ұғымының сегіз мағынасын анықтайды [1]. «Дискурс» термині, – дейді автор, – көптеген қолданыстан көрінеді. Атап айтқанда, бұл төмендегілерді білдіреді:

- соссюрлік мағынада «сөйлеу» ұғымының эквиваленті, яғни кез-келген нақты мәлімдеме;

- көлемі жағынан фразадан асатын бірлік, жаһандық мағынада мәлімдеме; жеке сөздердің тізбегін зерттейтін «мәтін грамматикасы» зерттеуінің тақырыбы;

- сөйлеу немесе прагматика теориялары аясында «дискурс дегеніміз – бұл айтылған ойдың қабылдаушыға тигізетін әсері және

оның «айтылған жағдайға» енуі (бұл айтылымның субъектін, адресатты, сөйлемнің айтылу сәті мен белгілі бір орнын білдіреді);

- «дискурс» сөйлеудің негізгі түрі ретінде қарастырылатын әңгімені білдіреді;

- Э. Бенвенист бойынша «дискурс» дегеніміз – сөйлеушінің сөзі, «баяндауға» қарама-қарсы, ол сөйлеушінің эксплицитті араласуынсыз жүзеге асырылады;

- кейде *тіл* мен *дискурс* (langue/discourse) бір жағынан аз сараланған виртуалды мағыналар жүйесі ретінде, екінші жағынан, тілдік бірліктерге тән әр түрлі қолданумен байланысты қарама-қайшы болып келеді. Осылайша, «тілде» элементті зерттеу және оны «сөйлесімде» «дискурс» ретінде зерттеу болып бөлінеді;

- дискурс термині белгілі бір әлеуметтік немесе идеологиялық ұстанымға байланысты шектеусіз мәлімдемелерге қолданылатын шектеулер жүйесін белгілеу үшін жиі қолданылады. Мысалы, «феминистік дискурс» немесе «әкімшілік дискурс» туралы сөз болғанда, жеке жеке корпус қарастырылмайды, феминистерге немесе әкімшілікке тән мәлімдеменің белгілі бір түрі қарастырылады;

- дәстүр бойынша дискурсты талдау зерттеу тақырыбын анықтайды, сөйлеу мен дискурсты ажыратады [1].

Лингвистикалық ғылымда маңызды әдіснамалық мәселелердің бірі «дискурс» және «мәтін» ұғымдарын ажырату және корреляциялау туралы мәселе болып табылады.

70-жылдардың басында дискурсты «мәтін» және «қатысымдық жағдаят» ретінде көрсетуге әрекет жасалды. Осылайша, мәтін «дискурс» минус «коммуникативтік жағдаятқа» тең деп анықталды. «Во многих функционально ориентированных исследованиях, – дейді М.Л. Макаров, – видна тенденция к противопоставлению дискурса и текста по ряду оппозитивных критериев: *функциональность – структурность, процесс – продукт, динамичность – статичность и актуальность – виртуальность*. Соответственно различаются *структурный текст-как-продукт* и *функциональный дискурс-как-процесс*» [2]. Автордың пікірінше функционалды бағытталған зерттеулерде, дискурс пен мәтінді зерттеуде қарама-қайшылық тенденциясы байқалады: функционалды құрылымдық мәтін-өнім ретінде және функционалды дискурс-үрдіс ретінде ерекшеленеді».

Е. И. Шейгал дискурсті қарым-қатынасқа қатысушылардың ауызша мәтіндер мен байланыстың белгілі бір контекстіндегі басқа да маңызды кешендер арқылы өзара әрекеттесуінен тұратын

коммуникативті оқиға ретінде түсіндіреді және оны келесідей формула түрінде елестетуге болады дейді: «Дискурс трактуется как коммуникативное событие, заключающееся во взаимодействии участников коммуникации посредством вербальных текстов и других знаковых комплексов в определенных контекстах общения; данный подход можно представить в виде следующей формулы: «дискурс = текст + интерактивность + ситуативный контекст + культурный контекст» [3]. Ғалым «Семиотика политического дискурса» атты монографиясында саяси дискурсқа кешенді талдау жүргізіп, саяси дискурсқа сипаттама беріп, атқаратын қызметін анықтап, оның базалық концептілерін сипаттайды. Автор саяси дискурстың лингвистикалық зерттеулерін үш негізгі тәсілдерге жинақтайды: дескриптивті (саясаткерлердің тілдік мінез-құлқын риторикалық талдау), сыни (дискурста берілген әлеуметтік теңсіздікті анықтау) және танымдық (саяси дискурстың концептілері мен фреймдерін талдау).

Адамның коммуникативтік қызметін екі түрде: ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) түрде прагмалингвистика пәні зерттейді.

Олардың айырмашылықтарын танымдық ғылым негізінде үрдіс пен үрдістің нәтижесі ретінде А.Е. Карлинскийдің салыстыра зерттеуінен көруге болады. Бұл айырмашылықтар төмендегі сызбада берілген:

Дискурс	Мәтін
1. Дыбыстық формада сөйлеу немесе сөзді айту үрдісі.	1. Графикалық формада берілген сөйлеу нәтижесі.
2. Нақты бір ситуация кезінде вербалды және вербалды емес құралдарды қолдана айтылған дайындықсыз сөйлеу.	2. Өңделген сөйлеу.
3. Коммуниканттар арасындағы тікелей қатынас.	3. Коммуниканттар арасында тікелей қатынастың болмауы.
4. Сөздің, сөйлеудің айтылу мезгілі мен қабылдау мезгілі бір уақытта өтеді.	4. Сөздің, сөйлеудің айтылу мезгілі мен қабылдау мезгілі әр түрлі уақытта, кезеңде өтеді.
5. Сөйлеудің рөлдері ауысып отыратын айтушысы мен тындаушысы бар. Оны екіжақты дискурс дейміз.	5. Толық емес коммуникативтік жағдайдағы бір ғана автор.

Сызбадан төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) Дискурс – сөзді айту үрдісі және дайындықсыз сөйлеу;

2) Мәтін – өңделген сөйлеу;

3) Дискурстың кез келген түрінде (монолог немесе диалог) қатынасқа түсуші адамдар арасында тікелей қарым-қатынас болуы керек. Ал мәліметті мәтін арқылы бергенде бұл сияқты тікелей қатынас болмайды;

4) Дискурс кезінде сөздің, сөйлеудің айтылу мезгілі мен қабылдау мезгілі бір уақытта өтеді. Ал мәтінді жазу мен оқу бір мезгілде жүзеге аспайды. Олардың арасы алшақ болады, мысалы біз бірнеше ғасыр бұрын жазылған мәтінді оқи аламыз;

5) Екі жақты дискурс кезінде (әңгіме, пікірсайыс) екі автор кезек кезек сөйлеседі, ал мәтінде автор біреу ғана болады.

Сөздің, сөйлеудің осы екі түрінде әртүрлі тәжірибе жатыр: ауызша сөйлеу (дискурс) тәжірибесі негізінен диалог түрінде іске асса, жазбаша сөйлеу тәжірибесі монолог ретінде жүзеге асады.

Дискурсты зерттеудің әдіс-тәсілдері

Тіл білімінде ауызекі қатысымды (устная коммуникация) зерттеуге деген қызығушылық болғанмен де, оны зерттеу тек қана өткен ғасырдың 80- жылдарында ғана нақты ғылыми сипат алып, адамның коммуникативтік қызметінің ауызша түрі зерттеле бастады. Прагматлингвистиканың дамуымен ғана ауызекі қатысымды зерттеу ғылыми түрде мүмкін болып, ол алдына келесі мақсаттарды қойды:

1) дискурсты, оның түрлерін, тілдік ерекшеліктерін зерттеу;

2) дискурсқа қатысушылардың интенциясын, коммуникативтік стратегиясын және тактикасын анықтау;

3) дискурсқа қатысушы адамдардың әрқайсысының сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу;

4) дискурстың лексико-грамматикалық құралдарының семантикалық ерекшеліктерін анықтау.

Дискурсты зерттеудің әдіс-тәсілдері әлі толық нақтыланған жоқ. Оның өз объективті себептері бар. Біріншіден, дискурс – үрдіс, бірақ оны белгілі бір кезеңде тоқтатып, талдап, статикалық түрде суреттеуге болады.

Дискурсты зерттеп, талдауға алгоритм сай келеді. Бірақ ол алгоритм мәтінді талдаудағы алгоритмнен басқа болуы керек. Өйткені екеуінің зерттеу объектісі екі басқа. Дискурс – коммуниканттардың

фонация, кинесика сияқты экстралингвистикалық факторларды ескергендегі сөйлеуінің жиынтығы. Осы факторларды зерттеу үшін – үн жазатын аппаратура қажет.

Екі жақты дискурсты талдаудың алгоритмі төмендегідей болуы мүмкін:

- 1) қарым-қатынас ситуациясын анықтау;
- 2) дискурс типін анықтау;
- 3) дискурс құрылымын анықтау;
- 4) коммуниканттардың рөлін анықтау;
- 5) «А» коммуникантының сөйлеудегі семантикалық ерекшеліктері;
- 6) «В» коммуникантының сөйлеу семантикалық ерекшеліктерін зерттеу;
- 7) екі коммуниканттың сөйлеу стратегиясы мен тактикасының интенциясын анықтау;
- 8) жалпы дискурстың семантикалық ерекшеліктерін анықтау;
- 9) дискурстың лексико-грамматикалық аспектісін айқындау.

Жалпы дискурсты зерттеуде коммуниканттардың интенциясын, сөйлеуде вербалды және вербалды емес құралдарды қолданудың коммуникативтік стратегиясы мен тактикасын, менталдық ерекшеліктерін есепке алған жөн.

Тілдік қарым-қатынасты зерттеу тәсілдері

Парадигма тарихына қысқаша шолу дискурстық талдау әдістеме мен теорияның үйлесімімен сипатталатыны кездейсоқ емес екендігін көрсетті, оның пайда болуы көптеген түрлі бағыттар мен пәндерге байланысты.

Тілдік қарым-қатынасты зерттеу дәстүрінде өзінің теориялық бет-бейнесі бар және өз әдіснамасы бар тәуелсіз зерттеу практикасы ретінде қалыптасқан бірқатар мектептер мен бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар, осы тәсілдердің барлығы (олардың кейбіреулері жоғарыда аталып өтті) даму тарихымен ғана емес, сонымен бірге географиялық таралу аймағымен де ерекшеленеді.

«Сөйлемнен үлкен» тілдік құрылымдарды талдауға жүгінген көптеген еуропалық зерттеушілер стилистика, герменевтика, риторика және эстетика проблемаларына дәстүрлі қызығушылықты сақтағандықтан, олардың нақты мәтіндерді, көбінесе әдеби мәтіндерді оқуға деген құштарлығы заңды болып табылады. Ағылшын-американдық академиялық дәстүрде дискурстық

талдаудың әдебиетпен байланысы болған күннің өзінде өте шамалы. Бірақ онда этнографиялық және философиялық негіздер әлеуметтік-танымдық контексте табиғи дыбыстық сөйлеуді талдауға ерекше қызығушылықты анықтады.

Көптеген шолулар дискурсты (кең мағынада) және тілдің прагматикасын зерттеудің негізгі тәсілдерінің ішінде мыналарды ажыратады [салыст. 4,5: Verschueren E. F. 1995; Schiffrin 1994]:

- сөйлеу актілерінің теориясы (Дж. Остин, Дж. Р. Сёрль, Дж. М. Сейдок, П. Коул, Д. Вундерлих);

- коммуникацияның логикалық-прагматикалық теориясы (Г. Лич, Дж. Газдар, С. Левинсон, П. Браун);

- конверсиялық талдау (Сакс, Э. Щеглов, Г. Джефферсон, Д. Циммерман, Дж. М. Аткинсон, Ч. Гудвин, Г. Хенне, Г. Ребок, К. Элих, Й. Ребайн);

- диалогты лингвистикалық талдау (М. Даскал, Ф. Хундснуршер, Э. Вайганд, Г. Фриц, Л. Карлсон);

- лингвистикалық дискурс-талдау (Бирмингем мектебі: Дж. Синклер, М. Култхард, Д. Бразил, Д. Гиббон);

- мәтін лингвистикасы (В.Дресслер, Р. де Богранд, Т. ван Дайк, 3. Шмидт) және дискурстың грамматикасы (Р.);

- сыни дискурс-талдау (Н. Фэйрклау, Р. Лаков, Р. Водак, Т. ван Дейк);

- вариативтіліктің әлеуметтік лингвистикалық талдауы (У. Лабов, С. М. Эрвин-Трипп);

- интерактивті әлеуметтік лингвистика (Дж. Гамперц, Э. Гоффман);

- қарым-қатынас этнографиясы (Д. Хаймс, Дж. Гамперц, Дж. Филлипсен);

- жасанды интеллект теориясындағы дискурстың берілу модельдері (Р. Шенк, Р. Абельсон);

- дискурсты өңдеудің және түсінудің танымдық және психолінгвистикалық модельдері (Т. ван Дейк, В. Кинч).

Нәтижесінде, қазіргі уақытта дискурсты талдау шеңберіндегі негізгі стратегиялар мен тактикалар әртүрлі пәнаралық зерттеулер түрінде көрініс табады, олар интерпретация мәселелерін қоюдың және оларды шешудің әр түрлі тәсілдерімен сипатталады: қарапайымнан дискриптивті, интерпретативті тәсілге шейін. Бұл ретте осы проблемалық өріс шекарасында мәтінді зерттеудің құрылымдық, семиотикалық (семиологиялық), жүйелік, символдық

(мифологиялық) талдау әдістемесі; әлеуметтік индикаторларды талдау және түйін сөздерді наррациялау желісі; әлеуметтік-рөлдік, риторикалық, перформативті, жанрлық, сөйлеу әрекетін, психоаналитикалық, сыни, тарихи, мәдениеттанулық, интертекстуалды, феноменологиялық типтері; контент- және интен-талдау әдістемесі; коммуникативтік стратегияларды және еркін ассоциацияларды талдау әдістемесі; прагма-, психо-, социо-, этно-, когнитивті-лингвистикалық талдау әдістемелері сияқты жоғары сапалы әдістерін бір-бірімен байланыстыру мүмкіндігі бар.

А.Е.Карлинский «Принципы, методы и приемы лингвистических исследований» деген еңбегінде дискурсты талдаудың әдіс-тәсілдерінің әзірленуінің әлі де болса жеткіліксіздігін, оның белгілі объективті қиындықтармен байланысын жаза келе «Дискурс – это, прежде всего, процесс, т.е. последовательность речевых актов во времени. Любые процессы, однако, можно исследовать, остановив их в определенных точках (этапах) и подвергнув их анализу и описанию в статике. Для решения задач познания дискурса больше всего подходит алгоритм, который должен однако отличаться от алгоритма анализа текста.... Но это еще не все. Для анализа дискурса важное значение приобретает ситуация общения, которая не имеет специального вербального (словесного) выражения. Это явление объективной жизни, которое надо выразить при помощи языковых средств. Кроме того дискурс – это совокупность высказываний коммуникантов в сочетании с экстралингвистическими факторами (фонация и кинесика)» деген пікір білдіреді. Ғалым дискурсты зерттеуде ең ыңғайлы тәсіл ретінде екі жақты дискурсты талдаудың келесі алгоритмін ұсынады:

- 1) Қарым-қатынас жағдайын сипаттау
- 2) Дискурстың түрін анықтау
- 3) Дискурстың құрылымын белгілеу
- 4) Оқиғалар барысындағы коммуниканттардың рөлі
- 5) А коммуниканттың сөйлеу мінез-құлқының семантикалық ерекшеліктері
- 6) В коммуниканттың сөйлеу мінез-құлқының семантикалық ерекшеліктері
- 7) Екі коммуниканттың сөйлеу стратегиясы мен тактикасының интенциясын анықтау
- 8) Дискурстың семантикалық ерекшеліктері

9) Дискурстың лексико-грамматикалық аспектісі [4, 956.]:

Жоғарыда берілген әртүрлі бағыттарды жалпылау және топтастыру нәтижесінде жеке мәлімдемелерді мәтін ретінде талдауға болады деген көзқарас негізінде біріктірілген үш негізгі топты бөліп көрсетуге болады: 1) оқшауланған, автономды сөйлеу құрылғысы ретінде бір жеке мәтіннің шеңберімен өзінің зерттеу мүдделерін саналы түрде шектейтін мәтіндік тәсіл; 2) Әр түрлі мәтіндер арасындағы семантикалық қатынастарды (дәйексөздер, сілтемелер, аллюзиялар, еске салулар) анықтауға және талдауға тырысатын интер- немесе гипермәтіндік тәсіл; 3) кез келген мәлімдемені (мәтінді) әрқашан әлеуметтік өзара іс-қимыл мен құрылымдарға, нақты саяси және мәдени-тарихи жағдайға енгізілген әлеуметтік агенттер қызметінің өнімі ретінде қарастыратын контексттік тәсіл.

Лингвистикалық материалды өңдеу мен транскрипциялаудың белгілі бір әдістері мен тәсілдерін қолдану мәселелері теориялық тұрғыдан маңызды, өйткені дискурстық талдау тек тілдік қарым-қатынас теориясы ретінде ғана емес, сонымен қатар мүмкіндіктері тар лингвистикалық шеңберден асатын таным құралы ретінде де әрекет етеді.

Материал жинаудың жалпы мәселелері

Бір таңқаларлығы, көптеген авторлар материалды жинау және оны өңдеу, транскрипциялау, салыстыру және сипаттау мәселелерін, сонымен қатар ақпарат берушілермен жұмыс істеудің техникалық мәселелерін айналып өтеді. Бірақ та бұл зерттеудің негізгі кезеңдерінің бірі және оның нәтижесін анықтайды. Біреулер үшін бұл проблемалар түбегейлі маңызды болып көрінбеуі де мүмкін.

Бүгінде жалпыға бірдей танылған және жалпы қабылданған әдістемелердің, тілдік және ең алдымен сөйлеу материалын жинау, ұсыну және сипаттау қағидалары мен рәсімдерінің бірыңғай жүйесінің жоқтығын атап өтуге болады. Тіпті тілдік қарым-қатынасты зерттеу кейде ешқандай эмпирикалық дәлел бере алмайды, оларда мәтіндер корпусы жоқ десе де болады. Көптеген жұмыстар авторлар ойлап тапқан «жасанды» мысалдармен толықтырылған. Тек социалингвистика, конверсиялық талдау және дискурстық талдау аясында коммуникативті оқиғалардың егжей-тегжейлі транскриптітері бар жұмыстар бар (Schegloff, Sacks 1973; Stubbs 1983; Sacks, Schegloff, Jefferson 1974; Coulthard 1985; Sinclair, Coulthard

1975; Boden, Zimmerman 1991; Sacks 1995), және олардың саны біртіндеп өсуде.

Материалды таңдау мәселесінің жалпы шешімі табиғи (мысалы, пассивті бақылау) және эксперименттік (белсенді) сипаттағы мәліметтермен толықтырылған әртүрлі этнографиялық бақылаулармен бірге сөйлеу оқиғаларының аудио және бейне жазбаларының транскрипттерін алдын-ала талдаудан тұрады [9:218].

Алайда, бұл бұқаралық коммуникация, көркем әдебиет мәтіндерін тілдік материал ретінде пайдаланудан бас тартуды білдірмейді. «Лингвисттер зерттеп отырған тілдің нормасын іздеп, жоғары деңгейдегі жақсы жазушылардың шығармаларына жүгінетіндігі өте дұрыс [10:37]. Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндері, әртүрлі субмәдениеттер тілді әлеуметтік-мәдени тұрғыдан зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырады. Мұның бәрі нақты мақсаттар мен міндеттерге байланысты: әдеби материал кез-келген талдау үшін қолайлы емес; мысалы, ауызекі сөйлеуді үйрену үшін басқа мәтіндер қажет.

Зерттеуші жолындағы ең қиын, бірақ жеңіп шығуға болатын кедергілердің бірі – мәтіндер корпусын техникалық жазу мәселесі. Бұл, әсіресе, кедергі деңгейі (көпшіліктің шуы, жүргіншілердің аяқтарының дыбысы, қабырғалардан шығатын жаңғырық және т.б.) пайдалы сигналдан асып түсетін қоғамдық орындардағы сөйлеуді жазуға қатысты. Оңтайлы жағдайды микрофон бөлменің ортасында немесе өзара әрекеттесуге қатысушылардың бірінде болған кезде, немесе шағын топтағы (7-8 адамға дейін) байланыс жазбасы деп санауға болады. Әр түрлі орындардан алынған бейнелер, жазбалар қарым-қатынастың лингвистикалық емес аспектілері мен ситуациялық контекстті жүйелі және толық ескеруге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы барысында жас зерттеуші осындай ескертулерді ескерсе, зерттеу сапалы да нәтижелі болады деген сенімдеміз

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. «Дискурс» дегеніміз не? «Дискурс» және «мәтін» ұғымдарының негізгі айырмашылықтарын атаңыз.
2. «Дискурс» ұғымын зерттеудің негізгі тәсілдерін зерттеп біліңіз.
3. Ақпарат жинаудың негізгі мәселелері қандай?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Дискурстың негізгі түрлері мен жанрларын қарастырыңыз.
2. Белгілі бір мәтіннің мысалында «автор бейнесі» мен «кейіпкер бейнесін» қарастырыңыз.
3. Дискурстық талдаудың тәсілдері мен әдістерін қолдана отырып, белгілі бір диалогты талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Патрик С. Как читают тексты во Франции. Вступительная статья// Квадратура смысла. Французская школа анализа дискурса. – Пер. на русс. – 1999.
2. Макаров М. Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», – 2003. – 280 с.
3. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. М., – 2004. – С. 10-12
4. Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана. – 2003. – 184 с.
5. Verschueren, Jef. 1995 `The Conceptual Basis of Performativity`. In: Essays on Semantics and Pragmatics in Honour of Charles J.Fillmore, ed. Masajoshi Shibatani and Sandra Thompson, 299-321. Amsterdam: Benjamins
- Schiffrin, Deborah Approaches to discourse. (Blackwell textbooks in linguistics, 8.) Oxford: Blackwell, 1994. Pp. x, 470
6. Labov W. Language in inner city: studies in the black English vernacular / W. Labov. Philadelphia, – 1972a.
7. Labov W. Sociolinguistic patterns / W. Labov. Philadelphia, – 1972b.
8. Лабов У. Отражение социальных процессов в языковых структурах / У. Лабов // Новое в лингвистике / ред. Н.С. Чемоданов. М.: Прогресс, 1975б. Вып. 7. – С. 320-335.
9. Stubbs M. Discourse Analysis: The Sociolinguistic Analysis of Natural Language. – University of Chicago Press, – 1983. – Pp. 272
10. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – С. 24-39

11. Сабитова Л.С. Теория и практика актуализированного текста: религиозный дискурс // Современные направления лингвистической науки. –Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. – 2014. – С.164-203
12. Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики / Современные проблемы дискурса: теория и практика. – Алматы. – 2006.
13. Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс. Онтология и жанры. – Алматы: Ғылым. – 2005. – 232 с.
14. Ширяева Т.А. Когнитивные структуры в современном деловом дискурсе // <http://www.nor-dipo.ru/ru/node/341>
15. Ахатова Б.А. Политическая коммуникация и политический дискурс // Вестник КазНУ. – 2003. – №5(67). – С.61-64.
16. Жумагулова Б.С. Полемический дискурс: Научное издание. – Алматы: TST-Company, – 2009. – 250 с.
17. Бижкенова А.Е., Аубакир С. Қазіргі поэтикалық дискурстағы сөзжасам ерекшеліктері // Вестник Торайгыров университета. – №3. – Павлодар. – 2020. – С.463-473.

Дәріс 9. Коммуникативтік немесе қарым-қатынас лингвистикасы және оны зерттеу әдістері

Мақсаты: коммуникативтік лингвистиканың заманауи әдістеріне шолу

Жоспар:

1. Коммуникативтік лингвистиканың негізгі ұғымдары
2. Сөйлеу актілерінің теориясы
3. Процессуалдық семантика
4. Коммуникативтік лингвистика әдістері

Коммуникативтік лингвистика – бұл табиғи тіл арқылы адамдардың қарым-қатынасының жалпы заңдылықтарын зерттеумен, жеке тұлғалардың коммуникативті өзара әрекеттесу процестерінде тілдік код құралдарын ұйымдастырумен, психикалық, әлеуметтік, танымдық, мәдени және ситуациялық факторлардың тілге әсерін зерттеумен айналысатын лингвистиканың бағыты.

Коммуникативтік лингвистиканың міндеттері:

1) коммуникативтік актілер және коммуникация арқылы ақпараттың қозғалысы туралы білімді қалыптастыру процесін зерделеу;

2) түрлі коммуникативтік жағдайларда тілдік код құралдарын ұйымдастыруды зерттеу;

3) қысылтаяң, жанжалды жағдайларда, жанжалсыз қарым-қатынаста адамдар арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу, әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің қарым-қатынасын зерттеу; патогендік мәтіндерді бейтараптандыру;

4) коммуникативтік практикалардың және коммуникация арналарының (Интернет-, теле-, SMS-коммуникация) жаңа нысандарының сипаттамасы;

5) күнделікті өмірдегі коммуникативтік жағдайларды талдау.

Қазіргі уақытта коммуникативтік лингвистика теориялық алғышарттарымен, зерттеу әдістерімен, зерттелетін материалдарымен ерекшеленетін бірнеше бағыттармен ұсынылады. Ол бағыттарды төмендегі сызбадан көруге болады.



Сөйлеу актілерінің теориясы

XX ғасырдың басында сөйлеудің қалыптасуы, тілдік бірліктердің қарым-қатынас процесінде қолданылуы сияқты мәселелер салыстырмалы түрде зерттеле бастады. 50-жылдардың

ортасында ағылшын философы Дж. Остин сөйлеу актілерінің теориясын негіздеді, оған сәйкес коммуникация бірлігі ретінде енді сөйлем немесе мәлімдеме емес, әр түрлі ситуацияға (сұрақ, түсіндіру, ризашылық, өкініш және т.б. білдіру) байланысты сөйлеу актісі алынады және ол жалпы қабылданған қағидалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Дж. Остин еңбегінен үзінді келтіре кетейік: «единицей коммуникации становится уже не предложение или высказывание, а речевой акт, связанный с выражением утверждения, вопроса, объяснения, описания, благодарности, сожаления и т.д. и осуществляемый в соответствии с общепринятыми принципами и правилами поведения» [1]. Бұл көзқарас қазіргі тіл біліміндегі лингвистикалық талдау шеңберін сөйлемнен асыра кеңейтуге ұмтылатын көзқарастарға сәйкес келеді.

Сөйлеу актілерінің теориясы – бұл сөздерді ақпарат ұсыну үшін ғана емес, сонымен қатар іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қолданылатын тәсілдермен байланысты прагматиканың бір бағыты.

Сөйлеу актілері теориясының ережелерінің бірі – адам қарым-қатынасының минималды бірлігі бұл сөйлем немесе пікір білдіру емес, «констатация (анықтау, көрсету), сұрақ, бұйрық, сипаттау, түсіндіру, кешірім, ризашылық, құттықтау және т.б. актілердің белгілі бір түрін жүзеге асыру» [2].

Дж. Остиннің сөйлеу актілерінің теориясын әрі қарай жетілдіріп, дамытқан Дж. Р. Серль. Ол өзінің «Что такое речевой акт» деген мақаласында «есть смысл объяснить, почему я думаю, что изучение речевых актов (или, как их иногда называют, языковых, или лингвистических, актов) представляет интерес и имеет важное значение для философии языка. Я думаю, что существенной чертой любого вида языкового общения является то, что оно включает в себя языковой акт. Вопреки распространенному мнению основной единицей языкового общения является не символ, не слово, не предложение и даже не конкретный экземпляр символа, слова или предложения, а *производство* этого конкретного экземпляра в ходе совершения речевого акта. Точнее говоря, производство конкретного предложения в определенных условиях есть иллокутивный акт, а иллокутивный акт есть минимальная единица языкового общения» деп жазады. Ғалым сөйлеу актісінің барысында тілдік қарым-қатынаста маңызды сөз де, сөйлем де емес, тілдік қарым-қатынаста шығарылған, өндірілген өнім маңызды деген пікір айтады.

Дж. Л. Остиннің түсінігіндегі сөйлеу актісі

Сөйлеу актілерінің теориясын жасаудағы Дж.Л. Остиннің алғашқы міндеті констативті және перформативті мәлімдемелер арасындағы қатынастардың сипатын және перформативтік мәлімдемелердің сәттілігін қамтамасыз ететін жағдайларды түсіндіру деп білді. Белгілі бір дәрежеде перформативтік және констативтер арасында қатаң шекара жоқ екеніне көз жеткізіп үлгергеннен кейін, Остин тек перформативтік мәлімдемелер ғана емес, сонымен бірге барлық мәлімдемелер де белсенді сипатқа ие деген ойға тоқтады.

Сөйлеу актілерінің құрылымы және олардың таксономиясы туралы мәселені зерттей отырып, ол перформативтік қабілеттіліктен иллокативтілікке ауысып, сөйлеу актілері теориясында иллокативті күш ұғымын жетекші етті. Енді басты назар сөйлеушінің мәлімдеме жасау принципінен олардың коммуникативті мақсаттылығы (ниеті) принципіне ауыстырылды.

Сөйлеу актісінде Дж. Остин актілер деп аталатын үш деңгейді анықтайды: локутивті, иллокутивті және перлокутивті актілер.

Локутивті акт (локуция, ағылш. locution «сөйлеу айналымы, сөйлеу») – фонетикалық, лексикалық-грамматикалық және семантикалық құрылымы бар мәлімдеменің айтылуы. Оның мәні бар. Дыбыстық құрылымды жүзеге асыру фонетикалық актінің үлесіне келеді, лексикалық және грамматикалық құрылым фатикалық актіде, ал семантикалық құрылым ретикалық актіде жүзеге асырылады.

Иллокутивті акт (иллокация, лат. il – < in' в, ішінде) белгілі бір күшке ие бола отырып, көрсетілген пропозицияның мәнін ғана емес, сонымен бірге осы тұжырымның коммуникативті мақсатын да көрсетеді. Бұл акт шартты.

Перлокутивті акт (перлокация, лат. per – арқылы) адресатқа қасақана әсер ету, қандай да бір нәтижеге жету үшін қызмет етеді. Бұл акт шартты емес.

Барлық үш жеке акт бірінен кейін бірі жасалмайды, бір уақытта жасалады. Оларды ажырата білу әдістемелік мақсатта қажет болады.

1. Локутивті акт

- а) фонетикалық акт
- б) фатикалық акт
- в) ретикалық акт

2. Иллокутивті акт

3. Перлокутивті акт

Локутивті актіні жүзеге асыра отырып, спикер сұрақ қойғанда немесе жауап бергенде; хабарлағанда, сендіргенде немесе ескерткенде; шешім немесе ниет жариялағанда; үкім шығарғанда; тағайындағанда, шақырғанда немесе сынағанда; анықтағанда, сипаттағанда және т. б. иллокутивті актіні де бір уақытта орындайды.

Эксплицитті перформатив – бұл сонымен бірге иллокутивті акт. Мысалы:

1) Мен уақытында ораламын деп уәде беремін.

Иллокуция мен перлокуцияның арасындағы айырмашылықты бөліп көрсету оңай бола бермейді. Кейде иллокутивті және перлокутивті етістіктердің арасындағы айырмашылықтарға назар аударуға болады. Біріншілердің қатарына келесі етістіктерді жатқызуға болады, мысалы: ескерту, бұйрық беру, екіншілердің қатарына, мысалы, қорқыту, сендіру, мәжбүрлеу, күштеу, тандандыру, таң қалдыру, ренжіту.

Алайда көптеген даулы және түсініксіз жағдайлар бар.

Перлокуция адресаттың ақпараттық жағдайына, оның көңіл-күйіне, жоспарларына, тілектері мен ерік-жігеріне әсер етуден тұрады. Бірақ адресат жауап бере ме, жоқ па, жауап беруді қажет деп санай ма, ол спикердің бастамашылық сөйлеу актісінің шеңберінен тыс болады.

Сөйлеу әрекетін зерттеуші ғалымдар лингвистика үшін маңызды әртүрлі сәттерді (кезеңдерді) атап көрсетеді. Мысалы, М. Хэллидей сөйлеу әрекетін тілдің «семантикалық әлеуетін» құрайтын көптеген өзара байланысты баламалардың бірін таңдау ретінде қарастырады [4:142]. Сөйлеу кезінде біз келесі формалардың бірін таңдаймыз: бекіту, сұрау, жалпылау немесе нақтылау, қайталау немесе жаңасын қосу. Басқаша айтқанда, тілдің ережелер жиынтығы немесе ресми ережелер жиынтығы ретіндегі көзқарасынан айырмашылығы, бұл жерде тіл ұғымы жеке адамдар әртүрлі жолмен бағалай алатын таңдау жиынтығы ретінде ұсынылады. Дәл осы мағынада сөйлеу актісі «сөйлеуді жоспарлаумен» байланысты және танымдық және т.с.с. функциялар белгілі бір жағдайда осы функциялардың белгілі бір салмағында тұлғааралық функциялармен біріктірілген күрделі акт болып табылады.

Негізгі лингвистикалық ұғымдармен ерекшеленетін сөйлеу актісінің (бұдан әрі-СА) қысқаша сипаттамаларына тоқтала кетейік:

1) СА сәттілігінің шарттары сөйлем шеңберінде модуска жатқызу, яғни, сөйлеушінің осы ой-пікірге қатынасы [5] – бұл сөйлемнің тиісті құрамдас бөлігі, оның перформативті бөлігі [6:128].

2) СА – бұл сөйлеудің қарапайым бірлігі, бір сөйлеуші айтқан тілдік өрнектер тізбегі, тіл иелерінің кем дегенде біріне түсінікті болуы [7:332].

3) СА – бұл басқа іс-әрекеттер сериясындағы қорытынды акт; СА-нің дәрежесі әр түрлі; әмбебап және әлеуметтік негізделген СА бір-біріне қарама-қарсы; біріншіге мысал – пікірді бекіту; екіншіге мысал – бірқатар африкалық тайпаларда қарапайым сәлемдесу ретінде қолданылатын балалардың болу/болмауы туралы сұрақ [8].

4) СА-нің әмбебап қасиеттері белгілі бір тілге тән ерекшеліктерге қарама-қарсы қойылады: перлокуциялар әрдайым әмбебап, ал иллокуциялар әрі әмбебап әрі ерекше болады (олар әр түрлі жиынтықта, әр түрлі тілдерде әр қалай берілген). Бұл тілдік әмбебаптарды зерттеу мәселесінде жаңа аспектіні анықтауға мүмкіндік береді [9:25].

5) СА сөйлемнен (мәлімдемеден) үлкен немесе одан кіші болуы мүмкін, яғни ол сөйлемнің ажырамас бөлігі болуы мүмкін; сонымен, номиналды сөз тіркесін СА сипаттамасы ретінде (бұл СА классикалық теориясында жасалмаса да), көп немесе аз дәрежеде сәтті ұсынуға болады [10:436].

6) СА вербалды және вербалды емес мінез-құлықтарын байланыстырады [11:381].

7) сөйлемнің үстірт құрылымы ретінде қарастырылатын СА «жасырын» құрылымдардың туындысы емес, оның мәтіндік байланыстары мен грамматика аясында берілген тілдік бірліктерді қолдану ережелері бар сөйлеу [12:77].

8) СА мәтін мен сөздің ішкі астарын бөлуге мүмкіндік береді [13:298].

9) СА «фрейм» немесе «шеңбер» ұғымдарымен байланысты, сөйлеу әрекетін модельдеудің кейбір тұжырымдамаларында: СА-нің «ритуалдық» (салт-жоралық) реттілігі бар, олар әлем туралы білім негізінде түсіндіріледі және олардың түсіндірілуіне мета шарттар тартылады (қазіргі уақытта қандай фрейм аясында екенімізді анықтауға байланысты, яғни фреймді таңдауға байланысты), сонымен қатар коммуниканттардың алдыңғы, қазіргі немесе алдағы (күтілетін) әрекеттеріне сүйенеді [14:220].

10) СА-нің әдеттегі міндеті – сөйлеушінің сөзін түсіндірген кезде адресаттың ойына әсер ету [14:249]. Сонымен қатар, СА-нің жалпы қасиеттері бірнеше субъектілердің бірлескен саналы және орынды өзара әрекеттесуінің қасиеттері болып табылады. Мұның бәрі макро-деңгейде сөйлеудің орындылығы мен қолайлылығы ұғымын анықтауға мүмкіндік береді, оған жеке сөйлемнің грамматикасы таралмайды [14:298].

11) СА нақты қоғамның конвенциялары мен нормалары шеңберінде қолданылатын сөйлеуші мен адресаттың контексті мен рөлінің грамматикалық сипаттамасын, прагматикалық ұғымдарын қамтиды. Соңғысы берілген СА үшін қай нұсқаның қолайлы екенін анықтайды [15:78].

12) СА жүзеге асырылатын сөйлемді түсіну бір жағынан тіл грамматикасының (және нормаларының), екінші жағынан ойлаудың арақатынасы туралы жаңа сұрақ тудыратын күнделікті ойлаудағы дедуктивті әдіс процесімен байланысты [16:62-63].

13) Сөйлемді оның тура мағынасында ғана түсіну туралы айтуға болмайды: СА мақсатын анықтау қажет. Сондықтан сөйлемнің иллокутивтік күшін анықтау тілді сипаттауға кіреді [17:3].

14) СА сөйлемді айтылыммен, айтылған сөзбен байланыстырады [18:226].

А. Дэйвисон тағы бір маңызды жайтты атап өтеді: «имеются предложения, в логической структуре которых кванторные слова и наречные словосочетания модифицируют показатель иллокутивной силы. Отсюда вытекает, что прагматический и синтаксический подходы к речевым актам тесно переплетены. Об этом же, видимо, свидетельствует и явление так называемых «модализованных речевых актов» [19]. Демек, сөйлеу актілерінде прагматикалық және синтаксистік көзқарастар бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл грамматика өз құрамына сөйлеу актілерінің аспектілерін қамтитынын көрстеді.

Коммуникативтік лингвистика әдістері

Коммуникативтік лингвистиканың әдістері оның басқа, шекаралық, пәндермен: семиотика, прагматика, құрылымдық лингвистика, әлеуметтану, когнитивтік лингвистика, психология, психолингвистикамен тығыз байланысты.

Осы әдістерді жеке-жеке қарастырайық.

1. Семиотикалық талдау – бұл қарым-қатынас, байланыс белгілерінің мазмұнын (тілдік кодтың тұрақты бірліктері), сондай-ақ осы бірліктерді жоғары деңгейдегі бірліктерге біріктіру ерекшеліктерін және адамның осы бірліктерді пайдалану ерекшеліктерін талдау. Осылайша, семиотикалық талдау белгілердің үш түрін талдауды қамтиды:

а) семантиканың белгілерін (олар шындықтың қандай жақтарын көрсететінін зерттеу);

б) синтактика белгілерін (қарым-қатынаста белгілердің қалай бірігетінін зерттеу);

в) прагматика белгілерін (адамның шындыққа деген көзқарасы белгілерде қандай көрініс табатындығын зерттеу).

2. Прагматикалық талдау – тілде көрініс тапқан адами қарым-қатынастың параметрлерін зерттеу: қарым-қатынас стратегиялары мен тактикасы, бағалау, қарым-қатынас заңдары мен ережелері. Бұл талдау Британдық мектептің зерттеушілеріне тән: Джон Остин, Джон Сёрл, Пол-Гербер Грейс.

3. Құрылымдық талдау – элементтер мен олардың байланыстарын қарым-қатынас ішіндегі тұтас жүйе ретінде зерттеу. Лингвистикадағы құрылымдық талдау әдістері төмендегілерді қамтиды, бірақ та олардың барлығы коммуникация, қарым-қатынас теориясында қолданылады:

а) ТҚ әдістемесі (тікелей құраушылар) – құрылымды құраушылар иерархиясы түрінде беру, мысалы, сөйлемді оның мүшелерінің – тұрлаулы және тұрлаусыз – терминдермен сипаттау. Коммуникация теориясында бұл сөйлеу актісін спикер, адресат, хабарлама, байланыс арнасы, ақпараттық шу, кері байланыс, контекст және жағдай сияқты жүйелер ретінде ұсынылуы мүмкін;

б) трансформациялық әдістеме – тілдік объектілерді олардың түрленуіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау арқылы анықтау. Мұндай техниканы қолданудың мысалы ретінде сөйлемді белсенді және пассивті конструкцияға айнала алатын бірлік ретінде анықтау. Лингвист Б. М. Гаспаров «Язык, память, образ» атты кітабында КФ (коммуникативті фрагмент) сияқты жаңа тілдік бірлікті бөліп көрсетуді ұсынады, оның мәні – өзгергіштік, түрленуге қабілетті болу.

в) компоненттік талдау әдістемесі – сөздің лексикалық мағынасын семаларға – мағынаның элементтеріне бөлу. Коммуникация теориясында қарым-қатынас аспектілері

прагматикалық (қарым-қатынасқа қатысушылардың бір-біріне әсер етуімен байланысты), гендерлік (адамның жынысына байланысты), стратегия мен тактиканың аспектілері және т. б. болып бөлінеді.

г) оппозициялық талдау әдістемесі – бірліктердің қарама-қарсылығын зерттеу. Бұл әдіс алғаш рет фонетикада қатаң / үнді, жуан / жіңішке және т.б. бойынша дыбыстық қарама-қайшылықтарды зерттеуде қолданылды. Кейінірек оппозициялық талдау әдебиеттануда қолданылды: В.Я Пропп оны ертегілерді зерттеуде қолданды, ал Цветан Тодоров көркем мәтіндерді зерттеуде қолданды (ол эпизодтың 2 түрін анықтады: олардың арасындағы жағдайлар мен ауысуларды сипаттау). Коммуникация теориясында оппозициялар зерттеледі: қарым-қатынасқа қатысушы құзыретті – құзырсыз, не қабілетсіз, ал қарым-қатынас серіктестері жоғарғы және төменгі әлеуметтік мәртебеде болуы;

4. Үгіт-насихат талдауы зерттеушінің назарын оң және теріс ақпаратты қашан және қалай беруге, оны қалай үйлестіруге және қалай мөлшерлеп беруге аударды.

5. Дискурстық талдау мәтіннің астарында жатқан әлеуметтік, психологиялық, рухани және басқа да контексттерді анықтауға бағытталған. Шығарманы түсіну үшін біз қабылдайтын мәтін ғана емес, сонымен қатар тағы басқалар маңызды: автордың мотивтері мен ниеттері, оның жеке басының психологиясы, оның санасы, өмірдің әлеуметтік жағдайлары және т.б. Коммуникация теориясындағы дискурстық талдау әдістеріне мыналарды жатқызады:

а) тұрмыстық диалогты талдау – репликалардың кезектесуі және «сөйлеу құқығына» көшу ережелері;

б) аралас жұптарды талдау – сұрақ-жауаптарды, екі жақты сәлемдесуді, шақыруды-қабылдауды немесе бас тартуды және т. б. зерттеу.

6. Контент-талдау – қарым-қатынас мазмұнын сандық сипаттау. Мәтіннің кез-келген бірлігі алынады (сөз, символ, тақырып, идея, кейіпкер), оны қолдану саны есептеледі, оның қызметі зерттеледі.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Коммуникативтік лингвистиканың негізгі міндеттері қандай?
2. Сөйлеу актілері теориясының авторы кім? Бұл теорияның ерекшеліктері қандай?
3. Коммуникативті лингвистикадағы зерттеу әдістерін сипаттаңыз. Олар басқа ғылыми әдістерден несімен ерекшеленеді?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Отандық және шетелдік әдебиеттерге «Коммуникативтік лингвистика» тақырыбында авторлық жұмыстарға қысқаша аннотациялармен ғылыми шолу жасаңыз.

2. «Өзекті мәтіндерді зерттеу әдістемесі» тақырыбына ғылыми баяндама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Остин, Джон Лангшо. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17: Теория речевых актов. М., 1986. – С. 22-130.

2. Searle J.R., Kiefer F., Bierwisch M.ed. 1980 Speech act theory and pragmatics. – D. etc.: Reidel, 1980.

3. Дж. Р. Серль. Что такое речевой акт. // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17. - М., 1986. - С. 151-169)

4. Падучева Е.В. Проблема коммуникативной неудачи в сказках Льюиса Кэрролла // Т. Dobrzyńska, E. Janus eds. Tekst i zdanie: Zbiór studiów. – Wrocław etc.: Ossolineum, 1983. 139-160.

5. Halliday M.A. Language structure and language function // J. Lyons ed. New horizons in linguistics. – Harmondsworth: Penguin, 1970. 140-165.

6. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка /Пер. с фр. – М.: Изд-во иностр. литературы, 1955.

7. Brekle H.E. Semantik: Eine Einführung in die sprachwissenschaftliche Bedeutungslehre. – München: Fink, 1972.

8. Habermas J. Universalpragmatische Hinweise auf das System der Ich-Abgrenzungen. Repr. // M. Auwärter, E.S.K. Kirsch eds. Seminar: Kommunikation, Interaktion, Identität. – 2. Aufl. – F.M.: Suhrkamp, 1983. 332-347.

9. Davison A. Indirect speech acts and what to do with them // P. Cole, J.L. Morgan eds. Speech acts. – N.Y. etc.: Acad. Press, 1975. 143-185.

10. Zwicky A.M., Sadock J. Ambiguity tests and how to fail them // J.P. Kimball ed. Syntax and semantics. – N.Y.; L.: Acad.Press, 1975. Vol.4. 1-36.

11. Morgan J.L. Some remarks on the nature of sentences // R.E. Grossman ed. Papers from the parasession on functionalism. – Chicago (Illinois): CLS, 1975. 433-449

12. Wright R.A. Meaning and conversational implicature // P. Cole, J.L. Morgan eds. Speech acts. – N.Y. etc.: Acad. Press, 1975. 363-382.

13. Isenberg H. Einige Grundbegriffe für eine linguistische Texttheorie // F. Daneš, D. Viehweger eds. Probleme der Textgrammatik. – B.: Akademie, 1976. 47-145.
14. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку и речи. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1976.
15. Dijk T.A.v. Studies in the pragmatics of discourse. – The Hague etc.: Mouton, 1981.
16. Steinmann M.J. Speech-act theory and writing // M. Nystrand ed. What writers know: The language, process, and structure of written discourse. – N.Y. etc.: Acad. Press, 1982. 291-323.
17. Bierwisch M. Wörtliche Bedeutung – eine pragmatische Gretchenfrage // Untersuchungen zum Verhältnis von Grammatik und Kommunikation (// LSt(A)), 1979, H.60, S.48-80. Auch // G. Grewendorf ed. Sprechakttheorie und Semantik. – F.M.: Suhrkamp, 1979. 119-148.
18. Power R.J. The organization of purposeful dialogues // Linguistics 1979, v.17, 107-152.
19. Martin R. Pour une logique du sens. – P.: PUF, 1983.
20. Wunderlich D. Grundlagen der Linguistik. – Hamburg: Rowohlt, Reinbek, 1974.
21. Демьянков, В.З. «Теория речевых актов» в контексте современной лингвистической литературы (обзор направлений) // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17: Теория речевых актов. М., 1986. С. 223-235.
22. Горелов И.Н., Седов К.Ф. Основы психолингвистики. Уч. пособие. 3-е, перераб. и доп. изд. М.: – Изд-во «Лабиринт», 2001.–304 с.
23. Бижкенова А.Е., Жумаханова А. Оценка как речевой акт коммуникации// Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева. Серия Филология.-№4 (129)/2019. – С.133-140

Дәріс 10. Функционалдық лингвистика және оның әдістемесі

Мақсаты: Қазіргі тіл біліміндегі функцияның рөлін көрсету

Жоспар:

1. Функционалды лингвистика – қазіргі тіл білімінің бағыттарының бірі ретінде
2. Лингвистикадағы «функция» терминінің мағынасы
3. Тілдің көп функционалдылығы: функциялардың суперпозициялары мен иерархиясы. Мәтіннің функционалдық қанықтылығы

4. Функционалды грамматика

Функционалды лингвистика – қазіргі тіл білімінің бағыттарының бірі, ол қарым-қатынас құралы ретінде тілдің жұмысына ерекше назар аударумен сипатталады. К. Н. Булатбаева «тіл функциялары оның мәнінің, оның қоғамдағы мақсаты мен әрекетінің, табиғатының көрінісі» деп жазады [30:74]. Функционалды лингвистика құрылымдық лингвистика негізінде пайда болды және тілге жалпы көзқараспен біріктірілген гетерогенді мектептер жиынтығы: функционалды бағыттың барлық өкілдері тілдің негізгі қасиеттерін оның функцияларын ескерусіз сипаттауға және түсіндіруге болмайды деп санайды [1:380].

«Функционалды лингвистика» терминін тар мағынада да, кең мағынада да түсінуге болады. Тар мағынада, функционалды лингвистика аясында тіл «сөйлеу құралдарының мақсатты символдық жүйесі ретінде қолданылады және белгілі бір функцияларды орындауға арналған» (ең алдымен коммуникативті) [2]. Мұндай көзқарас функционалды тәсілдің фонологиядан семантикаға дейінгі әртүрлі лингвистикалық құбылыстарды сипаттауда дамуына әкелді (Р.О. Якобсон, Н.С. Трубецкой, С. О. Карцевский). Әлеуметтік функцияны зерттеу функционалды стильдер теориясының дамуына (белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қолданылатын әдеби тілдің түрлері), сондай-ақ сөйлемнің нақты бөліну теориясының пайда болуына әкелді.

Лингвомәдениеттану көбінесе этномәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Н.Ф. Алефиренко «лингвокультура – неотъемлемая часть любой этнокультуры, представляющая собой синергетически возникшую амальгаму (слияние, сплав, совокупность) взаимосвязанных явлений культуры и языка, зафиксированную и освоенную определенным этноязыковым сознанием» – деп пайымдайды [3:51]. Ғалым лингвомәдениетті кез-келген этномәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде түсінеді.

В.Н. Телияның пікірінше, лингвомәдениеттану – «часть этнолингвистики, посвященная изучению и описанию корреспонденции языка и культуры в их синхронном взаимодействии [4:217]. Ғалым лингвомәдениеттануды этнолингвистиканың бір бөлігі ретінде және олар өзара әрекеттесіп тіл мен мәдениеттің арауатынасын сипаттайды. Лингвомәдениеттану тілде көрініс тауып орныққан халық мәдениеті көріністерін зерттейтін лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысуында пайда болған пән ретінде анықталады

Қазақ тіл біліміндегі тілдік белгілердің ұлттық-мәдени астарын Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейсов Р.Смағұлова, З.К. Ахметжанова, А.Ислам және т.б. ғалымдар зерттеді. Бұл ғалымдардың еңбектерін Қазақстандағы этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың пайда болуының алғы шарттары деп тұжырымдауға болады. Тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы мәселесі соңғы жылдары лингвомәдениеттану ғылымы ұстанымдары негізінде зерттеле бастады. Тілді мәдениеттен бөліп қарастыру мүмкін де емес. Өйткені тілде ұлттың дүниетанымы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, дәстүрі, рухани өмірі көрініс тапқан.

З.К. Ахметжанова мен З.Ш. Ерназарованың «Казахская лингвокультурология: язык, человек, этнос» атты монографиясы тіл мен мәдениет және олардың этностың қалыптасуындағы рөліне арналған. Ғалымдар монографияда қазақ халқының тілдік бейнесінің негізін құрайтын «намыс», «қанағат», «дастарқан», «қонақжайлылық» және т.б. концепттерге талдау жасап, мәдениетаралық коммуникацияның қазақстандық моделіне өз пікірлерін қосады. Жұмыста авторлар зерттеудің әдістемелік, теориялық және қолданбалы аспектілері тұрғысынан қазақ халқының этникалық бірегейлігін көрсетуге тырысқан.

Лингвомәдениеттанудың әдістері – бұл тіл мен мәдениеттің өзара байланысын талдауда қолданылатын аналитикалық әдістердің, операциялар мен процедуралардың жиынтығы. Лингвомәдениеттану – мәдениеттану мен тіл білімінде, этнолингвистикада және мәдени антропологияда зерттеу нәтижелерін қамтитын білімнің интегративті саласы болғандықтан, мұнда «тіл мен мәдениет» семантикалық орталығының айналасында топтастырылған танымдық әдістер мен нұсқаулар жиынтығы қолданылады. Лингвомәдени талдау процесінде мәдениеттану және лингвистика әдістері ішінара қолданылады [5].

Өзара әрекеттесетін тіл мен мәдениеттің көп қырлы болғаны соншалық, бір әдісті қолдана отырып, олардың табиғатын, қызметін, генезисін білу мүмкін емес. Бұл бір-бірімен қосымша қарым-қатынаста болатын бірнеше әдістердің болуын түсіндіреді.

Лингвомәдениеттануда лингвистикалық, сонымен қатар мәдениеттанулық және әлеуметтанулық әдістерді қолдануға болады: контент-талдама, фреймдік талдау, нарративті талдау, өрістік этнография әдістері (сипаттау, жіктеу және т.б. әдістер), психология мен әлеуметтануда қолданылатын ашық сұхбаттар, мәдениетті лингвистикалық қайта құру әдісі; материалды этнографияның дәстүрлі әдістерімен де, эксперименттік-танымдық лингвистиканың әдістерімен де зерттеуге болады, мұнда материалдың маңызды көзі тіл иелері (информанттар) болып табылады. Бұл әдістер бір-бірін толықтырып, лингвомәдениеттанудың күрделі объектісін – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді [5].

Э. Сепир былай деп жазды: «Язык – это путеводитель, приобретающий всё большую значимость в качестве руководящего начала в научном изучении культуры». Ғалым мәдениетті ғылыми зерттеудегі тілдің жетекші, жолбасшы рөлі туралы айтады. Лингвомәдениеттану – лингвистикалық зерттеулердің жетекші бағыттарының бірі және тіл рухынан немесе тілдік менталитетпен байланысты белгілі бір құбылыстардан туындайды, ауызша қарым-қатынасты ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттейді.

Лингвомәдениеттану зерттеулері қазіргі лингвистиканың жалпы тенденциясына сәйкес келеді – «ішкі», «имманентті», құрылымдық лингвистикадан «сыртқы» лингвистикаға, антропологиялық, тіл құбылыстарын адаммен, оның ойлауымен, рухани және практикалық қызметімен тығыз байланыста қарастырады.

Елтану мен этнолингвистикадан айырмашылығы, лингвомәдениеттану «объектілерді тілде көрініс табатын мәдени құндылықтардың жұмыс істейтін жүйесі ретінде біртұтас теориялық-сипаттамалық зерттеу, лингвистикалық салыстырмалылық теориясы негізінде әртүрлі тілдердің (халықтардың) лингвомәдени салаларын контрастивті талдау» [7].

Лингвомәдениеттанудың дамуының қазіргі кезеңінде лингвистикалық әдістерге мәдениеттанудың әдістері мен тәсілдерін біріктіруге әрекет жасалуда: жалпы философиялық, идеографиялық (сипаттамалық) – В.Виндельбанд әдісі, интуитивті (М.Шеллер, Н.Хартман), феноменологиялық (Э. Гуссерль), герменевтикалық (Г.Г. Гадамер), құрылымдық және функционалдық талдау (К. Леви-Строс және т. б.).

Осыған байланысты лингвомәдениеттанудың бірнеше әдістерін бөліп көрсетуге болады:

1) Әр түрлі уақытта, әр түрлі лингвомәдени бірліктерді салыстырмалы талдауға негізделген диахрониялық әдіс.

2) Бір уақыттағы қолданыстағы лингвомәдени бірліктерді салыстыратын синхрониялық әдіс.

3) Мәдениет объектісін бөліктерге бөліп, ол бөліктер арасындағы байланыстарды анықтауды қамтитын құрылымдық-функционалдық әдіс.

4) Лингвомәдени фактіні оның пайда болуы, дамуы және болашақ тағдыры тұрғысынан зерттеуге бағытталған тарихи-генетикалық әдіс.

5) Тарихи-мәдени процестің әртүрлі лингвомәдени бірліктерінің типологиялық жақындығын анықтауға арналған типологиялық әдіс.

6) Салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде әр уақыттағы лингвистикалық және мәдени бірліктерді салыстыру және олардың мәнін ашып, талдау жатыр.

Қорыта келе, лингвомәдениеттанудың әдістері бірнешеу. Әр зерттеуші зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қарай лингвомәдениеттанудың оңтайлы әдістерін қолдануға мүмкіндігі бар және бұл ғылымда өзекті болып қала бермек.

Қазіргі этнолингвистикалық зерттеулер

Этнос болмысын оның тілі арқылы зерттеп білу мақсатынан лингвистиканың бір саласы этнолингвистика туындаған. Этнолингвистика терминін алғаш рет Америка ғалымы Бенжамен


Уорф қолданған. Б.Уорф XX ғасырдың 60-жылдарында этнография мен социология ғылымдарының шекарасындағы лингвистиканың жаңа саласын құруға шақырды.

Этнолингвистика – тіл білімі, этнография және әлеуметтану арасындағы шекаралық пән. Тіл білімінің өзіндік зерттеу тақырыбы бар – ол табиғи адам тілі, оның заңдылықтары, құрылымы, формаларының, функциялары мен көріністерінің әртүрлілігі. Этнография пәні – бұл халықтар, этностар, олардың этникалық тарихы, өмір салты, осы халықтардың мәдениетіне тән белгілер, олардың шығу тегі (этногенез). Этнолингвистиканың пәні – этноспен қарым-қатынастағы тіл, қоғамдағы тілдің орны мен рөлі [10:4]. Этнолингвистика – тіл білімінің бір саласы немесе, кеңірек айтсақ, зерттеушіні тіл мен рухани мәдениеттің, тіл мен халықтық менталитеттің, тіл мен халық шығармашылығының, олардың өзара тәуелділігі мен әр түрлі корреспонденцияларының арақатынасы мен байланысын қарастыруға бағыттайтын тіл білімінің саласы.

Қазіргі этнолингвистиканың міндеттерін түсіну үшін Г.Шухардттың «Wörter und Sachen» («Сөздер мен заттар») деген атпен белгілі теориясы өте маңызды. Теория шындық тарихымен тығыз байланысты сөздер тарихын зерттеуге бағытталған. Бұл теориямен итальяндық неолингвист Дж.Бонфанте, В.Пизани, М.Бартоли еңбектері түйіседі. Итальяндық неолингвистердің көзқарасы бойынша, көптеген тілдік өзгерістердің себебі этникалық шатасулар болып табылады. Тілдердің араласулары мен тоғысуларының іздерін кез келген тілден табуға болады. Тілдердің арасында нақты шекаралар жоқ, бір тіл байқаусызда екінші тілге ауысады.

А.И. Грищенко этносты қазіргі лингвистиканың пәні ретінде талдай отырып қазақстандық ғалым М.М. Копыленко туралы былай деп жазады: «казахстанский исследователь М.М. Копыленко, один из авторов немногочисленных пособий по этнолингвистике», выделяет направление лингвистических исследований, которое «... изучает этнос в зеркале языка. В нём нет симбиоза дисциплин, поскольку язык представляется главным и непосредственным предметом анализа; этнология, история, культурология и прочие нелингвистические дисциплины привлекаются как вспомогательные» [8].

Этнолингвистика тілді оның этноспен байланысы тұрғысынан зерттейді:



Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – бұл тек тіл ғана емес, сонымен бірге ұжымдық сана, «әлем бейнесі» белгілі бір этникалық топта қалыптасқан халықтық менталитет, яғни бүкіл халықтық мәдениет, оның барлық түрлері, жанрлары мен формалары – вербалды (лексика және фразеология, паремиология, фольклорлық мәтіндер), акционалды (әдет-ғұрып, салт-дәстүр), менталды (сенімдер).

Этнолингвистиканың мақсаты – әлемнің, дүниетанымның, құндылықтар жүйесінің дәстүрлі (негізінде архаикалық, христиандыққа дейінгі, мифопоэтикалық) бейнесін семантикалық қайта құру.

Қазақстанда этнолингвистиканың негізін салушы академик Ә.Қайдар десек, қателеспейміз. «Қазақ этнолингвистикасы» атты ғылыми еңбегінде ғалым этнолингвистиканың мақсат, міндеттерін белгілеп, зерттеу объектісін анықтап берді. Бұл саланың мақсаты – белгілі бір тілдің өзіне ғана тән мүмкіншіліктері мен байлығын зерттеу. Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – этнос тілі, мақсаты – сол тіл арқылы этностың болмысын танып білу. Ә.Қайдар өзінің аталған еңбегінде екі объектіні – этнос пен тілді – кең және тар

мағынада қолдана беретінімізді айта келіп, өз тарапынан «этнос» орнына «этнос болмысы», «тілдің» орнына «тіл әлемі» деген термин-ұғымды қолдануды ұсына келіп, оның себебін түсіндіреді: **Біріншіден**, біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді: **екіншіден**, этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этнос болмысы – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реалды шындық. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы – бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне өзін көрсететін айна іспеттес.

Академик Ә.Қайдар этнолингвистикаға төмендегідей анықтама береді: «Этнолингвистика – этностың (одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің құнарлы саласы» [9, 475б.].

«Этнос болмысын» айқындай келе, Ә.Қайдар тілді танымның, психологиялық қабылдаудың, әлеуметтік қалыптасудың кілті деп бағалайды. Белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, әдет ғұрпына т.б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттеу керектігін ескерте келе, ғалым халықтың рухани бастауын тілден өрбіте отырып, ғылыми тұжырымдарын пәнаралық сабақтастық нәтижелерімен дәйектеді. Сол себепті ғалым тіл білімін этнографиямен, этимологиямен, диалектологиямен байланыстыра зерттеу қажеттігін атап көрсетті. «Әрбір халық өзін-өзі дана санайды. Бұл – заңды да түсінікті құбылыс. Өйткені, этностың халық болып қалыптасуының өзі дамудың барлық деңгейінен өтіп, санасы өсіп, дүниетанымы кеңейіп, рухани марқаюына, даналар мен білікті-білгірлердің талғам-танымына, ой-өрісін, даналығына тікелей байланысты» деп тұжырымдай келе ғалым «Халық даналығының» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, менталдық қасиетіміз

бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымымызды кеңейте түсу» болып табылатындығын атап көрсетеді [9].

Этнолингвистиканың тіл білімінің өз алдына жеке пән болып қалыптасқанда қойған негізгі мақсаты – тарихи ретроспектива, яғни кез-келген ұлттың фольклорлық дүние суретін қайта өңдеу, күңгірт тұстарының мән мағынасын ашу, мәдениет, салт-дәстүр және ритуал формаларын айқындау болды.

Этнолингвистикалық зерттеулердің маңыздылығы туралы М.М.Копыленко: «Язык любого народа хранит увлекательную повесть многовековых усилий людей познать, осмыслить и подчинить себе окружающих их действительность. Отсюда проистекает важность этнолингвистических исследований, проливающих свет на формирование обозначений конкретных предметов и абстрактных понятий» деген болатын [10, 196.]

Шынында да тілдің барлық деңгейдегі этномәдени ерекшеліктерін есепке алмай оны әрі қарай зерттеу және түсіну мүмкін емес, өйткені тіл халықтың мәдени жадының сабақатастығын қамтамасыз етіп отыратын «ұлттың мәдени шартты белгілер жүйесі (коды)» болып табылады [11].

Этнолингвистикалық зерттеулердің әдістері

Этнолингвистикадағы зерттеудің негізгі түрлеріне өрістік этнография (нем. Feldforschung, ағылш. Fieldwork) жатады. Бұл термин – дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеттің жекелеген құрылымдық компоненттері мен олардың белгілі бір жүйе ретінде жұмыс істеуі туралы бастапқы этнографиялық деректерді жинау мақсатында жүргізілетін өрістік этнографиялық жұмыстарды, зерттеулерді білдіреді. Этнографиялық зерттеулер үшін бірқатар эмпирикалық әдістер қолданылады.

Бақылау

Этнограф-зерттеушінің маңызды міндеті – халықты тікелей, ішінен зерттеу – «ішкі көзқарас».

Экспедициялық зерттеулер

Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде тұрғын үй, киім, ыдыс-аяқ, тамақ туралы және материалдық және рухани мәдениет пен өмірдің көптеген құбылыстары мен аспектілері туралы толық ақпарат жинау үшін халықтарды қысқа мерзімді зерттеу. Зерттеулер екі бөлікке бөлінеді: маршруттық және жергілікті.

Маршруттық. Экспедициялар желі бойынша, яғни материал жинау үшін әрбір елді мекенде аялдамалармен жүргізіледі.

Жергілікті. «База» әдістемесі зерттеудің негізгі мекен-жайы таңдалғанда, ал жақын маңдағы қоныстар мәліметтерді тексеру және нақтылау үшін тексеріледі.

Пікіртерім және сауалнама.

Жалпы жинақтау және олардың негізінде қорытынды жасау, талдау үшін материалды жаппай алу әдістері.

Сұхбат

Сұхбат респонденттердің жасы бойынша ажыратылады: байырғы тұрғындар – олар тарих пен фольклорды зерттеу сәтінде неғұрлым толық біледі (терең сұхбат) және кіші буын.

Этнолингвистикалық зерттеулерде қолдануға болатын әдістер туралы Карлинский А.Е. былай деп жазады: «При этнолингвистических исследованиях можно идти двумя путями: от явлений культуры к языку и, наоборот, от языка к явлениям культуры. В первом случае используются как контактные (опрос информантов, интервью), так и дистантные методы (анкетирование, изучение письменных источников) для исследования явлений культуры определенного этноса в данный отрезок времени (синхрония). Во втором случае необходимые сведения о культуре могут быть получены только через анализ письменных источников (художественная литература, правовые документы, пресса, фольклор, эпические произведения и т.п.).»

Наряду с археологическими данными сведения, почерпнутые из письменных источников, являются одним из основных ключей к познанию культур древних государств и народов (диахрония)». Ғалым этнолингвистикалық зерттеулерде екі түрлі жолмен: мәдени құбылыстан тілге және керісінше, тілден мәдени құбылысқа. Әр жолдың өз әдістері бар.

Тіл саясаты

Тіл саясаты (тілдік жоспарлау) мемлекеттің белгілі бір мемлекеттік немесе әкімшілік аумақта орналасқан қоғамдағы тілдің жұмысына саналы әсерін білдіреді. Тіл саясаты нақты мемлекеттік іс-шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сайып келгенде, тіл саясаты әрқашан мемлекет саясатының көрінісі болып табылады. Тіл саясатындағы қателіктер көбінесе ұлттық және әлеуметтік қатынастардың асқынуына әкеледі.

«Тіл саясаты бір-бірімен тығыз байланысты екі формада көрініс табады. Бұл, біріншіден, ресми және кем дегенде негізгі мемлекеттік ережелерде, реттеуде, заңнамалық актілерде, оны енгізуге және барлық жағынан қолдауға бөлінетін қаржы құралдарында көрініс табатын мемлекеттік тіл саясаты. Екіншіден, адамның тілді үйрену, оны қолдану мәселелеріне қатысты жеке қабылдауы мен мінез-құлқы немесе керісінше, оны саналы түрде қабылдамау, оны үйренуге қарсылық және оның таралуын тежеу. Екіншісі жасырын тіл саясатына қатысты. Осыдан, тілдің екі функциясы, тіл саясатының осы және басқа гипостазында кездеседі: тілдер әрқашан бір жағынан қарым-қатынас және интеграция құралы болса, екінші жағынан ылғи шектеу және құралы болған және болып қала береді» [14:22].

Қандай да бір мемлекеттегі, қоғамдағы кез келген тіл саясаты түптеп келгенде мынадай негізгі бағыттарға келіп тіреледі:

- 1) Ресми мемлекеттік тілдің ережесін таңдау және айқындау;
- 2) басқа тілдердің мемлекеттік тілге қатысты жағдайын анықтау; мемлекеттік және жергілікті тілдердің қызмет етуінің тілдік жай-күйінің салалары мен типтерін айқындау;
- 3) ресми тіл нормаларын кодификациялау, қалыпқа келтіру және жетілдіру;
- 4) әліпбиді әзірлеу, сауатсыздықты жою.

Мемлекеттік тілді таңдау критерийлері [12]:

1) Халықтың автохтондығы. Бұл халық қоғамдық пікірде басқалармен салыстырғанда автохтонды, байырғы, жергілікті, осы аумақта өмір сүруімен, танылады және бекітіледі. Дәл осы белгі посткеңестік кеңістіктегі көптеген республикаларда мемлекеттік тілді таңдауда негізгі өлшем ретінде жиі ұсынылады.

2) Осы аумақта сөйлеушілердің тұратын жерінің ықшамдылығын ескере отырып, ана тілінде сөйлейтіндердің санын ескеру. Көпшілік тілі мемлекеттік тіл ретінде таңдап алынуы мүмкін.

3) Тілдің беделі. Бұл мемлекеттік тілді таңдаудың маңызды факторы, мұндай тіл ретінде халықтың әлеуметтік беделді басым (кішкентай болса да) тобының әдеби тілі таңдалуы мүмкін.

4) Тілдің бейтараптығы. Көптеген мемлекеттер көптілді. Мұндай елдерде бейтарап тіл ресми тіл ретінде жиі таңдалады, ал бір немесе екі тіл ресми деп жарияланады. Үндістанда ағылшын тілі бейтарап ретінде әрекет етеді, өйткені Үндістанның барлық халықтарының тілдері оған қатысты тең дәрежеде.

5) Интеллигенцияның, мәдени дәстүрлердің жеткілікті қабатының болуы. Мемлекеттік тілді таңдауда және орнатуда бұл фактордың да маңызы зор.

Сонымен, белгілі бір тіл өзінің даму деңгейі бойынша жалпыұлттық мемлекеттік тіл бола ала ма, ол түрлі коммуникативтік функцияларды орындай ала ма, дипломатия, публицистика, радио, теледидар, іскерлік қарым-қатынас, ғылым, техника тілі бола ала ма деген мәселе де айтарлықтай маңызды болып табылады. Атап айтқанда, радио және теледидар бағдарламаларын құру және ұйымдастыру қазіргі уақытта өте дамыған арнайы терминологиясы, синтаксисі және стилистикалық құралдар жүйесі бар тілді қажет етеді [10:105].

«Қазақстанның тіл саясаты бүгінде көпвекторлы сипатқа ие. Бұл басқа факторлармен қатар оның Қазақстан халқының тілдерін ғана емес, кез келген басқа да шет тілдерін еркін оқып-үйренуге бағытталғандығынан көрінеді. Өз сөздерінде Елбасы шет тілдерін үйрену қажеттілігін бірнеше рет атап өтті. Тіпті тілдердің «үштұғырлығы» деген жаңа ұғым пайда болды, ол мектептің әрбір түлегі мен мемлекеттің кез келген жас азаматы кем дегенде үш тілді болуы тиіс деп болжайды. Нарықтық экономика шет тілдерін білуді талап етеді» [14:23].

Елдегі тілдік жағдайды эмпирикалық зерттеу үшін жоғарыда аталған сауалнама әдістері, тікелей және жанама сауалнамалар, сұхбаттар, эксперименттер белсенді қолданылады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігі неде? Лингвомәдениеттанудың негізгі міндеттері қандай?
2. Лингвомәдениеттанудың негізгі әдістері қандай, мысалдар келтіріңіз.
3. Этнолингвистика нені зерттейді? Оның басқа гуманитарлық пәндермен байланысын көрсетіңіз?
4. Тілді мемлекеттік тіл ретінде таңдаудың қандай өлшемдері бар?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Қазақстандағы лингвомәдениеттану және этнолингвистика ғылымдарының жағдайы туралы аналитикалық жазба дайындаңыз. Библиографияны тіркеңіз.

2. «Тіл саясаты және оның мемлекет пен қоғамның дамуындағы рөлі» тақырыбына ғылыми реферат дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Воробьев В. В. Лингвокультурология: Монография. – М.: РУДН, 2008. – 336 с.

2. Красных В. В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: Курс лекций. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2002. – 284 с.

3. Алефиренко Н. Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка: учеб. пособие / Н. Ф. Алефиренко: Флинта: Наука, Москва, 2010. – 224 с.

4. Телия В. Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры. – 1996. – 288 с.

5. Маслова В. А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия». – 2001. – 208 с.

6. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М., – 1993.

7. Лемов А. В. Система, структура и функционирование научного термина (на материале русской лингвистической терминологии). – Саранск: Изд-во Мордовского университета. – 2000. – 192 с.

8. А.И. Грищенко Этнос в зеркале языка как предмет современной этнолингвистики.- grishchenko.ru/files/ethnos.doc

9. Ә.Қайдар. Қазақ этнолингвистикасы: Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, Ана тілі. – 1998. – Б.475-476.

10. М.М.Копыленко. Основы этнолингвистики. – Алматы, «Ақыл кітабы», 1997. – 178 с.

11. Герд А.С. Введение в этнолингвистику: Учеб. пособие. - СПб, 1995.

12. Новое в лингвистике. Вып. 23: Когнитивные аспекты языка. – М., – 1988;

13. Толстые Н. И. и С. М. Принципы, задачи и возможности составления этнолингвистического словаря славянских древностей //

Славянское языкознание. IX Международный съезд славистов. Докл. сов. делегации. – М., – 1983.

14. Алпатов В. М. 150 языков и политика. – М.. – 1997.

15. Ухина Ю.Л. Лексемы с метафорическим значением неопределенного количества в русском и английском языках// Русская и сопоставительная филология: Исследования молодых ученых.- Казань: Казан. гос. ун-т, – 2004. – С.141-147.

15. Тер-Минасова. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000. – С.16-18, – С. 24-25.

16. Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А. Язык и этнос. – Астана: Сарыарка, – 2008. – 230 с.

17. Кайдар А.Тысяча метких и образных выражений // Казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями. – Астана: ТОО «Білге», –2003

18. Ахметжанова З.К. и др. Культура в зеркале языка: Монография. – Алматы: Изд-во Елтаным. – 2014. – 480 с.

19. Ахметжанова З.К., Ерназарова З.Ш. Казахская лингвокультурология: язык, человек, этнос: Монография. – Алматы: Изд-во «Елтаным баспасы». – 2016. – 288 с.

20. Кенжетаева Г.К. Көру етістіктерінің танымдық сипаты: Монография. Павлодар: ПМПУ. – 2018. – 178б.

21. Карлинский А. Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им.Абылай хана. – 2003. – 184 с.

22. Бижкенова А.Е. Современная политика развития языков в Казахстане и мире \\\ Сб.мат.1-го межд.науч.симп. „Интегративные функции современной компаративистики”. – Астана: ЕНУ им. Гумилева. – 2013. – С.167-172

Дәріс 13. Лингвистикалық гендерология және оны зерттеу

Мақсаты: білім алушыларды лингвистикалық гендерология аясында «гендер» ұғымымен таныстыру

Жоспары:

1. Гендерлік лингвистиканың пайда болуы
2. Гендер лингвистикалық зерттеулер тұрғысынан
3. Лингвистикадағы гендерлік зерттеулердің бағыттары

«Гендер» ұғымы қазіргі лингвистикаға жақында – өткен ғасырдың екінші жартысында енген. XX ғасырдың 60-жылдарының соңында, 70-жылдардың басында АҚШ-та дүниеге келген тілдегі гендерлік зерттеулер, Германияда күшті серпін алды, нәтижесінде тіл білімінде феминистік лингвистика немесе феминистік тіл сыны деп аталатын ерекше бағыт пайда болды. Бағыттың басты мақсаты – қоғамдық және мәдени өмірде ерлердің үстемдігін әшкерелеу. Оған түрткі болған Р.Лакоффтың «Тіл және әйелдің орны» (1973) атты жұмысы. Оның жалғасы С.Тремел-Плетцтің «Linguistik und Frauensprache» (1982) және Л. Пуштың «Das Deutsche als Männersprache» (1979) еңбектерінен көрініс тапты.

Адамның жынысы – бұл адамның әлеуметтік, мәдени және танымдық бағдарын, оның ішінде тілдің көмегімен анықтайтын экзистенциялық және әлеуметтік маңызды сипаттамаларының бірі. Гендерлік көзқарас тілдің антропоцентрлік жүйесін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге адам өмірінің негізі ретінде еркектік пен әйелдікке байланысты оның ішкі жүйелерінің мүмкіндіктері мен шекараларын зерттеуге мүмкіндік береді. Гендерлік релятивизация принципіне негізделген, яғни биодетерминизм мен гендерді әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қалыптасқан құбылыс ретінде түсіндіруден бас тарту [1:26].

Ресейде гендерлік мәселелер бойынша зерттеулердің басталуы XX ғасырдың шамамен 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басынан басталады. Ресейдегі гендерлік зерттеулердің басталуы мен дамуы Н.М. Римашевскаяның есімімен тығыз байланысты. Ресейде Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті негізінде Мәскеу гендерлік лингвистика мектебі қалыптасты деп есептеледі. Аталмыш мектеп әжептеуір жетістіктерге жетті деуге болады. Осы жетістіктер ретінде келесілерді атап кетуге болады: әр түрлі тілдер мен мәдениеттердің андроцентризмнің тең емес дәрежесі туралы постулат тұжырымдалған, яғни гендерлік және метагендерлік деңгейлердің әр түрлі қатынасы теориялық негізделген және этникалық көріністердің гендерлік компоненттерінің болуы эксперименталды түрде расталған.

Ал Қазақстанда лингвистикалық гендерология тұрақты ғылыми бағыт ретінде қалыптасты деп айтуға болмайды, өйткені Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ғалымдарының және т.б. ғалымдардың аздаған тіл және ерлер мен әйелдердің сөйлеу ерекшеліктерін сипаттауға арналған кейбір

зерттеулері ғана бар. Бірақ та олар көбінесе жеке авторлардың шығармаларындағы гендерлік белгілерді немесе гендерлік мінез-құлықтың салыстырмалы аспектісіндегі айырмашылықтарын зерттеуге арналған. Ал, гендерлік білім берудің дамыған тұжырымдамасы жоқ [2].

И. Б. Санжижапова гендерлік лингвистикада социолингвистикалық және лингвомәдениеттанулық екі бағыт ерекшеленеді деп атап көрсетеді [3:95]. Бұл талдаудың екі жеке, тәуелсіз саласы – біріншісі ерлер мен әйелдердің коммуникативті мінез-құлықын және оны анықтайтын факторларды зерттейді, екіншісі «әйелдік» және «еркектік» мәдени ұғымдарының лингвистикалық көрінісімен байланысты. Соңғысын зерттеу қандай лингвистикалық механизмдердің көмегімен гендерлік стереотиптерді басқаруға болатындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, тіл біліміндегі гендер мәселелерін зерттеу проблемалардың екі тобына қатысты [4].

1. Тіл және ондағы жыныстық көрініс. Бұл тәсілдің мақсаты әр түрлі жыныстағы адамдардың тілде қалай көрінетінін сипаттау және түсіндіру (ең алдымен номинативті жүйе, лексика, синтаксис, жыныс категориясы және т.б. зерттеледі), ерлер мен әйелдерге қандай бағалаулар жатады және олар қандай семантикалық салаларда көбірек байқалады / айқын көрінеді.

2. Ерлер мен әйелдердің сөйлеуінде және жалпы коммуникативті мінез-құлықта типтік стратегиялар мен тактикалар, лексика бірліктерін гендерлік-нақты таңдау, қарым-қатынаста жетістікке жету жолдары, лексиканы, синтаксистік құрылымдарды таңдаудағы артықшылықтар және т.б. ерекшелікте, яғни ер адамдар мен әйел адамдардың сөйлеу ерекшелігі.

Дж. Лакоффтың пікірінше дәстүрлі ғылыми-философиялық көзқарастардың едәуірінен бас тарту керек, мысалы:

- шындық пен анықтамаға негізделген; ол әлемдегі рәміздер мен заттар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты мағына;
- биологиялық түрлер бұл жалпы маңызды қасиеттермен анықталған табиғи ұрпақ;
- ойлау денеден бөлек және оған тәуелсіз;
- эмоциялардың тұжырымдамалық мазмұны жоқ;
- грамматика – таза форманың өрнегі;
- ақыл трансцедентті, бұл тұрғыда ол адамға тән ойлау тәсілінен асып түседі;

- әлемге шынайы көзқарас бар (Құдайға тән) - бұл объективті шындықтың не екенін түсінудің адам танымына қатысты жалғыз, сыртқы тәсілі;

- ойлау процесінде барлық адамдар бірдей тұжырымдамалық сұлба қолданады [5: 148].


Бұл постулаттар «категория ұғымын классикалық интерпретациямен байланысты. Одан бас тарту басқа тұжырымдамалардан бас тартуға әкеледі. Оларды тек дәл ғана емес, сонымен бірге адамгершілік көріністермен алмастыру керек» [сонда:149]. Барлық тіл мамандары бұл радикалды көзқарасты толығымен бөліспесе де [мысалы, Вежбицкая 1996], постмодерндік көзқарас тіл білімінде кеңінен қолданылады.

Осылайша, адамның сана-сезімінің өз тілінің стереотиптеріне тәуелділігі дәлелденді. Әркімнің санасында адамның шындыққа және оның мінез-құлқына қатынасын анықтайтын және дискурсивті тәжірибемен делдал болатын мәтіндердің белгілі бір жиынтығы бар деп болжанады. Нәтижесінде тілге ерекше мән беріледі, ал лингвистика орталық ғылымдардың біріне айналады, өйткені адамның сана-сезімі мәтінге ұқсайды: адам субъект ретінде «мәдени дәстүрдің ұлы интермәтінің құрайтын сана мәтіндерімен сіңісіп кетеді» [7:225].

Тілдің басымдығына сүйене отырып, шетелдік лингвистикада гендерологиялық бағыт қалыптасты, ол бір жағынан тілде бекітілген әйелдік және еркектік стереотиптерді, сондай-ақ гендерлік асимметрияны, екінші жағынан ерлер мен әйелдердің сөйлеу мінез-құлқының ерекшеліктерін қарастырды.

Сонымен қатар, ғалымдар гендерлік стереотиптерді зерттеу зерттеушіге белгілі бір қауіп төндіреді деп ескертеді. Гендерлік стереотип динамикалық сипатқа ие екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Тіл мен сана дамуының белгілі бір дәуіріне тән нәрсе басқа дәуір үшін өзектілігін жоғалтуға бейім. Бұл туралы дауласудың қажеті жоқ, өйткені гендер, біздің ойымызша, априорлы және статикалық құбылыс емес, адамның әлеуметтік және мәдени дамуымен тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта гендерлік зерттеулердің ішінде авторлардың идеологиялық көзқарастарымен және гендерлік зерттеулердің тарихи дамуымен байланысты бірқатар тұжырымдамалық бағыттар бар. Тарихи тұрғыдан алғанда, гендерлік зерттеудің қалыптасуының үш кезеңі бар [8]:



А. А. Клецин дұрыс атап өткендей [9:7], қазіргі уақытта зерттеулер барлық үш бағытта жүргізілуде, бұл «бір жағынан, жеке ғылыми пәндер бойынша гендерлік дамудың гетерохронизмімен, екінші жағынан, зерттеу мүдделері мен басымдықтарының аймақтық ерекшеліктерімен, үшінші жағынан, белгілі бір зерттеушілердің теориялау және метатеориялаудың қайсі бір моделіне адалдығымен байланысты. Гуманитарлық ғылымдардағы гендерлік зерттеулер өрісінің әлсіз құрылымына назар аудара отырып, А. А. Клецин қазіргі заманғы гендерлік зерттеулердің үш бағытын ажыратуды ұсынады: 1) гендер социологиялық талдау құралы ретінде; 2) гендерді әйелдерді зерттеудің құралы ретінде түсіну; 3) гендер мәдени түсінік, интерпретация ретінде [ср.: 9]

Соңғы жылдардағы лингвомәдени зерттеулер лингвистиканы гендер менталдылықты, этномәдени ерекшеліктерді кеңінен зерттеу мақсатында қызығушылық танытатынын көрсетеді.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Тіл білімінде «гендер» термині нені білдіреді? Оның тарихы қандай?
2. Гендерлік «бояуға» бейім лингвистикалық категорияларды атаңыз.
3. Лингвистикалық ғылымда гендерді қай тұрғыдан зерттеу жақсы?
4. Отандық және шетелдік гендерлік зерттеулерде қандай бағыттар белгіленді?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Отандық және шетелдік гендерлік лингвистиканың пайда болу тарихын зерттеңіз. Хабарлама дайындаңыз.
2. Лингвистикалық гендерология тақырыбына бір немесе бірнеше авторлық жарияланымдардың аннотациясын жасаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Кирилина А. В. Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах//Гендер и язык. – М., – 2005. – С.7-30
2. Токтарова Т.Ж. Гендерные исследования в современном казахстанском обществе. – file:///C:/Users/ww/Downloads/gendernye-issledovaniya-v-sovremennom-kazahstanskom-obschestve%20(1).pdf
3. Санжижапова И.Б. Специфика гендерных стереотипов в монгольских языках // Вестник Бурятского государственного университета.-Выпуск №8/2011. – С.95-98
4. Кронгауз М. А. Sexus, или Проблема пола в русском языке // Русистика. Славистика. Индоевропеистика. М., – 1996. – С. 510-525.
5. Лакофф Дж. Когнитивная семантика (из книги “Женщины, огонь и опасные предметы”)// Язык и интеллект. – М., –1996. – С. 143-184.
6. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М., – 1999
7. Ильин И.П. Постструктурализм. Деконструктивизм. Постмодернизм. – М., – 1996
8. Кандиоти Д. Эволюция гендерных исследований. Обзор // Женщины и социальная политика (гендерный аспект). – М., ИСЭПН, – 1992. – С. 156-163.

9. Клецин А.А. Предисловие редактора // Гендерные тетради. Выпуск 1.- СПб, – 1997. – С.5-11.

10. Бижкенова А.Е. Гендерно-лингвистические аспекты антропонимов \\\ Лингвистическое наследие и тренды нового времени: язык, литература, культура. Мат.межд.научного форума.- Алматы:Казак университеті, – 2015. –С.57-61

Дәріс 14. Компьютерлік лингвистика. Зерттеу әдістемесі

Мақсаты: компьютерлік лингвистиканың заманауи бағыттары мен мүмкіндіктеріне шолу

Жоспары:

1. Компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыттары
2. Компьютерлік лингвистика әдістемесі

Компьютерлік лингвистика фонетикадан бастап прагматикаға дейін, сөйлесе алудан сөйлемді тануға дейін, ауызша (таңбалы) пікірлерден оның жазбаша түріне дейін тіл мен компьютер арасындағы қарым-қатынасты барлық қырынан қарастырады.

Компьютерлік фонетика және фонология сөйлеуді өңдеумен айналысады. Оның басты мақсаты – ауызша сөйлемдерді түсінікті етіп мәтінге айналдыру және мәтіннен дұрыс ауызша сөйлем құрылуын қамтамасыз ету.

Компьютерлік лингвистика (сонымен қатар: математикалық немесе есептеу лингвистикасы, ағылшын. computational linguistics) – жасанды интеллект жүйелерін құру кезінде адам мен жануарлардағы зияткерлік процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу саласындағы ғылыми бағыт, ол табиғи тілдерді сипаттау үшін математикалық модельдерді пайдалануды мақсат етеді.

Компьютерлік морфология, компьютерлік синтаксис, компьютерлік семантика және компьютерлік прагматика салалары лингвистикалық өңдеудің жоғары деңгейлерімен айналысады.

Компьютерлік лингвистика ішінара табиғи тілдерді өңдеумен қиылысады. Алайда, соңғысы компьютерлік жүйелер үшін тілді сипаттау мен өңдеудің қолданбалы әдістеріне баса назар аударады.

Шетелдік әзірлемелерге (разработки) келетін болсақ, деректердің үлкен көлемін компьютерлік өңдеудің технологиялары белсенді дамып келе жатыр (мысалы, әртүрлі стильдегі, жанрдағы,

тақырыптағы мәтіндер), бұл деректердің қол жетімділігі компьютерлік түрде әртүрлі статистикалық эксперименттер жүргізуге, лингвистикалық тапсырмаларға машиналық оқыту әдістерін қолдануға жағдай туғызғанын атап өткен жөн. Мұндай «статистикалық» бағыт салыстырмалы түрде қарапайым математикалық әдістермен тез және жеткілікті жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, дамудың белгілі бір шегіне жетті. Қолданыстағы әдістер мен технологиялар мәтінді өңдеу мен талдаудың әртүрлі мәселелерін тез шешу үшін әмбебап математикалық модельдерді қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, компьютерлік лингвистика дамуының қазіргі кезеңінде машиналық оқытудың жаңа, одан да күрделі және интеллектуалды әдістерін іздеумен қатар, зерттеушілер күрделі тілдік фактілер моделіне, жоғары деңгейлі лингвистикалық мәселелерді шешуді қолға алды.

Компьютерлік лингвисттердің қызмет саласы – тілдік ақпаратты өңдеуге арналған алгоритмдер мен қолданбалы бағдарламаларды әзірлеу.

Компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыттары ретінде келесі бағыттарды атап өтуге болады:

- 1) машиналық аударма саласындағы заманауи тенденциялар
- 2) терең аннотацияланған лингвистикалық ресурстарды құру
- 3) компьютерлік лексикография
- 4) автоматты морфологиялық және синтаксистік талдау
- 5) дискурс деңгейіндегі автоматты талдау
- 6) тоналдылықты талдау және пікір шығару (1)

Компьютерлік лингвистика құралдары

Компьютерлік лингвистика арнайы қолданбалы пән ретінде, ең алдымен, тілдік деректерді өңдеудің компьютерлік құралдарын қолдануымен ерекшеленеді. Тілдің белгілі бір аспектілерін модельдейтін компьютерлік бағдарламалар әртүрлі бағдарламалау құралдарын қолдана алатындықтан, компьютерлік лингвистиканың жалпы тұжырымдамалық аппараты туралы айтудың қажеті жоқ сияқты. Алайда, олай емес. Компьютерлік ойлауды модельдеудің жалпы принциптері бар, олар кез-келген компьютерлік модельде жүзеге асырылады. Олар бастапқыда жасанды интеллект саласында дамыған және кейіннен когнитивтік ғылымның бір бөлігіне айналған білім теориясына негізделген. Компьютерлік лингвистиканың ең маңызды тұжырымдамалық категориялары – бұл «фреймдер»

(тұжырымдамалық немесе әдетте қолданатын, тақырыптық бірыңғай жағдай туралы білімді декларативті түрде көрсетуге арналған тұжырымдамалық құрылымдар), «сценарийлер» (стереотиптік жағдай немесе стереотиптік мінез-құлық туралы білімді процедуралық түрде көрсетуге арналған тұжырымдамалық құрылымдар), «жоспарлар» (белгілі бір мақсатқа жетуге әкелетін мүмкін болатын әрекеттер туралы идеяларды белгілейтін білім құрылымдары). «Сахна» ұғымы фрейм категориясымен тығыз байланысты. Сахна категориясы негізінен компьютерлік лингвистика әдебиетінде сөйлеу актісінде және тілдік құралдармен (лексемалар, синтаксистік құрылымдар, грамматикалық категориялар және т.б.) анықталған жағдайларды және олардың бөліктерін декларативті түрде ұсыну үшін концептуалды құрылымды белгілеу ретінде қолданылады.

Машиналық аударма саласындағы заманауи тенденциялар

Соңғы кезде автоматты аудармаға деген қажеттілік қатты өсуде, соған сәйкес зерттеушілердің компьютерлік лингвистиканың осы саласына деген қызығушылықтары артты. Бұл көптілді интернет-ортаның белсенді дамуына байланысты. Бір жағынан, желідегі құжаттар ағылшын тілінде емес, басқа тілдерде ұсынылуда, әр түрлі тілдерде қызметтің әртүрлі салаларында білімді интеграциялау қажеттілігі артып келеді. Екінші жағынан, желіде бірден екі немесе одан да көп тілде ұсынылған мәтіндердің саны да күннен-күнге артып келеді.

Көптеген параллель мәтіндерден алынған ақпарат аудармада сараптамалық бағалар мен ережелерге емес, статистикалық ақпаратқа сүйенуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайлар машиналық аударма саласындағы тілге тәуелсіз тәсілдердің дамуына әкелді, сонымен қатар машиналық аудармаға оқыту әдістерін белсенді қолдануға серпін берді. Сонымен қатар, желіде параллель мәтіндердің көп болуы, сондай-ақ лексикалық бірліктердің жоғары «ұтқырлығы» – айналымға жаңа терминологияны белсенді енгізу, қазіргі реалитеттер контекстінде сөздердің мағынасын өзгерту – көптілді сөздіктерді автоматты түрде құруға мүмкіндік берді және ол қажеттіктен туды.

Көптілді терминдер мен көп сөзді терминдер сөздіктерін құру технологиясы бұрыннан бері дамып келе жатыр. Алайда, бір лексема бүкіл фразаға сәйкес келетін жағдайда аударылған баламаларды табу міндеті статистикалық әдістер үшін айтарлықтай қиындық тудырады.

Морфологиялық тұрғыдан күрделі сөздердің аударма баламаларын табу одан да қиын міндет. Франциядан зерттеушілер тобының баяндамасы бастапқы тілдегі күрделі сөздер мен мақсатты тілдегі сөз тіркестерінің арасындағы баламалықты табу әдістеріне арналды [Delpech et al. 2012].

Машиналық аудармада гибридті тәсілдерді дамыту

Гибридті тәсілді қолданудың бір саласы кейбір тар мамандандырылған саладағы аударма. Машиналық аударма жүйелеріндегі статистикалық модельдер параллель мәтіндердің мәліметтеріне негізделгендіктен, мұндай жүйелердің сапасы қол жетімді мәтін корпусының көлемі мен ерекшелігіне байланысты болады. Мәтін корпусының көлемі тар аудандарда мұндай параллель корпустар әрдайым қол жетімді емес, нәтижесінде мәліметтердің сирек кездесетін проблемасы туындайды: лексемалардың кейбір тізбектері, әсіресе нақты терминологиялық тіркестер, аудармалы эквиваленттерді сенімді түрде сәйкестендіру үшін корпуста өте сирек кездеседі.

Статистикалық машиналық аударма үшін мысалы, артикльдер, қосымшалар сияқты қызметтік сөздер (функционалды сөздер) жағдайында аударма баламаларын анықтау жеке мәселе болып табылады, әсіресе көп құрылымды тілдер үшін. Біріншіден, сөйлемдегі қызметтік сөздердің позициясы сәйкес келмеуі мүмкін. Екіншіден, мұндай сөздердің басқа тілде аударма сәйкестігі болмауы мүмкін.

Терең аннотацияланған лингвистикалық ресурстарды құру

Мәтінді автоматты өңдеу жүйелерінде машиналық оқыту әдістерін белсенді пайдалану, осы әдістерді үнемі жетілдіру жаңа лингвистикалық ресурстарды әзірлеуге және құруға ынталандыру болып табылады. Айта кету керек, негізгі тенденциялардың бірі – жоғары тілдік деңгейлердің аннотацияларын жасау, мысалы, анафориялық белгілеу, дискурсивті таңбалау және т. б.

Осы салада белсенді дамып келе жатқан бағыттарды еске сала кету қажет:

- Қолданыстағы корпустарды дамыту және жетілдіру, әсіресе синтаксистік аннотация саласында;

- Белгілі бір белгілеу түрлерімен корпустар құру, мысалы, жергілікті қатынастарды белгілеу, уақытша сілтемелер (бұл белгілеу түрлері мәтіннен ақпаратты алу жүйелерін жасау кезінде маңызды)

- Корпусты белгілеу үшін арнайы интерфейстерді және қателерді тексеру әдістерін жасау.

Компьютерлік лексикография

Осы саладағы зерттеудің негізгі бағыттарының бірі – таңбалауыштар арасындағы семантикалық қатынастарды автоматты түрде алудың статистикалық әдістері. Лексикографиядағы статистикалық тәсіл екі немесе одан да көп сөздердің семантикалық байланысы олардың бірлескен қолдану жиілігінде көрінеді деген пікірге негізделген. Тапсырмаға байланысты мәтіндегі қандай сөздер қарастырылатынына, лексемалар арасындағы семантикалық қатынастарды анықтау үшін немесе лексеманың контекстегі нақты мағынасын анықтау үшін қандай статистикалық әдістер қолданылатынына, сондай-ақ семантикалық талдау үшін қандай қосымша көздер тартылатынына шектеулер өзгеруі мүмкін.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Компьютерлік лингвистиканы лингвистикалық зерттеулердің жеке бағытына бөлудің мақсаты қандай?

2. Бұл бағыттың тілдік құбылыстарды зерттеуде өзіндік тетіктері бар ма? Бар болса оларды сипаттаңыз.

3. Компьютерлік лингвистика қандай мәселелерді зерттейді және оның кемшіліктері қандай?

Білім алушылардың өздік жұмысына арналған тапсырмалар:

1. Компьютерлік сайттардың біреуін тандап, проблемалық мәселелерді бөліп көрсете отырып, материалды лингвистикалық талдауға тырысыңыз.

2. «Виртуалды форум тілі» тақырыбына хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. P.J.Hancock, Natural Language Processing, modul SEM1A5, School of Computer Science University of Birmingham. – 1995/96.

2. Jyunichi Tsujii, History of Natural Language Processing, Monthly Issue “Language & Computer”, – Tokyo. – 2000.

3. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

4. www.prompt.ru

5. Чеповский А., «Неразрешимая проблема компьютерной лингвистики», \ «Компьютера» №30 от 02 августа 2002 года – Москва.

6. Баранов А.Н., «Введение в прикладную лингвистику», ЛКИ. – Москва. – 2007 год.

7. Макото Нагао (1984). Структура механического перевода между японским и английским языках по принципу аналогии.

8. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым, Халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018 жыл – 608 бет

Дәріс 15. Лингвоясаясаттану. Саяси дискурсты зерттеу

Мақсаты: тыңдаушыларды саяси дискурсты зерттеудің тиімді тактикаларымен таныстыру

Жоспары:

1. Саясаттану мен лингвистикалық цикл ғылымдарының байланысы

2. Саяси дискурстың тиімділігі

3. Саяси дискурста көзқарасты қорғау

Саяси лингвистика басқа лингвистикалық бағыттармен – тіл мен қоғамның өзара әрекеттесу мәселелерімен айналысатын социолингвистикамен, функционалды стилистикамен, әсіресе журналистік стильді зерттеумен, классикалық және заманауи риторикамен, когнитивті лингвистикамен және мәтін лингвистикасымен тығыз байланысты. Саяси лингвистикаға қазіргі тіл білімінің көп пәнді (әртүрлі ғылымдардың әдіснамаларын қолдану), антропоцентризм (адам, тілдік тұлға тілдік құбылыстарды зерттеудің тірек нүктесіне айналады), экспансионизм (лингвистикалық зерттеулер саласын кеңейту тенденциясы), функционализм (тілді іс-әрекетте, дискурста зерттеу, өз функцияларын жүзеге асыру кезінде) және экспланаторлық (фактілерді сипаттауға ғана емес, оларға түсінік беруге де ұмтылу) сияқты белгілер тән. Саяси лингвистика жеке, әлеуметтік және ұлттық

сананы зерттейтін ғылымдармен, әлеуметтік психологиямен тығыз байланысты [1].

Саяси лингвистиканың зерттеу пәні – саяси коммуникация, яғни белгілі бір идеяларды насихаттауға, ел азаматтарына эмоционалды әсер етуге және оларды саяси іс-әрекетке итермелеуге, қоғамдық келісімді қалыптастыруға, қоғамдағы көзқарастардың көптігі жағдайында әлеуметтік-саяси шешімдерді қабылдауға және негіздеуге бағытталған сөйлеу қызметі. Анда-санда газет оқитын, радио немесе теледидар қосатын, интернет желісінде немесе әлеуметтік желілерде отыратын әр адам саяси коммуникацияның адресатына айналады. Бұл адам сайлауға барғанда, ол саяси өмірге қатысады және оны саяси коммуникация субъектілерінің ықпалы арқылы жасайды. Бұл тәсілмен саяси лингвистиканың мүдделері саласына саяси ақпаратты беру ғана емес, сонымен бірге коммуникативті іс-әрекет процесінде саяси шындықты қабылдау мен бағалаумен байланысты барлық нәрсе жатады. Саяси коммуникацияның негізгі функциясы – коммуникативтік қызметті пайдалану негізінде саяси билік үшін күрес: саяси коммуникация биліктің бөлінуіне (сайлау, тағайындау, қоғамдық пікір қалыптастыру және т.б.) және оны пайдалануға (заңдар қабылдау, жарлықтар, қаулылар шығару және т. б.) тікелей немесе жанама әсер етуге арналған. Саяси коммуникация қазіргі саяси шындықты көрсетеді, онымен бірге өзгереді және оны өзгертуге қатысады.

Саяси лингвистиканың негізгі мақсаты – саяси қызметтің оңтайлы стратегиялары мен тактикаларын жасауға жағдай жасайтын тіл, ойлау, қарым-қатынас, саяси қызмет субъектілері мен қоғамның саяси жағдайы арасындағы әртүрлі қатынастарды зерттеу. Саяси коммуникация биліктің таралуы мен қолданылуына әсер етеді, өйткені ол саяси шешімдер қабылдайтын адамдардың (сайлаушылар, депутаттар, шенеуніктер және т.б.) санасына әсер ету құралы ретінде қызмет етеді.

Саяси қарым-қатынас ақпаратты жеткізіп қана қоймай, адресатқа эмоционалды әсер етеді, адамның санасында бар әлемнің саяси бейнесін өзгертеді.

Заманауи саяси лингвистика саяси коммуникацияның жалпы мәселелерімен белсенді айналысады (оның басқа салалардағы коммуникациядан айырмашылықтарын талдайды), саяси сөйлеу жанрларының мәселелерін (ұран, парақша, бағдарлама, газет

мақаласы, митингідегі сөз сөйлеу, парламенттік полемика және т.б.) және саяси мәтіндердің жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттейді.

Саяси лингвистиканың маңызды бағыттарының қатарына сонымен қатар тиісті тіл мен ұлттық мәдениет шеңберіндегі жекелеген саяси тұжырымдамаларды қарастыру, басқа мемлекеттердің азаматтарының белгілі бір мемлекеттің саяси болмысын түсіну мәселелеріне жүгіну, әртүрлі елдердегі және қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі саяси коммуникацияны салыстырмалы зерттеу жатады.

Қазіргі саяси лингвистиканың маңызды постулаты – саяси мәтіндерді зерттеудің дискурсивті тәсілі. Бұл әрбір нақты мәтін ол құрылған саяси жағдай тұрғысынан, оның басқа мәтіндермен қарым-қатынасында, автордың мақсатты көзқарастарын, саяси көзқарастары мен жеке қасиеттерін, әр түрлі адамдардың осы мәтінді қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылатындығын білдіреді.

Саяси дискурста ашық немесе жасырын түрде берілген бағаларды, мысалы, келесі сөз тіркестерін талдау арқылы анықтауға болады (салыст. [Schrotta, Visotschnig 1982: 126]):

- әрекет етуге мәлімдеме және нұсқаулар,
- сұрақтар түрінде берілген жасырын мәлімдемелер,
- таңдалған сұрақтарға жауаптар (осы дискурс қандай сұрақтарға жауап беретінін және қайсысы жауапсыз қалдыратынын анықтау);
- мәселелерді түсіндіру және сипаттау,
- қоғам алдында тұрған мәселелерді «конструктивті» түрде шешудің сипаттамасы: позитивті терминдермен («біз мынаны мынаны және мынаны мынаны жасауымыз керек») жұмыс жасау,
- немесе теріс терминдермен («бұл бізге сәйкес келмейді», «осылай өмір сүруге болмайды») жұмыс жасау,
- авторға жаңашыл болып көрінетін идеялардың тұжырымдары,
- жалпы шындықты білдіретін мәлімдемелер: ойлау нәтижесі ретінде, сөзсіз «Құдайдан» (God ' s truth) берілген немесе осы шындықтың себептерін анықтайтын тақырып ретінде;
- билік өкілдеріне қойылатын сұраулар мен талаптар,
- қандай да бір шешімге ықпал етуге шақыру және көмек ұсыну және т. б.

Саяси дискурстың тиімділігі

Саяси дискурстың қоғамдық мақсаты – адресаттарға – қоғамдастық азаматтарына «саяси тұрғыдан дұрыс» іс-қимыл немесе

